

Б. Әшімова, Ү. Досболатова, Ш. Аманқұлова

# ДҮНИЕЖУЗІ ТАРИХЫ

---

## ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

---

Жалпы білім беретін мектептің  
қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы  
10-сынып мұғалімдеріне арналған құрал

Өндөлген екінші басылымы

*Қазақстан Республикасының  
Білім және гылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2010

УДК 373 (075.3)  
ББК 74.266.3  
Ә95

Әшімова Б., т.б.

Ә95 Дүниежүзі тарихы: Әдістемелік нұсқау: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит. бағытындағы 10-сынып мұғалімдеріне арналған құрал /Б. Әшімова, Ү. Досболатова, Ш. Аманқұлова. — Өнд. 2-бас. — Алматы: Мектеп, 2010. — 120 б.

ISBN 978—601—293—213—3

Ә  $\frac{4306010600-144}{404(05)-10}$  31(2)—10

УДК 373 (075.3)  
ББК 74.266.3

© Әшімова Б., Досболатова Ү.,  
Аманқұлова Ш., 2006

© “Мектеп” баспасы, көркем  
безендірілуі, 2010

Барлық құқықтары қоргалған

Басылымның мұліктік құқық-  
тары “Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—213—3

## АЛҒЫ СӨЗ

Бұл әдістемелік нұсқауда “Дүниежүзі тарихы” пәні бойынша 10-сыныпта өткізудің сабактарды тиімді үйымдастыруға арналған сабак өткізу дін әртүрлі әдіс-тәсілдері ұсынылады. Оқу құралында оқулықтағы тақырыптарға байланысты кестелер, құжаттар, карталар, жана сөздер мен үғымдар қарастырылып, түрлі тапсырмаларды орындау барысында мұғалімдерге әдіскерлік көмек көрсету көзделген. Бұл пәнді оқушыларға қызықты, тартымды әрі есте қаларлықтай етіп түсіндірудегі басты міндеттің бірі — мұғалімнің оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге үйретуі және сол өздік жұмыстарды дұрыс үйымдастыруы.

Әдістемелік нұсқауда сабак өткізу дін ең тиімді жолдары қарастырылған. Әйтсе де мұғалім берілген үлгілерді басшылыққа ала отырып, сабакты үйымдастырудың басқа да онтайлы түрлерін өздері де қарастырганы жөн. Ол мұғалімнің шеберлігіне, тәжірибесіне байланысты.

Сонымен қатар бұл нұсқауда дәстүрлі сабактан тыс конференция, диспут, телекөпір, саяхат, тест, викторина, аукцион сабак, қайталуа, бақылау сабагы, Бинго ойыны, т.б. сабак түрлері берілген. Сабакты түрлендіре өткізу — оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, ойлау қабілетін дамыта түседі. Кезекті сабактың оқушыларды ойландыратындей және өздік жұмыс істеуге ынталандыратындей болуының маңызы өте зор. Бұл құралда тақырыптарға байланысты кестелер, сызбалар, суреттер берілген. Сондықтан мұғалім сабакты өзінің шығармашылық тәжірибесімен ұштастыра отырып жүргізгені дұрыс. Сондағанда оқушылардың тиянақты білім деңгейіне жетууге болады.

Осы әдістемелік нұсқауда көрсетілгендей, тақырыптар мен же жеке сабактарды тарих сабактарының қандай үлгісімен немесе оқытуудың қандай да бір формасымен өткізем десе де

мұғалімнің өз еркі. Бірақ сабакты оқыту өдісі, түрі сол сабактың мазмұнына тікелей сәйкес болып, негізгі тақырыпты ашуы шарт. Тарих кабинетінің толыққанды жабдықталуы да ескерілгені жөн.

Тарих сабагының құрылышы да, өдістемесі де мейлінше сан алуан. Өдістемелік нұсқау, дидактикалық материалдар мұғалімге қосымша деректер ретінде ғана ұсынылады.

Сабак барысында оқушылардың дәптерлеріне керекті мәселелерді жазып отыру дағдыларын үнемі жетілдіре тусу — тақырыптың басты тұжырымдарын бекітудің бірден-бір тиімді түрі.

Мұғалім өзінің қалауы бойынша XX ғасырдың басты оқиғаларына шолу жасап, керекті деректерді оқушылардың дәптерге жазып келуін тапсыруына да болады.

Дүниежүзі тарихының қоғамдық-гуманитарлық бағытын оқытуға арналған бұл өдістемелік нұсқауда бағдарламаның негізгі мәселелері толық қамтылды және ол оқулық жүйесімен жазылды.

Қорыта келгенде, қымбатты ұстаздар, бұл өдістемелік нұсқауды сіздер күнделікті сабак барысында көмекші құрал ретінде пайдаланады деген сенімдеміз.

## ҚҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРДЫҢ ҮЛГІСІ

Реті	Тақырыбы	Сағат саны
	<b>I тарау. XX ғасырдың басындағы дүниежүзі</b>	
1.	Еуропа елдері .....	1
2.	Еуропадан тысқары дүниежүзі. Азия елдері .....	1
3.	XX ғасырдың басындағы халықаралық қатынастардың шиеленісі .....	1
4.	Бірінші дүниежүзілік соғыс .....	1
5.	Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы саяси өлеуметтік дағдарыстар .....	1
	<b>II тарау. Соғыстан кейінгі дүниежүзі (1918—1939 ж.)</b>	
6.	Версаль-Вашингтон жүйесі .....	1
7.	Демократиялық толқындардың жетістіктері мен бәсекендеуі .....	1
8.	Жаңа мемлекеттердің күрілуы .....	1
9.	КСРО-да тоталитарлық жүйенің қалыптасуы.....	1
10.	1929—1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс .....	1
11.	АҚШ: “Жаңа бағыт” саясаты .....	1
12.	1918—1939 жылдардағы Латын Америкасы елдері..	1
13.	Ұлыбритания мен Канада соғысаралық кезенде.....	1
14.	Италия мен Германиядағы фашизм .....	1
15.	Франция және Испания. Халықтық майдан.....	1
16.	Жапония .....	1
17.	Қытай. Монголия .....	1
18.	Оңтүстік-Шығыс Азия елдері.....	1
19.	Үндістан .....	1
20.	Иран. Ауганстан. Түркия .....	1
21—22.	Араб елдері. Тропиктік және Оңтүстік Африка елдері .....	1
23.	Әлем Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында .....	1
	<b>III тарау. Екінші дүниежүзілік соғыс (1939—1945 ж.)</b>	
24.	Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы.....	1
25.	Германияның КСРО-ға шабуылды және Тынық мұхит соғысы .....	1
26.	Антифашистік коалицияның күрілуы. Германия мен Жапонияның тізе бігүі.....	1
27.	Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы. Қырым-Потсдам жүйесі. Біріккен Үлттар үйымын куру.....	1
28.	XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен мәдениеттің дамуы .....	1
29.	Викторина .....	1
30.	Бақылау-қайталау сабактары.....	1

## **I тарау. XX ғАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ДУНИЕЖҮЗІ**

### **§ 1. ЕУРОПА ЕЛДЕРІ**

#### ***Сабактың мақсаты***

Біз алғашқы тақырыпты Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңдағы онжылдық және жаңа индустриялық кезең, Еуропа мемлекеттерінің саяси құрылышы, сол замандағы халықтың әл-ауқатын таныстырумен бастаймыз.

XX ғасырдың басында Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Франция, Бельгия елдері жаңа технологияны өндіріске енгізуде алдыңғы қатарға көтерілді. Ұлттық мемлекет құру идеясы мен ел экономикасын интеграциялау үдерісі кең қанат жайды. Бұл тақырыпта жалдамалы жұмысшылар ұйымдастырған жұмысшы қозғалыстары, ұлы державалар және олардың экономикасы, дүниежүзін бөліске салу мәселесі, пацифизм, ұлтшылдық, нәсілшілдік, милитаризмінің өрлеуі және қару-жарап түрлерінің көбеюі сияқты мәселелер қамтылады. Осыған орай қалыптасқан тарихи терминдердің анықтамасымен оқушыларды таныстыра кеткен орынды.

Кезекті сабакты біз жаңаша білім беру сабакы ретінде ұсынып отырмыз. Ондағы мақсат — оқушыларға оқылатын жаңа пәннің түсінікті етіп жеткізу, олардың көзқарастарымен санасып, басқа да пәндерден алған білімдерімен байланыстыра отырып, оқушы білімін одан әрі терендете түсу. Кезекті тақырып мұғалімнің ауызша баяндауымен түсіндіріледі.


Сонымен, Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңдағы Еуропа елдерінің экономикалық және саяси хал-ахуалына сипаттама беріледі. Германия, Жапония, Ресей, АҚШ, Қытай, Парсы, Түркия, Куба мен Филиппин, Англия, Австро-Венгрия, Италия сияқты мемлекеттердің аумақтарын

окушылар картадан көрсетіп, мұғалім айтқан тұжырымдарды дәптерлеріне жазады. Осы елдердің экономикалық, саяси жағдайын сипаттау, жұмысшы қозғалыстары туралы баяндау нәтижесінде анықталған даталарды жазып отыру окушының есте сақтау қабілетінің дамуына жол ашпак.

Окушыларға өз бетінше жұмыс жасауға тапсырма беру олардың ой-өрісін кеңейтеді. Окушылар кестені пайдалана отырып, талдау, салыстыру арқылы Ұлыбритания отарларының көлемі, Норвегия, Швеция, Бельгия, Нидерланд, т.б. елдер туралы баяндейды.

Мұғалім окушылардың сөйлеу мәнеріне көніл бөле отырып, Еуропа елдерінің саяси құрылышындағы өзгерістер туралы, сондай-ақ осы Еуропа елдеріндегі биліктің ерекшеліктеріне ауызша тоқталып отеді. Оған төмендегідей кесте түрінде мысал келтіреді:

Кестені окушылар география пәнінен алған білімдеріне



сүйене отырып толтырады. Осы сияқты мысалдарды — мемлекеттік билік орнаған жерлерді окушылар картадан көрсетіп, өз тұжырымдарын дәптерлеріне жазуына болады.

Жалдамалы жұмысшылардың жағдайы мен жұмысшы қозғалыстары және сол қозғалыстағы идеялық ағымдар туралы әңгімелеу, оған қатысты негізгі мәліметтерді дәптерге

1-кесте

Сұрақтар	Еуропа елдері				
	Италия	Германия	Франция	Англия	Ресей
Жұмысшы қозғалыстарының ерекшеліктері					
Әлеуметтік өзгерістер					

жазу оқушылардың тарихи оқығаларды терең игеруіне көмектеседі.

Оқушыларға жұмысшы қозғалысындағы идеялық ағымдар тақырыпшасы бойынша кесте толтыруды үсінуға болады.

2-кесте

### Жұмысшы қозғалысындағы идеялық ағымдар

№	Идеялық ағымның өкілдері	Әлеуметтік теориясы	Меншік туралы көзқарастары	Саяси биліктің түрі туралы
1.	К. Маркс, Ф. Энгельс			
2.	Э. Бернштейн			
3.	Г. Плеханов			
4.	В. Ленин			
5.	К. Каутский			

### *Тақырыпқа қатысты термин сөздер*

**Пацифизм** (лат.) — бейбітшілікті жақтайтын қоғамдық ағым.

**Милитаризм** — жаппай қарулану және соғысқа өзірлену саясаты.

**Национализм** (ұлттылдық) — ұлттық жікшілдікке, артықшылыққа, басқа ұлттарға сенбеушілікке және ұлтаралық жауласушылыққа бағытталған саясат пен идеология.

**Монархия** (грек.) — бір адамның билігі арқылы мемлекетті басқару түрі.

**Реформа** (франц.) — жаңа заң актілері арқылы, сол қоғамның шеңберінде өзгерістер жасау.

**Конституция** — қоғамдық және мемлекеттік құрылыштың негізін, мемлекеттік органдардың жүйесін, олардың құрылымын және қызметін, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін анықтап беретін мемлекеттің негізгі заңы.

### *Үйге тапсырма*

§1-ке қосымша Еуропа елдері туралы газеттерден материалдар өзірлеу.

## § 2. ЕУРОПАДАН ТЫСҚАРЫ ДУНИЕЖҮЗІ. АЗИЯ ЕЛДЕРІ

### **Сабактың мақсаты**

Көптеген елдердің дамуына кедергі болған отаршылдық саясаты туралы айтып беру. Басты-басты ірі мемлекеттердің отаршылдық иеліктерімен оқушыларды таныстыру.

### **Сабактың барысы.**

Еуропа елдерінің отарлық иеліктері туралы айта келіп, карта бойынша төменде берілген кестеге сәйкес отар елдер мен жартылай отар елдерді, доминиондық басқару жүйесіндегі мемлекеттерді көрсетіп, терминдер мен ұғымдарға тоқталып, оқушылардың дәптерлеріне жазып алударына мүмкіндік жасау керек.

3-кесте

Отар елдер	Жартылай отар елдер	Доминион елдер
Азия және Африка елдері	Қытай, Түркия, Иран, Эфиопия, Ауганстан	Канада, Жаңа Зеландия, Аустралия, Оңтүстік Африка
Қорытынды		

Кестеде көрсетілген Еуропаның отар елдерін “Дуниежүзінің саяси картасынан” тауып белгілеуді мұғалім оқушыларға тапсырып, кейбір отар елдердің ішкі, сыртқы жағдайлары туралы шағын түсінік беріп кетуін талап етеді. Сабак барысында кездесетін термин сөздер мен ұғымдардың мағыналарына сабактың сонында мұғалім мүмкіндігінше толық түсінік беріп өткені жөн. Мысалы, империализм (лат. “*билик*”, “*басқару*” — *бөтен аумақты жаулап алу деген сөз*).

Жапония Қытайдан Тайвань аралын тартып алды. Шетелдіктер Қытайда теміржол, телеграф тораптарын, зауыттар салды. Ресейге келетін болсақ, Маньчжурияны өзінің “*ерекше мұдделі аймагы*” деп жариялады. 1899—1900 жылдары бүкіл дүниежүзі Қытайдың солтүстік-шығыс аудандарындағы “Боксерлер көтерілісінің” күөгері болды. Көтерілісті “Ихэтуань” құпия қоғамы өзірледі. Бұған жауап

ретінде сегіз штетелдік державаның (Ұлыбритания, Франция, Германия, Австро-Венгрия, АҚШ, Италия, Жапония, Ресей) әскерлері Қытайға өкелініп “боксерлер көтерілісін” аяусыз талқандады. Канада, Үндістан, Аустралия, Оңтүстік Африканың кейбір елдерінде халықтардың ағылшын тілінде сейлеу себептері неліктен екендігі туралы оқушыларға өз ойларын, пікірлерін ортаға салу жөнінде тапсырма беріледі. Мұғалім будан кейін оқушылардың жауаптарын толықтырып, қосымша мәліметтерді қатыстыра отырып, тақырыпты әңгімелеп берсе сабактың мазмұны ашыла түседі.

*4-кесте*

Еуропада	Азияда	Африкада	Америка құрлығында	Аустралияда

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басындағы ірі капиталистік державалардың дүниені өзара бөлісуді аяқтауы туралы тәмемдегі сыйба-кестені толтыруды жаңа тақырыпты қайталап, жинақтау кезінде қарастыруға болады.

Сабак барысында оқушылардың өз бетімен жұмыс істей әдісіне негізделген жаттығу жұмыстарын жүргізу тиімді болмақ. Жаттығу жұмысына арналған тапсырманың үлгісі:

1. АҚШ отарларын атап көрсетіндер.
2. Жапония қоғамын жаңғыртуудың негізгі ұрандары қандай болды?
3. Доминион деген сөздің мағынасын түсіндіріндер.
4. Өркениет ұғымын қалай түсінесіндер?
5. Индуизм, буддизм ұғымдарын қалай түсінесіндер?
6. Ислам өркениеті, Еуропаландыру туралы түсінік беріндер?

Оқушылардың сөйлеу мәнеріне де көніл бөлу керек. Карталардың дүрыс, дәл тауып айтудың қадағалап, қандай білім негіздерін менгергендігін айқында алған орынды. Үй тапсырмасын орындауга белгілі уақыт беріледі. Кейбір оқушылардың карталардың жұмыс істеу біліктілігінің жеткіліксіздігін ескере отырып, карталардың қайталауга тапсырма беріп, сабактың соңында кездескен үғымдарды пысықтауға болады.

Доминиондардың өзін-өзі басқаруға құқығы болды. Олардың қатарына — Канада, Жаңа Зеландия, Аустралия және Оңтүстік Африка Одағы кірді. Капиталдың шоғырлануы мен дүниежүзілік шаруашылық жүйесінің қалыптасуы сипатын білдіретін капиталистік қоғам — дамудың жоғары сатысы деп қорытындылап, сабакты аяқтауға болады.

Оқушыларға Еуропадағы капиталистік дамудың жолына алғашқылардың бірі болып түсken мемлекеттер туралы хабарлама дайындау тапсырылады. Атап айтқанда, олардың қатарына Ұлыбритания, Франция, Бельгия, Швейцария, Нидерланд, Швеция және басқа да Еуропа мемлекеттері жатады.

Мұғалім оқушыларға бағыт бере отырып, кестені толтыруға көмектесу қажеттігін ескеруі керек.

Төмендегі тақырыпқа қатысты термин сөздерге тоқталып, оқушыларға түсіндіріп кетсе де болады.

**Пацифизм** —

**Ұлтшылдық** —

**Нәсілшілдік** —

**Антисемитизм** —

**Дрейфус ici** —

### ***Бекіту сұрақтары***

1. Азия және Африка елдері қандай себептермен Еуропа және Американың алдыңғы қатарлы капиталистік елдерінің отарына, жартылай отарына айналды?
2. Өлемдегі өркениеттердің ерекшеліктерін атап, олардың өзара ықпалдастыры турали түсіндіріңдер.

### § 3. XX ГАСЫР БАСЫНДАГЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ШИЕЛЕНИСУІ

#### *Сабақтың мақсаты*

Германия — Еуропадағы күш көрсетудің жаңа орталығы. Германияның өркендердің дамуы. Балқан соғыстары мен Бірінші дуниежүзлік соғыс. Дүниежүзінің әр аймағындағы халықаралық қатынастардың шиеленісінің және Бірінші дуниежүзлік соғыстың алғышарттары. XX ғасырдың басындағы ірі державалар. Ағылшын-орыс келісімі және Үштік Одақ пен Антанта құрылуы (1907 ж.).

Міне, осы мәселелердің барлығы кезекті сабақтың мазмұнына айналуы керек.

Сабақтың барысында өткен сабақты пысықтауды да ұмытпаган жөн.

Үй тапсырмасын тексеру үшін қойылатын сұрақтар төмендегідей талаптарға сай үйымдастырылуы керек:

1) қойылған сұрақтар әр оқушыға түсінікті және дидактикалық мақсатқа сай болуы қажет.

2) Еуропа аймағында Германия мен Италияның бірігіүі нәтижесінде әлемдік сайысқа тартылатын жаңа күштер пайда болды. Бұл елдердің бас көтеруі, олардың Англия, Франция, Австро-Венгрия және Ресеймен сайысқа түсетінін айқындалап берді.

Азия шеңберінде “Ұлы Азия” туын көтерген Жапония бұл өнірдегі Ресей, Англия, Германия және АҚШ пен Жапония арасындағы империалистік қайшылықтарды қүштейтті.

Халықаралық тартыстардың ошағына Осман империясы да қосылды. Оның иелігіндегі Солтүстік Африка, Таяу Шығыс, Шығыс Еуропа жерлері империалистік державалардың өзара таласын тудырды.

Англияның арманы — Азиядағы, Африкадағы жерлерді бағындырып, “Ұлыбритания” үстемдігін орнату болды.

Германияның ойы Еуропаның орталығын, Таяу Шығыс пен Африканың Тынық мұхиттағы жерлерін басып альшп, “Ұлы Германия” немесе “Орталық Еуропа” бірлігін құру еді.

**Дүниежүзінің дамыған елдеріндегі бетбұрыстар.** XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басында АҚШ пен Германия арасы шиеленісе түсті. Бұл кезеңдегі Германия

капитализмінің отаршылдық саясатының күшеюі АҚШ саясатына едәуір кедергі келтірді. Германия мен АҚШ арасында Латын Америкасы мен Шығыс Азия үшін өзара тартыстар күшейді. АҚШ пен Германия қайшылықтарының пісіп-жетілуі халықаралық қатынастардың шиеленісін күштейтіп, Бірінші дүниежүзілік соғыс себептерінің негізін қалады. Отарларды бөлшектеуге қатысты соғыстың бір — Ағылшын империалистерінің Онтүстік Африка Республикаларына қарсы шайқастарымен байланысты болды.

ХХ ғасырдың басында Жапония едәуір күшті өскери елдердің қатарына қосылып, басқыншылық саясат жүргізе бастады.

1904—1905 жылдары орыс-жапон соғысы Қызыр Шығыстағы ықпалды аймақтарды қайта бөлісуге бағытталды.

Соғыстың нәтижесінде Жапония Онтүстік Маньчжуриядағы үстемдігін бекітіп, 1910 жылы Кореяны өзіне туғел бағындырды.

ХХ ғасырдың басында Германия күштің флотын салу бағдарламасын іске асыруға кіріsti. 1900 жылы маусымда Рейхstag бұл бағдарламаны бекітті. 1915 жылға дейін Германия 34 линкор, 45 крейсер және 100-ден астам кемелерді жасауға кіrіsti.

Үштік Одақ пен Француз-Ресей одағы құрылғаннан кейін, Еуропада ірі державалардың өзара күштері жағынан біріккен милитаристік екі топ құрылды. Оның бір жағында Германия мен Австро-Венгрия болды. Ұлыбритания алғашқы кезде бұл екі топқа қосылған жоқ, керісінше бұлардың арасындағы араздықты өршітуге тырысты.

Дүниежүзіндегі жағдайдың бұлайша күрт өзгеруі Ағылшын дипломатиясын “одақтас жолдас” іздеу өрекетіне итермеледі.

1904 жылғы Марокко дағдарысы Франция мен Англияның өзара жақындасуын тездettі. 1904 жылы ағылшын-француз келісімі жасалды, бұл келісім Антанта деген атпен мәлім болды.

Марокко мәселесіне Германия да араласып, бұл жерде басқа елдердің басымдығына ерік берілмейді деп жариялады.

**Дүниежүзін бөлісудегі алғашқы өрекеттер.** Халықаралық қайшылықтардың шиеленісінде ағылшын-француз одағын кеңейту мәселесін көтерді. Бұл одаққа Ресейді тарту қажеттілігі анықталды. Германия қаупін ескере отырып,

Англия Ресеймен жақындауды тездетті. 1907 жылы ағылшын-орыс келісіміне қол қойылды. Осы келісім нәтижесінде Англия мен Ресей Ирандағы, Ауғанстан мен Тибеттегі өзара дауларын шешіп алды. Ресей мен Англия Иранды өзінің ықпал ету аймағына айналдырды. Елдің оңтүстік бөлігінде ағылшын империалистері, солтүстігінде Ресей империалистері қожалық етті. Ағылшын-орыс келісімі Уштік Одақ пен Антантаның құрылуын аяқтады. Англияның Франциямен және Ресеймен жасаған келісімдері Германияға қарсы соғысты өзірлеудегі маңызды кезең болды.

**Әскери одақтардың құрылуы.** Ағылшын-орыс келісімі және Уштік Одақ пен Антантаның құрылуы мәселесін қарастырганда “Дуниежүзінің саяси” картасын пайдалана отырып, Одаққа кірген мемлекеттерді жылжымалы түрлітүсті қағаз ленталармен белгілеп, тақтаға одақтардың құрылған уақыттарын жазып қоюға болады.



Немесе сзық түрінде көрсетіп жұмыс дәптерлеріне жазып алуларына тапсырма беруге болады. Осыдан кейін одақтардың құрылу себептерін қысқаша түсіндіріп кеткен абзал.

**Балқан Одағы және Бірінші Балқан соғысы (1911—1912 жж.).** ХХ ғасырдан бастап, Германия және Австро-Венгрия Балқан түбегі мен Түркия жеріндегі үстемдіктерін қүштейтуге тырысты.

1908 жылы жас түріктер төңкерісінен кейін Осман империясының ыдырауы тездеді. 1908 жылы Австро-Венгрия, Босния мен Герцоговина жерлерін басып алды. Бұл екі аймақ Осман империясының құрамында болатын. Дәл осы

мерзімде Болгария төуелсіздігін жариялады. Сербия мен Ресей елдері мұндай басып алуды қолдамады.

**Екінші Балқан соғысы.** Бірінші Балқан соғысы бұл өңірдегі күштердің арасалмағын өзгертті. Сербия күшейіп Түркия мен Австро-Венгрияның ықпалы әлсірей түсті.

Австро-Венгрия топтарының женісіне сеніп, 1913 жылы 29 маусымда Болгария Сербия мен Грекияға соғыс жариялады. Нәтижесінде Екінші Балқан соғысы басталды.

Бірақ Болгария тез арада женіліп қалды. Түркия өскерлері Адрианополь қаласын басып алды. Осы жағдайда Ресей Болгарияға дипломатиялық қолдау беріп, 1913 жылы 10 тамызда Бухарест қаласында бітім шартына отырды.

Сербия Македонияның өзіне тиесілі бір бөлшегіне қоса Болгарияға тиісті жерін алды. Оңтүстік Македония мен Фракияның бір бөлшегін Грекия иеленді.

Фракияның қалған бөлшегі және Адрианополь қаласы Түркияға қайтарылды. Румыния Оңтүстік Добруджа жерін басып алды. Сейтіп, Балқан тубегі қайта бөлшектенді. Балқан тубегіндегі елдердің бір-біріне сенімі сарқылып, ол Еуропаның “жарылғыш қоймасына” айналып, дүниежүзілік соғысқа үласты.

1914 жылдың көктемінде ірі державалардың арасындағы қайшылышқтар өзінің шарықтау шыңына жетті. Қайшылышқтар тек қана ірі одактардың қатарында ғана емес, тіпті одактас топтардың өз араларында да шиеленісе түсті.

Германияның басқарушы топтары көп ұлттық Габсбург империясы мен Австро-Венгрия одағын сақтауға күш салды.

#### 1900—1914 жылдардағы саяси-соғыс одактары

Жылдар	Антанта		Орталық держава	
	одак	келісімшарты	одак	келісімшарты
1	2	3	4	5
1879			Германия, Австро- Венгрия	Үшінші державамен соғыс болған жағдайда

*Жалгасы*

1	2	3	4	5
				әскери көмек көрсету
1882—1915			Үштік Одақ — Германия, Австро-Венгрия, Италия	Соғыс болған жағдайда әскери көмек көрсету
1893	Ресей-Франция	Үшінші державының соғыс бастауы, әскери конвенция		
1902	Англия—Жапония	Экономикалық және дипломатиялық көмектесу келісімі		
1904	Англия — Франция	Африкаға әсері. Египет — Англия Марокко — Франция		
1907	Англия—Ресей	Азия шекарасы Ауғанстан — Англия, Тибет — Иран (Персия)		
1907	Ресей—Жапония	Қытайға әсері. Ресей, Жапонияның Оңтүстік Маньчжурияға және Кореяға қызығушылығы		
1912—1913	Балқан одағы (Сербия, Болгария, Грекия, Черногория)	Түркияның және Австро-Венгрияның қарсыласуы		

Балқан түбегіндегі жергілікті шайқастар біраз жылдардан кейін дүниежүзілік соғыс өртіне айналды.

Сабак соңында мұғалім оқушыларға тәмендегі кестені толтыру жөнінде тапсырма береді. Бұл — алдымен оқушылардың жаңа сабакты қалай түсінгендігін тексеруге және өз беттерінше оқулықты пайдалана отырып, жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызады.

### ***Жаңа сабакты пысықтау***

Сұрақтар қою арқылы оқушылардың алған білімін бекітіп, үйге тапсырма беріледі.

### ***Ұсынылатын әдебиеттер***

1. Сороко-Цюло О.С., Смирнов В.П., Строганов А.И. Мир в ХХ веке. М., 1999.
2. Қожахметұлы К., Шупеков Ә., Ғұбайдуллина М., Дәкенов М. Дүниежүзі тарихы. (1914—1945 жж.) Қоғамдық гуманитарлық бағыт. 10-сынып оқулығы. Алматы. “Мектеп”. 2010.
3. Первая мировая война. Пролог ХХ века. М., 1998.
4. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Методика преподавания истории в школе. М., “Владос”. 2000.
5. Все предметы школьной программы в схемах и таблицах. История, география. М., Олимп. 1997.

## **§ 4. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС**

### ***Сабактың мақсаты***

Австро-Венгрияның және Германияның қимылдарына баға беру. Үштік Одақ және Антанта блоктарына талдау жасау, стратегиялық әскери жоспарларды салыстыру. 1914—1915 жылдардағы соғыс қимылдары. Соғысушы елдердегі саяси-әлеуметтік дағдарыстар. Шілде дағдарысы, Батыс майдандағы соғыс, Еуропа мен Азиядағы соғыс қимылдары. 1916 жылғы соғыс қимылдарының ерекшеліктері. 1917—1918 жылдардағы соғыс қимылдары. АҚШ-тың соғысқа кірісуі.

### ***Жаңа сабакты игеру***

Мұғалім өтілетін сабакқа арнайы дөріс дайындауды. Оған оқулықты және басқа да әдебиеттерді кеңінен пайдаланады.

## **Жаңа сабактың сұрақтары**

1. Соғысқа қатысушы елдердің мақсаттары мен міндеттері.
2. Шілде дағдарысы.
3. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы мен барысы.
4. Батыс майдандағы шайқас.
5. Еуропа мен Азиядағы соғыс қимылдары.
6. 1917—1918 жылдардағы соғыс қимылдары.

Мұғалім әнгімелесу арқылы және сұрақ-жаяуп әдісін пайдалана отырып, XIX ғасырдың 80—90-жылдарындағы халықаралық жағдайларың шиеленісі өкілдердің блоктың құрылуына алғаш келгендей туралы айтады. Окушыларға “1881 жылғы “Үштік Одаққа” қандай мемлекеттер кірді?” деген сұрақ қойылып, картадан сол елдерді табу тапсырылады. 1881 жылғы “Үштік Одақ” Англияға қарсы бағытталса, 1882 жылы Францияға қарсы бағытталғандығы туралы баяндайды.

ХХ ғасырдың бас кезіндегі халықаралық жағдайларың одан өрі шиеленісе түсуінің себептерін айқындаі отырып, екі соғыс одағының нақты қалыптасуының суреттемесін тақтаға сызып көрсеткен тиімді болмақ.

Енді өткен сабакпен байланыстыра отырып 1870—1871 жылдардағы Франция-Пруссия соғысынан кейінгі Германия

### **XX ғасырдағы халықаралық жағдайларың өзгеруі**

1891—1892 жж. өс-кери-саяси одақ Ресей-Франция	Ресейдің Австро-Венгриядан, Германиядан алшақтауы. Франциямен жақындауды	Германияның Балқан ісіне араласуы. Австро-Венгрияға жақындауды
<b>Нәтижесінде: Еуропада</b>		
I блок <b>Үштік Одақ:</b> Германия, Австро-Венгрия, Италия	II блок <b>Антанта:</b> Франция, Ресей, Англия	

мен Франция қарым-қатынастарының шиеленісе түсуінің себептерін қарастырған дұрыс.

Балқан не себепті халықаралық шиеленістің орталығы болды? Босния дағдарысында 1908—1909 жылдары Австро-

### Бірінші дүниежүзілік соғыс оқиғалары

Дата	Оқиғалар	Нәтижесі
1	2	3
1914 ж. 28 маусым	Франц Фердинандтың өлімі	Австро-Венгрия өкіметінегі жанжал, Сербиямен соғыстың себептері
1914 ж. шілде	Германия мен Австро-Венгрияның дипломатиялық қатынасы. Ресейдің Сербияға, Францияның Ресейге көмегі. Англияның тоқтам айтуы	Германия мен Австро-Венгрияның Еуропадағы соғысқа кіруі
1914 ж. 23 шілде	Австро-Венгрия Сербияға ультиматум жариялады	Сербияның ультиматумды қабылдауы оны тәуелді мемлекет етеді
1914 ж. 28 шілде	Австро-Венгрия Сербияға соғыс ашты	Балқандагы соғыс кимылдарының басталуы. Ресей мобилизация жариялады
1914 ж. 1 тамыз	Ресейдің мобилизация жариялаудына орай Германия оған қарсы соғыс ашты	Франция мен Англияның соғысқа қатысуы
1914 ж. 3 тамыз	Германия Францияға соғыс ашты, оның әскерлері Бельгияға баса көктеп кірді	Батыс майдандағы соғыстың басталуы
1914 ж. 4 тамыз	Англия Германияға соғыс ашты	Соғыс дүниежүзілік сипат алды
1916 ж. 21 ақпан	Верден шайқасы	
1916 ж. қыркүйек-караша	Сомма өзеніндегі шайқасы	
1916 ж. 31 мамыр-1 маусым	Ютландия шайқасы	
1916 ж. маусым	“Брусилов өткелі”	
1917 ж. соғыс кимылдары	Германия-Антанта елдері арасындағы шайқастар	
1918 ж.	Ресей-Германия соғыс кимылдары	
1918 ж. қыркүйек-караша	Германия-Ағылшын-француз соғыстары	

Венгрия мен Ресейдің Балқан саясатына араласуының себебі неде? Оның атқарған рөлі туралы не айтар едіндер? Міне, осы сауалдар төңірегінде әңгімелей отырып, Бірінші дүниежүзілік соғыстың шығу себептерін және соғыстың басталуы туралы мұғалім оқулық материалы көлемінде баяндайды. Сонымен қатар бұл мәселені “Бірінші дүниежүзілік соғыс оқығалары” атты кестені пайдаланып, түсінірдіруіне болады.

Кестенің үшінші бөлігін оқулық пен мұғалімнің лекциясын пайдалана отырып, оқушылардың өзбеттерімен толтыруына тапсырма беруге болады. Кесте оқушылардың соғыстың журу барысын анықтап, оқыттылғалы отырған материалды тез менгеруіне көмектеседі.

## § 5. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТИК Дағдарыстар

### *Сабактың маңсаты*

Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан елдердің жағдайын баяндау, жалпы бұқара халықтың жағдайын сипаттау. Дүниежүзілік соғыстың зардалтары, Ресейдегі Ақпан ревоюциясы мен Қазан төңкерісінің дүниежүзі елдеріне өсері. Соғысқа қатысқан елдердің экономикалық жағдайына сипаттама беру және корытындылау. Оқушылардың бұдан бұрынғы сабактардан алған білімдеріне сүйене отырып, олардың осы мәселе жөніндегі білімдерін естеріне қайта түсіру, одан әрі дамыту бағытында түрлі сұрақтар беру. Бірінші дүниежүзілік соғыстың барысы және сол соғысқа қатысқан елдер туралы, Германия, Франция, Англия, Ресей елдерінің жағдайы туралы оқушыларға сұрақ қойып, тақырып материалдарын еске түсіреді. Одан әрі сол елдерге жеке-жеке сипаттама беріледі.

Сабакты үй тапсырмасын сұраудан бастаған дұрыс. Үйге берілген тапсырманы оқушылардың қалай орындағанын тексеру және бағалау. Ол үшін бірнеше сұрақтар дайындал келуге болады. Содан кейін мұғалім өткен оқу материалына қорытынды жасай отырып, бүгінгі өтілетін материалмен байланыстырады. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан елдердегі жағдай туралы оқушылардан сұрап, еске түсіріп, одан әрі сол елдерге жеке-жеке сипаттама береді.

Соғыстың үшінші жылында армияны және халықты

азық-тұлікпен қамтамасыз ету қындағы түсті. Әуелі Германияда, содан соң басқа елдерде азық-тұлік және өнеркәсіп тауарларын үнемдеп бөлу тәртібі енгізілді. Сонымен қатар май, ет тағамдары, картоп, киім-кешек тұтынушыға карточкаға ғана сатылды.

Дүниежүзілік соғыстың салдарына және соғысқа қатысқан елдердің өлеуметтік саяси жағдайына тоқталған кезде мұғалім тірек белгілеріне сүйеніп түсіндіргені жөн. Бұл тірек белгілерінің нақты, айқын, адамның назарын өзіне еріксіз аударатындағы етіп жасалғаны дұрыс. Келесі жолы үй тапсырмасын тексерген кезде де оқушыларға осы тірек белгілерін пайдалана отырып, мынадай талаптар негізінде:

- 1) белгілі бір мемлекетке байланысты;
- 2) белгілі бір тірек белгілеріне байланысты әнгіме құрастыруы мүмкін.

Оқушыларға төмендегі сұрақтарды ұсынуға болады:

1. Дүниежүзілік соғыстың зардалтары.
2. Ресейдегі Ақпан революциясының дүниежүзі елдеріне әсері.
3. Үштік одактың женіліуі және бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы.

Германия мен Ұлыбритания арасында ұрыстар, әсіресе теңіз шайқастары қатты жүрді. Екі жақтан да адам және материалдық шығын көп болды. Суусті кемелерін неміс сұнгайр қайықтары үнемі атқылап, Британ кемелерін суға батырып отырды, т.б.

Осылайша оқушылар кішігірім әнгімелер құрастыру арқылы үйге берілген тапсырманы ойша елестете отырып қайталап бекітіп шығады.

Сонымен бірге Францияның жағдайы да нашарлады. 1917 жылы Франциядағы астық егілетін жерлердің көлемі 67%-ға кеміді. Соғыс жылдарындағы елдің ішкі қарызы 34 млрд доллар (1914 ж.), 116 млрд франк мөлшеріне жетті (1918 ж.). Елдің АҚШ-пен Англиядан алған қарызы мөлшері 5,4 млрд доллардан асты.

Соғысқа орасан көп адам күштері тартылады. 1918 жылғы бір күнгі соғыс шығындары мынадай мөлшерде болғаны анықталады:

Германия үшін — 73 млн сом,  
Франция — 60 млн сом,

Англия — 78,5 млн сом,  
Ресей — 55,5 млн сомнан артты.

Осы және басқа да сандық көрсеткіштерді тақтаға жеке-жеке жазып көрсетеу керек. Сонда оқушылар көру, есту, жазу және есте сақтау қабілеттері арқылы берілген сандарды есте сақтайды.

Тақырып бойынша келесі тоқталатын мемлекет — Ресей. Ресей империясын жабдықтау үшін 9,640 мың т. үн, 1397 мың т. жарма, 3739 мың тонна ет, 511 мың тонна май, 50 млн шинель, 65 млн пар аяқкиім, 12 млн тон, 15 млн пар пима қажет болды.

Софыс жылдарында Ресейде 15 миллион тұрғын өскерге шақырылды, яғни халықтың 10%-дан астамы өскер қата-рында болды. Ауылда өндірілетін егіннің өнімі төмендеді. Көлік жүйесінің қирауы, вагон мен паравоздардың жетіспеуі, Сібір аймағындағы астық корларын орталыққа жеткізе алмау салдарынан халықтың әл-ауқаты нашарлай түсті.

Бұдан кейін 1916 жылғы Ресейдегі, Қазақстан мен Орталық Азиядағы көтерілістер туралы айттылады. Қазақстандағы көтерілістің басты оқиғалары Торғай және Ыргыз уездерінде болды. Онда Аманкелді Иманов бастаған көтеріліс және оған Әліби Жангелдиннің көмек көрсеткені туралы сез болады.

1917 жылдардың басында Ресейде жаңа революция ны-шаны байқалды. Ол — Ақпан революциясы еді. Осы жөнінде толық мағлұмат беріп өткен орынды. Өйткені Ақпан революциясының КСРО көлеміндегі маңызы ерекше болды.

**Германия бастаған “Үштік Одактың”** женілуі және соғыстың аяқталуы. Тақырып материалдарын өңгіме түрінде түсіндіріп, сандық көрсеткіштерді тақтаға жазып, көрнекі материалдар негізінде берген тиімді болмақ. Ал содан соң соғыстың басталуы мен барысы, аяқталуы туралы мәліметтерді оқушылардың дәптерлеріне қысқаша жазып алғаны дұрыс.

Германия одактастары талқандалып, тізе бұтуғе мәжбүр болды. 1918 жылы 20 қыркүйекте Болгария, 30 қазанда Түркия, 30 қарашада Австро-Венгрия уақытша бітімдерге қол қойып, женілгендерін мойындағы. Германия жені-лелітіндігін түсінді.

1918 жылы 6 қарашада неміс делегациясы майдан шебінен өтіп, уақытша бітім жасауды өтінді. Маршал Фоштың

штаб вагонында Германия мен Антанта мемлекеттері арасында уақытша бітімге қол қойылды. Фош штабы “Оқ ату тоқталсын!” деген бүйрық берді.

11 қараша күні сағат 11.00-де соғыс қымылдары токтатылды. Сөйтіп, Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс 4 жыл 3 ай 10 күнге созылды. Бұл соғыс әлемдегі ең ірі соғыстардың біріне айналды. Соғыстың барысында және революциялық сілжіністердің нәтижесінде Романовтардың, Габсбург, Гогенцоллерн, Түрік сұлтанының империялары қирады, отаршыл державалардың тірегі де әбден әлсіреп бітті.

Сабак барысында оқушылардың белгілі бір деңгейлік таңбалармен жұмыс істеуін ұйымдастырған тиімді болмак. Әйткені мұндай деңгейлік таңбалармен жұмыс істеу оқушылардың ойлану қабілетін арттырып, зейінін жинақтауга мол мүмкіндік берері даусыз. Ал ондай деңгейлік таңбаларды ойлап табу, ұйымдастыру мүғалім тәжірибесінің молдығын, әдіс-тәсілінің терендігін айқындан берері даусыз.


### ***Тексеруге арналған сұрақтар***

1. Кестедегі ақпан революциясының дүниежүзі елдеріне әсері қандай болды?
2. Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы туралы деректі фильмдер мен көркем әдебиеттерден оқыған мәліметтерді пайдаланып сипаттама беріндер.
3. Болгария мен Түркия мемлекеттерінің тізе бұгуі туралы өз пікірлеріндегі айтып беріндер.
4. Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы туралы өңгімелеп беріндер.

### **1914—1918 жылдардағы Бірінші дүниежүзілік соғыс**



## *Жалгасы*



Жоғарыда көлтірілген кесте арқылы мұғалім сабактың негізгі мазмұнын түсіндіргеннен кейін, оқушылардан келесі жаттығулар мен тапсырмаларды өз беттерімен орындауды талап етуге болады.

**II тарау. ЕКІ ДУНИЕЖҰЗІЛК СОФЫС  
АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ӘЛЕМ  
(1918—1939 жж.)**

**§ 6. ВЕРСАЛЬ-ВАШИНГТОН ЖҮЙЕСІ**

***Сабактың мағсаты***

Париж конференциясының жұмысы барысындағы тарихи жағдайларды сипаттау. Женіске жеткен елдер арасындағы қарама-қайшылықтар, Үлттар Лигасы, Версаль-Вашингтон жүйесінің тұрақсыздығы, КСРО-ның мойындалуы, Германиядағы халықаралық жағдай. Рейн пактісі туралы айту.

Мұғалім өз кабинетін сабакқа сәйкес безендіруді де естен шығармауы керек. Кarta, “Версаль-Вашингтон жүйесі” кестесі, оқулық. Үй тапсырмасын сұрауга арналған тақырыптық карточкалар жасалып, оқушыларға таратылады да дайындалуға 5 минут уақыт беріледі. Бұл карточкалар мынадай тақырыптар мен сұрактар төнірегінде құрылғаны тиімді болмақ. Біз солардың кейбір үлгісін ғана ұсынып отырмыз:

1. Париж конференциясы.
2. Женімпаздар арасындағы қарама-қайшылық. Вильсонның “14 тармағы”.
3. Версаль бітімі.
4. Үлттар Лигасы.
5. Жаңа мемлекеттердің құрылуы.
6. Вашингтон конференциясы.
7. Версаль-Вашингтон жүйесінің тұрақсыздығы.
8. КСРО-ның мойындалуы.
9. Германияның халықаралық жағдайы. Рейн пактісі.

## **Жаңа сабактың жоспары**

Мұғалім жаңа сабактың тақырыбын, мақсатын, жоспарын оқушыларға ұсыну үшін сол тақырып туралы негізгі айтылатын мәселерді терең талдап, алдын-ала ойластырып алғаны жөн. Жоспар мұғалімнің қалауынша негізгі тақырыпқа сай құрылуды керек. Мысалы, президент Вильсонның

Жоспары	Оку тәсілі мен түрі
<p>1. Париж конференциясындағы жеңіске жеткен мемлекеттердің ұстанымдары мен жоспарлары</p> <p>2. Версаль бейбіт келісім шартының талабы</p> <p>3. Үлттар Лигасын құру, “мандат жүйесі туралы” түсінік</p> <p>4. Еуропадағы аумақтық өзгерістер</p> <p>5. Вашингтон конференциясы</p> <p>6. Версаль-Вашингтон жүйесінің тұрақсыздығы</p>	<p>1. Мұғалімнің баяндамасы: “Париж конференциясындағы жеңіске жеткен ұлы державалардың әрекеті” деген тақырыпта конспекті даярлау. Құжаттармен жұмыс істей (В.Вильсонның “14-тармағы”). Құжаттарды талдай отырып, неліктен В.Вильсон қағидасының Ұлыбритания мен Франция үшін қажетсіз болғанын анықтау</p> <p>2. Мұғалімнің хабарландыруы. Картамен, оқулықпен жұмыс</p> <p>3. Мұғалім баяндамасы</p> <p>4. Картамен жұмыс. “Версаль-Вашингтон” кестесін пайдалану</p> <p>5. Бұл сұрақты оқушылардың өзіндік жұмысына беруді үй-гардыш</p> <p>6. Мұғалімнің корытындысы, құжаттарды талдау (Дж. Кейнс тін бейбіт келісімге экономикалық қарсылығы туралы)</p>

АҚШ конгресіне жолдаған “14 тармағы”, т.б. немесе оны мына төмендегідей кесте түрінде де жасауға болады:

### **Маңызды оқиғалар**

**18 қантар, 1919 ж.** — Бейбіт Париж конференциясының басталуы;

**28 маусым, 1919 ж.** — Германиямен бейбіт келісім шартқа қол қойылды;

**1921—1922 жж.** — Вашингтондағы конференция.

### **Негізгі тұлғалар**

В.Вильсон, Ж.Клемансо, Д.Ллойд-Джордж, Дж.Кейнс.

## **Мұғалім конспектісінің үлгісі:**

Бірінші дүниежүзілік соғыс бітісімен, женіске жеткен елдер алдында дүниежүзін өздеріне ұтымды жолмен қайта бөлісу міндепті түрді. Осы міндепті орындау үшін және бітім шарттарын дайында, қол қою үшін Парижде бітім конференциясы шақырылды. Ол өз жұмысын 1919 жылдың 18 қантарында бастады. Оның жұмысына 27 елдің өкілдері қатысты. Өуелден-ақ оның антидемократиялық сипаты көрініп қалды. Конференцияның жұмыс тәртібін өзге елдердің мұддесімен санаспаған ұлы державалардың өкілдері жүргізді.

Францияның премьер-министрі Жорж Клемансо, Англияның премьер-министрі Дэвид Ллойд-Джордж, АҚШ Президенті Видро Вильсон мәселені оңаша шешті. Конференцияға жекелеген елдердің өкілдері шақырылмады, азамат соғысы жүріп жатқан Ресей де қатыса алмады.

АҚШ-тың өскери қуаты артты, оның дүниежүзілік жетекшілік мүмкіндігі күшейді. Осыдан келіп АҚШ-тың Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін дүниежүзін қайта бөлісу бағдараламасы қалыптасып, онда халықаралық қарым-қатынастардың жаңа қағидалары белгіленді. Бұл мәселе президент Вильсонның 1919 жылдың 18 қантарында АҚШ конгресіне жолдаған “14 тармағында” баяндалып, халыққа жарияланды.

Онда Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында отарлар мен ықпал жасау аймақтарын қайта бөлісу мақсатында қол қойылған Антанта елдері арасындағы барлық құпия келісімдер, тенізде жүзу еркіндігін қамтамасыз ету, кеден кедергілерінің бәрін жою және халықаралық денгейде ашық есік пен тәң мүмкіндік қағидаларын мойындау, қару-жарак шығаруды шектеу, келіссөздерді ашық және жария түрде жүргізу мәселелері көтерілді.

Париж конференциясы Үлттар Лигасын құру жөнінде шешім қабылдаған болатын. Вильсонның басшылығымен Жарлықтың негізі қысқа мерзімде 1919 жылдың 14 акпанында дайын болды. Лиганың басты мақсаты — халықтар арасындағы ынтымақтастықты дамыту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету деп есептелді.

Париж және Вашингтон конференцияларының шешімдері соғыстан кейінгі халықаралық қарым-қатынастар үлгісінің негізін қалаған “Версаль-Вашингтон жүйесін” қалыптастырырды. Бұл жүйенің құрылуы соғыстан кейінгі шиеленістерді бәсендетуге мүмкіндік берді. Халықаралық қарым-қатынастардың жаңа қағидалары бекітілді.

Халықтардың өзін-өзі билеуі мойындалды, соғысты мемлекетаралық даулы мәселені шешудің құралына айналдырудан бас тартылды. Бейбітшілікті сақтаудың халықаралық үйімі ретінде Ұлттар Лигасы күрылды.

### **Жаңа тақырыпты оқып-үйрену**

Тақырыптың көлемі оны менгеруге қындық келтірмейтіні анық. Материалдың тақырыпшалары нақты өрі туңсінікті. Мұғалім материалды оқытуға кірісер алдында бұл сабакта не жайлыштың болатынын айттып, шектердің сабакқа деген ықыласын арттыра түседі. Тиімді өдіс — *баяндау*. Ұстаз тақырыпшаларды тақырыптың көлемін ескере отырып, өзінің қалауынша бірнеше оқушыға бөліп оқытады, өр тақырыпшаның мазмұнын оқушыларға өз сөздерімен айтқызады, сұрақ-жаяуп арқылы толықтыра түседі. Өр мәселелеге өзі қыскаша қорытынды жасайды, кездескен деректер мен оқиғалар есте жақсы сақталу үшін тақтаға жазылады. Оны оқушылардың дәптерлеріне жазып отырғандары да дұрыс. Өр оқиғаны және кездескен жаңа сөздерді тақтаға жазып, оған оқушылардың назарын аударып отыру қажет. Мәселен, екі тақырыпша бойынша ең маңызды және оқиғаға тікелей байланысты деректерді дәптерге жаздыру керек.

Оқу материалындағы тақырыпшалардың бөрінің білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мүмкіндіктері мол екенін жоғарыда айттық. Оларды дұрыс орындауга басты көңіл бөлгеніміз жөн. Мысалы, 1-тақырыпша бойынша мұғалім мынадай сұрақтар қоя отырып, сабакты жалғастырады:

1. Париж конференциясында қандай мәселелерде ірі держалардың ұстанымдары сәйкес келмедин?
2. Вильсонның “14 тармағының” мәнісі неде?
3. Версаль бітімшарты бойынша Германия өз аумактарынан неліктен айрыылды?
4. Вашингтон конференциясы қандай шешімдер қабылдады?
5. КСРО-ны қандай мемлекеттер мойыннадады?
6. Версаль-Вашингтон жүйесі неліктен тиянақты болмады?



## **Қаралған негізгі мәселелер**

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық жағдай.
2. Үлттар Лигасын құру туралы шешім қабылданды.
3. Үлттар Лигасы құрылды.
4. Ресейдің батыс шекарасында жаңа мемлекеттер құрылды.
5. Версаль-Вашингтон жүйесі.
6. Дидактикалық материалдарды пайдалану.
7. Чайнворт, т.б.

Қорыта келгенде Версаль-Вашингтон жүйесі өділетсіз болды. Бітім шарттарына қол қою жеңіске жеткен елдер арасындағы негізгі қарама-қайшылықтарды түпкілікті реттей алмады.

Сабак сонында мұғалім оқушыларға тақырыпқа байланысты бекіту сұрақтарын ұсынса артықтығы бола қойmas.

### ***Бекіту сұрақтары***

1. Версаль-Вашингтон жүйесі неліктен осал болды?
2. Еуропада қанша жаңа мемлекет пайда болды?
3. Еуропа шекарасы қалай өзгерді?

## **§ 7. ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ТОЛҚЫНДАРДЫҢ ЖЕТИСТИКТЕРИ МЕН БӘСЕНДЕУІ**

Бірінші дүниежүзілік соғыс адамзат қоғамының ой-сезімін түпкілікті өзгертіп, олардың енді мұндай соғысқа дейінгі жағдайға қайтып оралмайтынын дәлелдеді. Соғыс кезіндегі елдің жағдайы, халықтың ауыр тұрмысы, жұмыс мерзімінің ұзақтығы, ер азаматтар үшін жалпыға бірдей енбек міндеткерлігінің енгізілуі, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің нашарлауы, азық-түлік тауарларын үнемдеп сату және карточкалар бойынша беру тәртібі жаппай наразылық тудырды.

Әрине кезекті сабакты өткізу — тәжірибелі мұғалімдер үшін өте жеңіл. Кезінде 80-жылдары шыққан сабакқа арналған кинофильмдер мен диафильмдер кейбір мектептерде әлі күнге дейін оқушыларға қызмет көрсетіп жатса, соғыс кезде көптеген қосымша материалдарды іздестіріп, көрнекі құралдарды жасау, табу қынға түсіп жатады. Материалдық базалары жетілген мектептер бұл сабакты бейнефильмдер үзіндісін пайдалану арқылы өткізе, мұндай құралдармен жабдықталмаған мектеп мұғалімдеріне

түсken негізгі ауыртпалықты жеңілдетуге аз да болса, көмегіміз тисін деген ниетпен ұстаздар пайдаланатын көрнекіліктерге қосымша дидақтикалық материалдарды ұсынып отырмыз.

### ***Сабактың маңсаты***

Демократиялық толқындар арасындағы бұқаралық қозғалыстардың өрши түсуі. Революциялар. Ресейдегі Қазан төңкерісі. II Интернационалдың қүйреуіне себеп болған тарихи оқиғалардың негізін қоқытып-үйрету, оны әлеуметтік, рухани, адамгершілік түрғысынан қарастыру.

### ***Сабактың жүргізудің әдісі***

*Түсіндірмелі оқу.* Карталар, оқулық, революцияға, соғысқа байланысты суреттер, сабактың тақырыпқа сәйкес өткізуудің басқа тәсілдері жүзеге асырылады.

Ал уйге берілген тапсырманы тексеру кезінде, оны қорытып, бүгін өтілетін оқу материалдарымен байланыстыруды мұғалімнің шығармашылық еркінен қалдырамыз.

### ***Жаңа сабактың жоспары***

1. Дамудың екі жолы.
2. Революциялар.
3. Веймар республикасы.
4. Реформалар.
5. Демократиялық толқындардың жетістіктері мен бәсендесеуі.
6. Жұмысшы және социалистік қозғалыстың жіктелуі.
7. Экономикалық өрлеу.
8. Компартиялар ықпалының төмендеуі және социал-демократияның нығаюы

### ***Жаңа тақырыпты оқып-үйрену***

Мұғалім материалды оқытуға кірісер алдында бұл сабакта не туралы өңгіме болатынын айтып, шәкірттерінің сабакта деген ықыласын арттыра түседі. *Түсіндіру* — тиімді тәсілдердің бірі. Ұстаз әр тақырыпшаның көлемін ескере отырып, өзінің қалауымен 2-3 оқушыға бөліп оқытады, әр тақырыптың мазмұнын оқушыларға өз сөздерімен айтқызады, бірінің жауабын басқалары толықтырып отырады. Оқушыларға оқиғаға байланысты суреттеулерді талдатады. Өр мәселеге өзі қысқаша қорытынды жасайды, кездескен мәліметтер мен оқиғаларды есте жақсы сақтау үшін тақтага жазады. Оны оқушылар дәптерлеріне жазып отырады.

Сабак барысында алғашқы тақырыпша бойынша мұғалім мына мәселелер төңірегінде тереңірек сөз қозгайды. Соғыстан кейінгі Еуропа елдерінің даму барысында екі жол тармағы байқалды. *Бірінші даму жолы* — революция жолы. *Екінші даму жолы* — қоғамның демократиялық жолға түсіү. Төрттік одақ елдері — Германия, Австро-Венгрия.

Ал сабактың екінші тақырыпшасы бойынша мұғалім мына мәселелер жайында әңгімелейді. Жұмысшы және социалистік қозғалыстың жіктелуі. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі жұмысшы және социалистік қозғалыстың үлттық халықаралық шенберде бірынғай үйымшылдық тәртіпке бағынып II Интернационалдың құрамына енуі. Коминтернге мүше болудан қалған Еуропаның социал-демократиялық топтары 1923 жылы Бернде (Швейцария) жиналып, жұмысшы социалистік Интернационал бірлігін құрды.

*Революциялар* — Ресейдегі Қазан төңкерісінен кейінгі ірі қозғалыс Германияда болды. Германияда — Ресейдегі Кенес үкіметіне үқсас социалистік түрпаттағы қоғамды жактаушылар үйымдары байқалды. Бұл топтың басында *Карл Либкнехт* пен *Роза Люксембург* басқарған “Спартак” үйымы тұрды.

*Веймар Республикасы* — Құрылтай жиналысы 1919 жылы шілде айында Веймар қаласында шақырылып, жаңа Конституция қабылданды. 1919 жылы Венгриядағы пролетарлық революция сәтсіздікке ұшырады. Австриядағы қозғалыстың барысында монархия билігі құлатылып, демократиялық республика жарияланды.

Демократиялық толқындардың қарқынды өрлеу кезеңі 1920 жылдың сонына сәйкес келді. Бұдан кейін толқындар бәсендеді. Австро-Венгрия, Ресей, Германия және Осман империалары күйреді.

Еуропа әлемінде бұрынғы үш республика қатарына жаңадан 10 мемлекет қосылып, республикалық елдер саны 13-ке жетті...

Міне, оқу материалдарын осылайша оқып-үйренген жағдайда арнайы пысықтау жүргізу міндеп емес. Оның орнына оқушылар дәптеріне болған оқиғаны өздері түсініп, жазып отырса, есте сақтау қабілеттері күшіе түседі.

Сондай-ақ оқушылар жаңа сабакты мұғаліммен бірлесе талқылап, өздерін еркін үстап, жаңа тақырыпты талдай отырып үйренеді. Содан кейін оларға тақырыпқа байланысты қосымша хабарлама дайыннатуға болады.

## § 8. ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛУЫ

### *Сабактың маңсаты*

Бірінші дүниежүзлік соғыс Еуропадағы альш күштердің орналасу жағдайын түбекейлі өзгертті. Қуатты империялар ыдыраған аумактарда тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Венгрия, Австрия, Сербия, Чехословакия, Польша, Литва, Латвия және Эстония, Украина, Белоруссия, Әзіrbайжан, Армения, Грузия, Турция, Араб елдері сияқты ұлттық мемлекеттердің құрылудың маңызын, олардың басқару жүйелері мен кейінгі тағдырларын түсіндіру. Сондай-ақ ұлттық тәуелсіздікке жету жолындағы мемлекеттердің прогрестік сипатын ашып көрсету.

Карта, окулық, басқа да қажетті деректерді пайдалана отырып, оқушылардың таным қабілетін жетілдіру қажет. Тарихи оқиғалар мен үғымдарды терең игеру, білім және білік дағдыларын қалыптастыруға мол мүмкіндік береді.

Қосымша құрал ретінде атлас, кодоскопты пайдалануға болады. Сабакты дәріс түрінде, сұрақ-жауап әдістерін қолданып жүргізуге болады.

### *Откен сабакты қайталауға арналған сұрақтар*

1. Демократиялық толқындардың жетістіктері мен бәсендедеуін түсіндіріндер.
2. Бұкаралық қозғалыстардың өрши түсуінің себебі неде?
3. Реформалардың маңызы қандай?
4. Революциялар мен төңкерістер. Веймар Республикасы туралы не білесіндер?

Мұғалім оқушылардың жауаптарын тындалап, қорытындылайды. Жаңа тақырыптың негізгі мәселелерін мұғалім кодоскоп арқылы экранға түсіріп, түсіндіруге кіріседі немесе ауызша айттып, оқушылардың дәптерлеріне жаздырады.

### *Сабактың негізгі мәселелері*

1. Австро-Венгрияның ыдырауына байланысты құрылған мемлекеттер және олардың басқару жүйелері.

Мұғалім жаңа сабактың негізгі мәселелерін кезекпен айттып, түсіндіріп, төменде ұсынылған кестені толтырып отыруға тапсырма береді. Сондай-ақ окулық материалын пайдаланып, кесте қуруға тапсырма беріп, аталған мемлекеттер мен олардың басқарушыларына сипаттаманы оқушылармен әңгімелесу барысында сұрақ-жауап түрінде айқындан алған тиімді болмақ. Сабакта кездескен үғымдар мен жаңа сөздерді тақтаңың оң жақ шетіне жазып, мағынасын сөздіктен оқытуға немесе ауызша айттып түсіндіріп кетуге болады.

№	Мемлекеттер	Басқару жүйесі	Мемлекет басшылары
1.	Венгрия, Австрия		
2.	Чехия, Словакия		
3.	Сербия, Хорватия, Словения		

Оқушылар кестені мұғалімнің дәрістерінде айтылған материалдарға сүйеніп, толтырып отырады.

№	Мемлекеттер	Басқару жүйесі	Мемлекет басшылары
1	Польша	Парламенттік республика	Ю.Пильсуский
2	Финляндия	Республика	К.Э.Мянгергейм
3	Эстония	Құрылтай жиналысы	К.Кятс
4	Латвия	Құрылтай жиналысы	К.Ульманис
5	Литва	Парламенттік республика	А.Сметон

2. Ресей империясының ыдырауына байланысты құрылған мемлекеттер мен олардың басшылары туралы.

3. Ресей империясының құрамындағы Украина, Белоруссия, Әзіrbайжан, Грузия мемлекеттері туралы оқулық материалынан оқып келуге тапсырма беріледі.

4. Мұғалім Қенес үкіметі жариялаған “Халықтар құқықтарының Мәлімдемесі” мен “Шығыс және Ресейдегі барлық енбекші мұсылмандарға” атты құжаттардың отаршылдыққа қарсы құрестегі маңызын түсіндіріп, араб елдерінің қазіргі кездегі жағдайына байланысты мынадай сұрақтар қояды:

1. КСРО құлаганнан кейін, Араб елдерінің дамуында қандай өзгерістер болды?
2. Араб елдері өз тәуелсіздігіне қашан ие болды?
3. Йемен, Сауд Арабиясы туралы не айтар едіндер?
4. Сауд Арабиясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы қазіргі кездегі қарым-қатынастар туралы не білесіндер?

Түркияның дамуы туралы айта келіп, Мұстафа Кемал паша реформаларының маңызына тоқталып өтүге болады. Кемал пашаға портреттік сипаттама беріледі.

1. Түркияның 1924 жылғы Ұлы Халық жиналышы жариялаган Конституциясының маңызы қандай?
2. Түркияның жаңаша даму жолына тусуі оның экономикасының дамуына қандай әсер етті?
3. Түркияның халықаралық беделінің өсуі КСРО-мен арадағы қатынастардың дамуына қандай ықпал жасады?

Мұғалім осындай сұрақтарды оқушыларға ұсына отырып, бірлесіп қорытындылай келе, Түркия мен Қазақстан Республикасының арасындағы қазіргі кездегі қарым-қатынастар туралы оқушыларға үйден шағын шығарма жазып келуге тапсырма беруіне болады.

Сабак барысында жаңа сөздер мен ұғымдар тақтаға жазылып, олардың мағыналары түсіндіріледі.

### ***Жаңа сөздер мен ұғымдар***

Регент — уақытша патшалық билік. Мұндай мемлекет Югославия патшалығында төрт мемлекеттен құрылды:

Сербия;

Хорватия;

Словения;

Черногория.

Парламенттік басқару жүйесі

Сейм — жоғарғы заң шығарушы орган;

Санация — жаңа орган;

Ватан — саяси үйірме.

Осылайша Югославия мемлекетінің тарихына байланысты кездесетін жаңа сөздерге түсінік беріліп кетеді.

Паша — лауазым;

Гази — әскери атак;

Ататурік — лауазым;

Этатизм — мемлекет саясаты.

Осындай сөздер мен ұғымдарды атап түсініктеме бергеннен кейін, мұғалім жаңа сабакты пысықтау кезінде оқушылардан қайталап сұрап, есте сақтауға әсері мол тәсілдерді қолданады.

### ***Жаңа сабакты бекіту сұрақтары***

1. Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы ұлт-азаттық қозғалыстардың күшекоіне қандай өкігалар ықпал етті?

- Австрия Республикасы, Югославия, Чехословакия қалай пайда болды?
- Осман империясы неліктен құлады?
- 1918—1923 жылдардағы түркі халқының ұлт-азаттық қозғалысын кім басқарды?
- Шығыс Араб елдеріндегі оқиғалар қалай дамыды?

Үй тапсырмасына оқулық бойынша дайындалып, төмендегі тапсырмаларды орындаپ келуге ұсыныс жасауға болады:

- Қазақстан Республикасы мен Турция арасындағы қарым-қатынас туралы шағын шығарма жазып келу;
- Казақ елінен шыққан көрнекті мемлекет қайраткері Н.Терекұлов туралы мәліметтер жинау;
- Осман империясы ыдырағаннан кейінгі мемлекеттер туралы кесте толтырып келу.

№	Мемлекеттер	Құрылған уақыты	Кейінгі тағдыры

Кестені толтыру, бекіту сұрақтарының да рөлін атқарады.

## § 9. КСРО-да ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

### *Сабактың маңызы*

КСРО-дағы тоталитарлық жүйенің орнауы туралы түсіндіру. 20—30-жылдардағы КСРО-ның сыртқы саясатын баяндау және оқушыларға тоталитарлық жүйенің қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін ашып көрсету. Осыған орай оқушыларға төмендегідей сұрақтар мен тапсырмалар беруге болады:

- Венгрия мен Австриядагы соғыстан кейінгі жағдайларды түсіндіріңдер.
- Ресей империясының құлауына байланысты құрылған мемлекеттер туралы әңгімелендер.
- Тәуелсіз Қеңестік республикалардың құрылуының нәтижесі туралы айтып беріңдер.
- Түркия мемлекетін құрудагы Мұстафа Кемал пашаның қызметіне баға беріңдер.
- Нәээр Төрекұловтың Сауд Арабиясымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатудағы рөлі қандай болды?

## **Жаңа сабактың жоспары**

1. Қазан төңкерісі және Ресейде большевиктердің билікке келуі.
2. Кеңес үкіметінің алғашқы жүргізген шаралары.
3. Жер туралы Декрет.
4. Большевиктердің ұлт саясаты.
5. Азамат соғысының және интервенцияның басталуы.
6. Большевиктердің ұлт саясаты.
7. КСРО-ның құрылуы. Үлттық автономия мәселелері.
8. Индустріяландыру және ұжымдастыру саясатын бүрмалау мен оның салдары.
9. КСРО-да тоталитарлық жүйенің орнауы.
10. Коминтерн және оның рөлі.
11. 20—30 жылдардағы КСРО-ның сыртқы саясаты.

## **Жаңа тақырыпты оқып-үйрену**

Оқушыларды 3—5 топқа бөлеміз. Әр топқа ішінде карточка-лары бар 3 қалтадан (№ 1, № 2, № 3 — өр түсті болуы мүмкін) тапсырмалар дайындалады.

Сабактың тақырыбы, мақсаты, жоспарымен таныстырғаннан кейін, әр топқа қалталарды (конверттерді) таратып береміз.

### **1-қалтадағы карточкалар:**

Жаңа экономикалық  
саясат дегеніміз не?

ЖЭС-ке көшудің  
 себептерін анықтау.

ЖЭС кеңес халқына  
қалай игі өсерін тигізді?

### **2-қалтадағы карточкалар:**

Өкімшіл-әміршілік басқару жүйесінің  
қалыптасу себептерін түсіндіріндер.

Өкімшіл-әміршілік басқару жүйесінің  
қандай белгілерін суреттей аласындар?

Кеңес үкіметі қай жылы  
Үлттар Лигасына мүше болды?

20—30-жылдардағы Кеңес үкіметінің сыртқы  
саясаты қандай құжаттарға сүйенді?

### **3-қалтадағы карточкалар:**

Өкімшіл-әміршілік басқару жүйесінің Қазақстанға әсері болды ма?

Пәрменді индустримальдырудың және ұжымдастырудың қажеті болды ма?

Кеңес үкіметінің ең алғашқы дипломатиялық қатынас орнатқан елдерін атандар.

(**Ескертуу:** қалталардағы карточкалар көбейтіліп, барлық топтарға таратылады.)

Бұдан әрі оқушылар өздігінен жұмыс істейді. Мұғалім басшылық жасап, қайтарылған жауаптардың дұрыстығын тексеріп отырады. Топқа бөлінген оқушылар өздеріне берілген сұрақтарды оқулықтың көмегімен іздестіріп тауып, қысқаша жауаптар қайырады, оларды дәптерлерінә жазады.

Енді әр топтың жауабын тыңдал, сынып болып тексерін тиімді болмақ. Әр топтың мүшесі жазған жауаптарын ауызша оқиды. Оны сынып болып оқулықтан тексеріп дұрыстығына көз жеткіземіз. Ал оның дұрыстығын мұғалім мақұлдамаса бұл топқа баға қойылмайды.

Бұдан кейін тақтаға сыйылған кестені оқушылардың жауабына қарап толтыра бастаймыз.

	<b>Сұрақтар</b>	<b>Жауаптар</b>
	1	2
1.	Жаңа экономикалық саясат дегеніміз не?	
2.	ЖЭС-ке көшудің себептерін анықтандар.	
3.	Жаңа экономикалық саясат Кеңес халқына не берді?	
4.	Өкімшіл-әміршілік басқару жүйесінің қалыптасу себептерін түсіндіріндер.	

	1	2
5.	Өкімшіл-әміршілік басқару жүйесінің қандай белгілерін білесіндер?	
6.	Кеңес үкіметі қай жылы Ұлттар Лигасына мүші болды?	
7.	20—30-жылдардағы Кеңес үкіметінің сыртқы саясаты қандай күжаттарда көрініс тапты?	
8.	Өкімшіл-әміршілік басқару жүйесінің Қазақстанға әсері болды ма?	
9.	Пәрменді индустримальдырудын және ұжымдастырудың қажеті болды ма?	
10.	Кеңес үкіметінін ең алғашқы дипломатиялық қатынас орнатқан елдерін атандар.	

Әр сұрақтың тұсына жауабы жазылады (топтар бірінің қатесін бірі түзеп отырады).

Тақырыпқа байланысты ұсынылған кестені толтырып болғаннан кейін мұғалім сабакты қорытындылайды. Кестені дұрыс толтыру бекіту сұрақтарының да рөлін атқарады.

Мұғалім бұдан кейін окушыларға Жер туралы Декрет тақырыбына хабарлама дайындау туралы тапсырма береді.

**Жер туралы Декрет.** Жер туралы мәселе миллиондаған орыс шаруаларын қатты мазасыздандырды. Кенестердің II Бүкілресейлік съезі Жер туралы Декретті бекітті.

Декрет помещиктік жекеменшікті тез арада жойып, мемлекеттік меншікке ауыстыру туралы жариялады. Декрет бойынша шаруалар кеңес өкіметінен революцияға дейін помещиктерге, буржуазияға, монастырларға берілген жерді қайтарып алды. Жер жан басына немесе еңбекке қабілетті адамдардың санына қарай бөлінді.

### **Тақырыпқа қатысты термин сөздер**

**Тоталитаризм (лат.)** — мемлекеттік режим, қоғам әмірінің барлық саласына мемлекеттің толығымен бақылау жасауы.

**Шовинизм (франц. soldat атымен)** — ұлтшылдықтың бас-

қыншылық түрі, ұлттық ерекшелікті үгіттеу, ұлттық татулықтың менмендігі.

**Экология** (грек. “отан”, “үй”) — табиғат пен қоғамның өзара карым-қатынасы, коршаған ортаны көргауга бағытталған шаралар кепілі.

**Жекешелендіру** (лат. “жеке”) — мемлекеттік меншікті ұжымдарға, акционерлерге, жеке тұлғаларға сату (беру).

**Декрет** (лат.) — бір мәселе бойынша жоғарғы өкіметтің заң күші бар қаулы.

**Диктатура** (лат.) — 1) антогонистік топтар бар қоғамдағы бір таптың саяси билігін жүргізу жүйесі;

2) төтенші жағдайда мемлекеттік басқаруды қарулы күштерді пайдалану арқылы жүргізу.

### **Ұсынылатын әдебиеттер**

1. Қожахметұлы К., Шупеков Ә., Ғұбайдуллина М., Дәкенов М. Дүниежүзі тарихы. (1914—1945 жж.) Қоғамдық-гуманитарлық бағыт. 10-сынып оқулығы. Алматы: “Мектеп”. 2010.
2. Все предметы школьной программы в схемах и таблицах. История, география. Олимп. М., 1997.

## **§ 10. 1929—1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс**

### **Сабактың маңсаты**

Капиталистік мемлекеттердегі экономикалық дағдарыс-тың мөнін ашып түсіндіру. Шетелдердің дағдарыстан шының жолдарының ерекшеліктерін атап көрсету.

### **Сабактың барысы**

Капиталистік мемлекеттердің дамуының тұрақтылығы ұзаққа созылмады. 1929—1933 жылдар экономикалық дағдарыс жылдары. Одан әрі дағдарыстың себептері мен басталу кезеңі айтылады. Дағдарыс жылдарындағы халық-аралық жағдай мен Версаль-Вашингтон жүйесінің күйреуі туралы мұғалім кенірек әңгімелеп береді. Жаңа тақырыпты оқытып-үйретуде тақтаға диаграмма сызып, әңгіме үйімдастыруға болады. Экономика деген сөздің мағынасын түсіндіру қажет. Оқу материалы мен “Шетелдердің қазіргі заман тарихы” атты атласты пайдалануға болады.

1. Өткен тақырыпты қайталауға 7—10 минут уақыт бөліп, талдауға бірнеше сұрактар қоюға болады:

1. Ресейдегі тоталитарлық жүйенің орнауының себептері туралы айтып беріндер.

2. КСРО-ның 20—30 жылдардағы сыртқы саясаты.

Оқушыларға тоталитарлық жүйенің мәнін түсіндіріп, КСРО-ның сыртқы саясатына қысқаша түсінік беріледі. Өткен сабакта қорытынды жасай отырып, төмендегі сұрақтарды ұсынып отырмыз.

1. АҚШ-тағы жағдай.

2. Жұмыссыздық.

3. Қоғамдағы көніл күйдің өзгеруі.

4. Кейнсианшылдық.

5. Азия, Африка, Латын Америкасындағы дағдарыс.

6. Халықаралық қатынастар дағдарысы.

АҚШ экономикасындағы дағдарыстың көріністерін айқындайтын ұғымдар: *биржа, акция, технология, репарация, бюджет тапшылығы* деген сөздер туралы түсіндіріп, осы сөздерді қолданып сөйлем құру жөнінде оқушыларға тапсырма беруге болады. Дағдарыс Азия, Африка, Латын Америкасы континеттеріндегі басқа елдерді де қамтыды. Еуропа елдеріне қарағанда бұл елдердегі дағдарыстың ерекшелігі мен айырмашылығы неде? Оқушыларға бұл елдер экономикасының артта қалуының себептері мен АҚШ-қа тәуелді болуының себептерін география пәнінен алған мәліметтерді еске түсіре отырып жауап беру керек екендігін ескерткен орынды.

Кейнсианшылдық идеясының авторымен таныстыры айтып “Жұмыспен қамтамасыз ету, процент және ақша теориясы” туралы енбегіне тоқталып өтуге болады.

Мұғалім Латын Америкасы елдері жөніндегі оқушылардың білімдерін тексеру мақсатында Латын Америкасындағы елдердің ішінде қандай елдер кофе, какао, астық өнімдерін шыгаратындығы жөнінде сұрақтар қойып, жауап алғаны дүрүс.

Латын Америкасы елдері туралы фильмдерді соңғы кездері экраннан көбірек көреміз. Осы фильмдердегі сюжет арқылы Латын Америкасындағы шикізат өнімдерін шыгаратын елдерге дағдарыс жылдарында, өсіресе төменде аталған елдерге аса қын жағдайлар туғанын білеміз.

Аргентинада паровоздар мен пароходтарды жүргізу үшін, көмірдің орнына өтпей қалған бидайды жақты. Бразилия

11млн тонна кофесін мұхитқа төкті. Шикізат өнімдерінің бағасы осыдан кейін құрт төмендеді. Мұндай өрескел әрекеттердің салдары қандай болуы мүмкін? “Еуропа елдеріндегі жоғарыда қарастырылған мысалдарға сүйеніп, өз пікірлерінді айтындар. Оқулық материалдарын қарап, үйден оқып келіндер”,— деп оқушыларға тапсырма беріледі. Батыс Еуропа елдерінің бірігіп, дағдарыстан шығу жолдарын іздеуі олардың арасындағы қайшылықтарды одан өрі шиеленістірді.

Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс мына кестеде көрсетілген мемлекеттерге қалай өсер етті?

Оқушылар тапсырманы үйден орындаиды.

Англия	АҚШ	Германия	Франция	Бразилия

Дүниежүзілік дағдарыс жұмыссыздар санын көбейтті. Дағдарыс жылдарында өлемдегі жұмыссыздар саны 30 — 35 млн-ға жетті. Бұлардың отбасын қосқанда 100 млн-нан астам еңбекшілердің өл-ауқаты мүшкіл болды. АҚШ-тағы өндіріс өнімінің мөлшері 46%-ға кеміді. Дағдарыстың өсерінен аштық, жұмыссыздық, шаруалардың жаппай канғыруы көбейіп кетті, адам шығыны ұлғайды. Осы мәліметтерге сүйене отырып оқушылар қай елдерде жұмыссыздықтың белең алғандағын салыстырып, қорытынды жасайды. Оқушыларға қосымша хабарлама дайындау тапсырылады.

Сондай-ақ 1929 жыл мен 1932 жыл аралығындағы осы елдердегі жұмыссыздықтың мөлшерлік санын салыстырып, соның салдарынан болған қыншылықтар туралы оқулықтан тауып келуге тапсырма беріледі.

### ***Бекіту сұрақтары***

1. 1929 — 1933 жылдардағы дағдарыстың әрекшеліктерін атаңдар.
2. Бұл дағдарыстың ұзакқа созылуын қандай себептермен байланыстырар едіңдер?
3. Дағдарыстың әлеуметтік және экономикалық салдарын түсіндіріңдер.

## § 11. АҚШ: “ЖАҢА БАҒЫТ” САЯСАТЫ

### *Сабактың маңсаты*

Американың 1920 жылғы дүниежүзілік экономиканың дамуындағы рөлі, оның қарожат капиталының Еуропа елдерінің экономикасын қалпына келтіруге тигізген көмегі туралы өндіме қозғау. 1920 жылы АҚШ экономикасының тұрақталу жылы екенін нақты көрсету. 1929 жылғы дағдарыс себептері және оның Америка қоғамына, дүниежүзілік шаруашылық экономикасына тигізген зардабы (оның себептерін көрсету). Ф.Д.Рузвельттің “Жаңа бағыт” шараларының негізін сипаттай отырып, АҚШ үкіметінің саяси әлеуметтік бағдарламасын, “Жаңа бағыт саясатының” теориялық негізін түсіндіру. “Жаңа экономикалық стратегияның” бастаушысы ретінде Ф.Д.Рузвельттің іскерлігіне баға беру. Мемлекеттік нарықтың экономиканы тәртіпке келтіру тәжірибесінің тиімділігіне қорытынды жасау.

Ф.Д.Рузвельттің “Жаңа бағыт” саясаты бойынша негізгі шараларына қатысты мұғалімнің тақырыптық кесте жасағаны дұрыс. Ол сабактың мазмұнын байыта түсері даусызы. “Ұлттық экономиканы қалпына келтіру заңы” бойынша да жұмыс жоспарын өзірлеп, оған оқушыларды қатыстырып отыру керек.

### *Жаңа сабакты түсіндіру*

Жаңа сабакты ауызша баяндау өдісімен, көрнекі құралдарды пайдалана отырып түсіндірген абыз.

Мұғалім сабакты түсіндірер алдында мына мәселелерге кенірек тоқтала кеткені жөн.

1. 1920 жылдардағы АҚШ-тың дүниежүзілік экономикадағы рөлін анықтау, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Еуропа мемлекеттерінің экономикасын көтерудегі американалық несие қорының қатынасы туралы (Ч. Дауәстің жоспары).

2. Бұл жылдар — АҚШ экономикасы үшін тұрақтану және көркею жылдары болды.

3. 1929 жылғы дағдарыстың себебін анықтау және оның Америка қоғамына, дүниежүзінің экономикалық шаруашылығына тигізген әсері.

4. Ф.Д.Рузвельттің “Жаңа бағыт” саясатына байланысты шараларды сипаттау, АҚШ өкіметінің әлеуметтік саяси бағыттары туралы.
5. “Жаңа бағыт” саясатының теориялық негізін анықтау.
6. Ф.Д.Рузвельттің “Жаңа экономикалық стратегиясына” баға беру.
7. Нарық экономикасының қорытындылары туралы.

### ***Жаңа сабактың жоспары***

1. АҚШ-тың дағдарысқа дейінгі кезендеңі дамуы.
2. АҚШ-тағы экономикалық дағдарыстың ерекшеліктері.
3. 1932 жылғы президент сайлауы. Франклін Рузвельттің жеңісі.
4. Президент Рузвельттің “Жаңа бағыт” саясаты.
5. Көсіподақ қозғалысының өрлеуі.
6. Үкімет саясатындағы “Солға ығысу” және ішкі саяси күрестің шиеленісі.
7. Жоғарғы сот реформасы және оның сәтсіздікке ұшырауы.
8. Жаңа дағдарыс.
9. АҚШ-тың “Жаңа бағыт” саясатының маңызы.
10. АҚШ-тың сыртқы саясаты.

Жаңа сабак жоспарының алғашқы мәселесі бойынша мұғалім оқулықтағы кестені пайдалана отырып, түсіндіреді. Ч. Дауэс жоспары бойынша репарация мәселесін шешу.

Екінші тақырыпша бойынша материалды түсіндіру үшін оқулықтағы мәтінмен жұмыс істейміз.

Үшінші тақырыпша Ф.Д.Рузвельттің “Жаңа бағыт” саясаты. Ф.Д.Рузвельттің президенттік қызметке кіріскең тұсы АҚШ-тағы дағдарыстың шиеленісін кезі еді. Америка банктері жаппай банкротқа ұшырап жатты. Ұсақ салымшылар банктерден өз салымдарын аман сактауды талап етті. Айналымдағы ақшаның жетіспеуінен банктер қызметтің тоқтатуға мәжбүр болды. Бұл жағдай елдің экономикасын тіптен тұралатып тастады. Рузвельт банктерді дағдарыстан шығарудың жолын іздестірді.

Ол арнайы конгресс мәжілісін шақыртып, банктер жөнінде төтенше актілер қабылдатқызуға қол жеткізді. Бұл құжаттар бойынша ірі банктер мемлекеттік несие алды. Ал 5 мың ұсақ банктерге несие берілмеді, сондықтан олар жабылып қалды. Осындай тәсілдерді қолдану арқылы Ф.Д.Рузвельт банктерді дағдарыстан құтқарудың бағдарламасын жүзеге асырды. Банктерді реформалау барысында олар орталықтандырылып, мемлекеттің қолына елдің бүкіл

алтын қоры шоғырландырылды. Мемлекеттің банк жүйесіндегі рөлі күштейтілді.

Ұсақ және орташа қаржы салымшыларын қамсыздандыру жұмысы қолға алынды. Банктік жүйені құтқарып қалу жолындағы шаралар Рузвелттің үкіметінің “алғашқы жұз күнінің” бастапқы кезі болатын. Бұл кезде мемлекеттің дағдарыстан шығаруға бағытталған бірқатар төтенишке заңдар қабылданды. 28 мың американцың тарға Ф.Д.Рузвелттің көмек көрсету бағдарламасына сәйкес “Жана бағыт” саясатын жүзеге асырудың басында-ақ осындағы көмек көрсетілді. Сөйтіп, президент өзінің сайлау алдында берген уәдесін орындалды. Жұмыссыздықты тоқтату үшін адамдарды қоғамдық жұмыстарға тарту шаралары іске асрылды.

Өнеркәсіпті қалпына келтіру туралы ұлттық заңының негізінде кәсіпкерлер қауымдастықтары жеке бәсекелестік кодекстерін дайындалап, Рузвелттің бекіткен соң заң күшіне енді. Кодекстер өндірістің жағдайын және көлемін, сондай-ақ құн мөлшерін белгілейді. Жеке корпорациялардың, акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздар шығаруына мемлекеттік бақылау орнатты. Ауыл шаруашылығын реттеу заңы бойынша фермерлерге өндірістің қыскартқаны үшін мемлекет ақы төлеуге кірісті. Мемлекеттің экономиканы реттеуді өз қолына алуы экономиканы жандандырды. Бұл жандану 1933 жылдың көктемінде басталды. Бұл жағдай Ф.Д.Рузвелттің беделін арттырып, адамдар оған ұлттық құтқарушы ретінде қарады. Елде белгілі бір уақытқа дейін ұлттық тұтастықтың жағдайы қалыптасты.

Жана сабак жоспарының соңғы мәселесі бойынша толыққанды түсінік алу үшін төменде беріліп отырған Д.М.Кейнстиң “Сұраныстың тиімді теориясы” сұлбасын пайдалануға болады.

***Негізгі түсініктер:*** күргақ заң, несие пирамидасы, ұлы күйизеліс, қара жұма, жана бағыт, жұмыс лагері, қоғамдық жұмыстар, адал коррупция, экономиканы түзету, тиімді сұраныс.


### ***Маңызды оқиғалар***

**1924 жыл — Ч.Дауәс жоспарының қабылдануы.**

**1929 жыл 29 қазан — Нью-Йорк биржасындағы құлдырау.**

**1932 жыл — Ф.Д.Рузвелтті АҚШ президенті етіп сайлау.**

Сабак барысында оқушыларға тақырыптың басты-басты мәселелерін дәптерлеріне жаздыру керек.



Сабакты қорытындылап, бекіту үшін мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. Басқа елдермен салыстырганда АҚШ дағдарыстан шығудың қандай жолын таңдады?
2. Ф.Рузвельтті көрнекті саяси қайраткер ретінде сипаттандар.
3. “Жаңа бағыт” саясатының мәнісі неде?
4. “Солға ығысу” несімен сипатталады?
5. АҚШ жүргізген сыртқы саясатқа байланысты пікір білдіріндер.

### ***Үйге тапсырма***

Осы тақырыпты үйден (§11) оқып келу.

### ***Ұсынылатын өдебиеттер***

1. Қожахметұлы К., Шүпеков Э., Ғұбайдуллина М., Дәкенов М. Дүниежүзі тарихы. (1914—1945 жж.) Қоғамдық-гуманистарлық бағыт. 10-сынып оқулығы. Алматы. “Мектеп”. 2010.

2. Все предметы школьной программы в схемах и таблицах. История, география. Олимп. М., 1997.
3. Аверьянов А.П., Грибов В.С., Козленко С.И. Методическое пособие по новой истории. М., Просвещение. 1989.

## § 12. 1918—1939 ЖЫЛДАРДАГЫ ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ ЕЛДЕРИ

### *Сабактың мақсаты*

Латын Америкасындағы елдердің ішкі өлеуметтік және экономикалық жағдайына тоқтала келіп, олардың Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі дамуына баға беру, оқушыларға осы тақырып аясындағы білімді менгертеу.

Сабакты оқушыларды топқа бөлу арқылы жүргізуге болады. Оның әртүрлі жолдары бар. Үйге алдын ала тапсырма беріп немесе мұғалім өзінің үйден дайындалп келген материалдарын сабак үстінде таратып, бірден жаңа сабакты оқушылармен бірлесіп игеруіне болады.

Келесі сабакта Мексика, Перу, Бразилия, Никарагуа, Аргентина, Чили, Куба, т.б. Латын Америкасындағы елдердің даму жағдайына тоқталамыз. Оқушыларға “осы елдердегі халықтың тұрмыс жағдайларына байланысты қызықты тарихи материалдарды тауып әкеліндер” деп тапсырма беруге немесе бұл материалдарды мұғалімнің өзі дайындалп әкелуіне де болады. 1922 жылдары Т.Марчело Альвеарс басқарған либералды топтың реформалар саясатына баға беру. Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс жылдарындағы Латын Америкасы елдеріндегі шаруалардың жағдайының нашарлап, құнсызданду мен қымбатшылық, жұмыссыздық бұқара халықтың жағдайын өлсіреткені жөнінде ашық та, нақты түсінік беру.

### *Жаңа сабакты түсіндіру*

Жаңа сабакты түсіндіру барысында алдымен сабактың тақырыбы айтылып (тақырыпты алдын ала тақтага жазып қоюға да болады), сабактың мақсатына тоқталған жөн. Мынадай сабак жоспары құрылады (жоспарды да тақтаның бір шетіне алдын ала жазып қоюға болады).

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Латын Америкасы елдерінің саяси және экономикалық жағдайы.
2. XX ғасырдың бірінші ширегіндегі либералдық реформалар.
3. 1929—1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс.

Жаңа сабақты ауызша баяндау, өнгіме түрінде өткіземіз. Жасалған жоспардың талаптары бойынша мұғалім тақырыптың мазмұнын баяндайды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында көптеген Латын Америкасы елдері тез даму жолына түсті. Өйткені олар шығаратын шикізаттар мен тауарларға сұраныс көбейді. Үлттық өндіріс орындары дамып, темір және автомобиль жолдары салынып жатты. Бірақ экономиканың қарқынды дамуына және саяси өмірдің өзгеруіне латифундизм кедергі болды. Латифундия шонжарлары бұрынғысынша шетке шығаратын тауарлардың тек шағын түрлерімен, айталық кофе, қант немесе жемістер өндіру, сатумен айналысты. Соған қарай Латын Америкасы елдері бірыңғай өнімді (“монокультура”) өндірумен өуестенді. Ал кәсіпорындар өз өнімдері нашар болғандықтан, басқа аймақтардан, өсіреке Еуропадан және АҚШ-тан неше түрлі өндіріс тауарларын сатып алуға мәжбүр болды.

20-жылдардың ортасынан бастап сонына дейін Латын Америкасы елдерінің даму қарқыны біраз алға басты. Еуропа, АҚШ-тың тілектерін орындаі отырып, бірқатар елдердің, атап айтқанда, Бразилия, Венесуэла, Аргентина, Боливия, т.б. экспортты дами түсті. Тәтті қамыс шекері, мақта, кофе, жеміс және ет шетке жөнелтіліп, мемлекетке кейде табыс өкелсе, енді бірде шығыны артып отырды. Бұл елдерге Еуропадан көшіп келушілер саны көбейді. Ауыл шаруашылығы, женіл өнеркәсіп және тау-кен кәсіпорындары жетіле түсті. Оған шетел капиталы кәдімгідей көмектесті. 1929 жылға қарай шетелдерден келген қаржы 1914 жылға қарағанда 1,5 есе көбейіп, 15 млрд доллар болды.

Латын Америкасы елдерінің саяси дамуы біркелкі болмаса да оған әр елдегі әрқалай жағдайлар өзінің ықпалын тигізіп келді.

Жаңа тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. “Стандартойль” компаниясы мен Ройялдатчелл” компаниясы арасындағы бәсеке туралы айтып беріңдер.
2. “Улкен шоқпар”, “Мейірімді көрші” саясаты туралы не білесіңдер?
3. Лима қаласында өткен кездесудің маңызы неде?

## § 13. ҰЛЫБРИТАНИЯ МЕН КАНАДА СОҒЫСАРАЛЫҚ КЕЗЕНДЕ

### *Сабактың маңсаты*

Оқушыларды дүниежүзілік екі соғыс аралығындағы Ұлыбритания мен соғысқа дейінгі Канаданың саяси және экономикалық жағдайымен таныстыру. Л.Джордж үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты, Р.Макдоналд қалыптастырған ұлттық үкімет, бірінші және екінші лейбористік үкімет туралы мағлұмат беру.

### *Сабактың көрnekілігі*

Оқулық, Англияның картасы, буклеттер, “Дүниежүзінің саяси картасы”.

Оқушылардың білім деңгейін карточка арқылы пысықтауга болады. Алдын ала 10—15 карточка дайындалғанда алып, оқушыларға таратып береміз.

Содан кейін үй тапсырмасы сұралып, тақырып материалдары қорытындыланады.

### *Жаңа сабактың жоспары*

1. Ұлыбритания үшін бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы.
2. Ллойд Джордж үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты.
3. Бірінші және екінші лейбористік үкімет.
4. 1931 жылғы тамызда Макдоналд ұлттық үкіметті қалыптастыруды.
5. Соғысқа дейінгі кезендеңі Канада.

Жаңа сабакты топпен жұмыс жүргізу арқылы түсіндіреміз.

Англияның саяси құрылымы дәстүрлі парламенттік монархия негізінде дамыды.

Мұғалім сабакты түсіндіру барысында осы мәселелеге көбірек көніл аударғаны жөн.

Ұлыбританияда негізгі Конституция болған жоқ. Оның орнына конституциялық сипаттағы бірқатар тарихи манызы зор, мазмұны әр алуан құжаттар қабылданып, іске асырылды. Мысалы, 1701 жылғы мирасқорлық және 1911, 1943 жылдардағы парламент жөніндегі құжаттар (актілер). Мұндай тәртіп 1914-1918 жылдардағы Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында да сақталды.

Бірінші дуниежүзілік соғыс Англияға орасан зор қыншылықтар тудырды. Соғыс жылдарында бұқара халықтың әл-ауқаты өбден нашарлады.

1922—1923 жылдары үкімет басындағы консерваторлық партиялардың іс-әрекеті онша көзге түсе қоймады. Өз билігін жалғастыру ниетімен консерваторлық үкімет 1923 жылы кезектен тыс парламент сайлауын өткізді. Сайлауға қатысқан ең ірі буржуазиялық партиялардың бірде-біреуі басым көпшілік дауысты жинай алмады.

Осындай жағдайда жаңа үкіметті құру лейбористік партияға жүктелді. 1924 жылдың 22 қаңтарында Англияды *Бірінші лейбористік үкімет* құрылды. Оның басына лейбористік партияның жетекшісі Рамсей Макдональд келді.

Бірінші лейбористік үкіметтің алдында дамудың саяси бағытын таңдау мәселесі тұрды. Бұл жөнінде үкімет пен лейбористік партияның арасында тартыс басталды. Саяси дамудың бір бағытын солшыл лейбористер ұсынды. Солшыл лейбористер өнеркәсіпті мемлекет меншігіне айналдыру бағдарламасын жүзеге асыруға тырысты.

Ал лейбористік партияның реформалық бағытын жақтаған жетекшілері солшыл лейбористердің бағытына қарсы шықты. Реформалық бағыттағы лейбористер өздерін жалпы үлттық мұддені қорғаушылар ретінде таныттып, өз бағдарламарын еволюциялық жолмен жүзеге асыруды мақсат етті.

1929 жылғы кезекті парламент сайлауында қауым палатасында көп дауысқа ие болған лейбористік партия ірі жеңіске жетті.

Сөйтіп, 1929 жылы екінші рет лейбористер партиясы үкімет құрды. Бұл үкіметтің қызметі елдегі терен экономикалық дағдарыс кезеңіне тап болды.

Бұл үкімет 10 айдай өмір сүріп, икемді өдістермен буржуазиялық саясат жүргізуға тырысты. 1929 жылдан Р.Макдональд лейбористердің екінші үкіметін құрды, ол екі жылдан астам қызмет етті.

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басында Англияның әлеуметтік-саяси өмірінде ірі-ірі өзгерістер болды. XIX ғасырда Англия еркін бәсекелестікте қалыптасқан классикалық капиталистік ел болатын. Осы елде классикалық либерализм идеологиясы дамыған еді. Бұл идеологияның “негізінде әркімге жеке еркіндік, қоғамның экономикалық және әлеуметтік өміріне мемлекеттің араласуының еркін сауда идеясы” алынған-ды.

Ұлыбританиядағы саяси партиялар елдің ішкі жөне сыртқы саясатында әртүрлі бағыт ұстады. 1931 жылғы тамыз айында Р.Макдоналд ұлттық үкіметті қалыптастырыды, кәсілодақтарда солшыл күштердің ықпалы артты. Үкімет буржуазиялық-демократиялық бостандықты бірте-бірте шектеді.

Үкіметті қайта құрудың нәтижесінде билік қайтадан консерваторлардың қолына өтті. 1937 жылды кабинет басшылығына Германия ұстанымын көздеген Н.Чемберлен келді. Чемберлен үкіметі Гитлердің Автрияны және Чехословакияны басып алудына жол берді. 1938 жылды наурызда гитлершілер аншлюсті жүзеге асырганда Англия ешқандай қарсылық көрсетпеді. Консерваторлардың Мюнхен саясаты Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына ықпал етті.

1931 жылды Канада Британияның өзге де доминиондарымен бірге Ұлыбритания құрған валюталық топ-стерлинг блогына енді. Сол жылды метрополия мен доминиондар Британия ұлттық мактастығына біркіті. Басқару формасы бойынша Канада конституциялық монархия күйінде қалды.

Жалпы, Канада қоғамының саяси өмірі метрополияда байқалған дағдарыстар мен шарықтаулардан ешбір айырмашылығы болмады. Канада екі соғыс кезінде де Ұлыбритания жағында болып, кескілескен үрыстарға қатысты.

Тақырыпты өткенде негізгі мәселелер мұғалімнің баяндауымен түсіндіріліп, нақты оқиғалар тақтага жазылады.

#### **§ 14. ФРАНЦИЯ ЖӘНЕ ИСПАНИЯ. ХАЛЫҚТЫҚ МАЙДАН**

##### ***Сабактың маңсаты***

Бұл тақырыпты өту барысында мұғалім мына мәселелерге токталуы керек.

Соғыстан кейінгі елдердің ішкі жағдайы, халықтық майдан бірлігін құру идеясы, оның жүзеге асырылуы туралы баяндау. Матиньон келісімі, 1936 жылғы Франция парламенті қабылдаған 133 зан, халықтық майдандағы дағдарыс және Испаниядағы франкшилердің бүлігі, азамат соғысы жағдайындағы халықтық майданның ұстаған

саясаты туралы мәселелерге теренірек үнілген жөн.

Мұғалім пән кабинетін сабакқа сәйкес безендіруді естен шығармау керек. Карта, кесте, бейнефильм, т.б.

Оқулық мәтіні соңындағы 1, 3, 5-сұрақтар бойынша оқушыларды тақта алдына шығарып, сөйletken дұрыс. Мұғалім оқушылардың жауаптарын мұқият тыңдал, дұрысын мадақтап, кемшіліктегінде түзету жасап отырады. Тек қол көтерген оқушылардыға емес, үндемей отырған оқушыларды да сабак процесіне араластырып, сұрақ қойып, өңгімеге тарту керек.

Өткен сабактың оқу материалын қорытып, алда оқытылатын материалды онымен байланыстыру мақсатында мұғалім үйге берілген оқу материалының негізгі мәселелерін еске салады.

### ***Жаңа тақырыптың жоспары***

1. Соғыстан кейінгі Франция мен Испанияның ішкі жағдайы.
2. Халықтық майдан.
3. Халықтық майданның өлеуметтік және саяси негізі.
4. Франциядағы фашистік құштердің саяси билікке жете алмауы.
5. Испан Республикасының женілісі.

Отілгелі отырған материалдың алғашқы тақырыппасын мұғалім өзі өңгімелеп түсіндіргені дұрыс. Бірінші дүниежүзілік соғыста ата жауы болған Германияның женін Франция Еуропа мен әлемдегі жағдайын нығайтуда қүш салды. Ол Германияға және КСРО-ға қарсы қатаң саясат үстады. Ишкі өмірде өлеуметтік тыныштық пен өндірісті дамыту бағдарламасы белгіленді.

Ал Испания соғысқа қатыспаған ел. Бірақ оның да экономикасы дағдарысқа үшінрады.

Тақырып жоспарының екінші мәселесі бойынша айтылар өңгіме — 1935 жылдың жазында Мәскеуде өткен Коминтернің VII конгресі барлық демократиялық құштерді фашизмге және жаңа соғыс қаупіне қарсы жұмылдыру туралы шешімін қабылданғандығы туралы болмақ.

VII конгресс біркелкі халықтық майдан шебін құруды міндеттеді. “Халықтық майдан” деген түсінік 1934 жылдың күзінде қалыптасып, фашизм мен соғысқа қарсы бағдарлама негізінде біріккен қоғамдық-саяси үйімдардың кең түрдегі одағы болды.

Дәл осы кезде кейбір Еуропа және Азия елдеріндегі қоғамдық өмірдің тәжірибесінен “фашизм” деген сөздің (түсініктің) мазмұны айқындалды.

Капиталистік елдердің саяси-қоғамдық өмірінде халықтық майдан бірлігін құру жаңа құбылыстардың көрінісіне айналды.

Халықтық майдан қозғалысы Франция мен Испанияда едәуір табыстарға жетіп, кең саяси-демократиялық топтардың бірігуіне сүйенген одактық үкіметтер түрінде байқалды.

**Франциядағы халықтық майданың женісі.** 1934 жылды 6 ақпанда 20 мыңнан астам қаруланған фашистер Париж көшелеріне шықты. Олар парламент пен басқа да үкімет үйлерін басып алуға әрекет жасады. Париждің аландары мен көшелерінде баскөтерулер басталды. Оқ-дәрі жару, үйлерге от қою, трамвай мен вагондарды аудару, таслақтыру кең өріс алды. Парижде 9 ақпанда болған 50 мыңдай демонстрация “Фашизм жойылсын!” деген ұранмен өтті.

12 ақпанда коммунистер мен социалистер 4,5 млн адам катысады жаппай саяси ереуіл үйімдастырылды. Бурже және Мец қалаларында демонстранттар фашистерді ұрып-соғып, тас-талқанын шығарды. Фашистердің үкіметті басып алу әрекетіне Францияның демократиялық күштері ойдағыдай сокқы берді.

1934 жылғы ақпан оқиғалары біртұтас майданың керектігін дөлелдеді. Барлық саяси бағыттағы жұмысшылардың қимыл бірлігі өрістей түсті.

1934 жылды шілдеде Леон Блюм басқарған социалистік партия ФПК-ның ұсынысын қабылдап, екі партияның қимыл бірлігі туралы пактіге қол қойды. 1935 жылды бұл пактіге Даладье бастаған радикалдық топтар қосылды. Халық майданының құрамына әртүрлі бағыттағы 48 үйім бірікті.

1936 жылдың сәуірдегі парламент сайлаудында халықтық майдан бірлігі ірі женіске жетті, ол депутаттар палатасында 381 орынға ие болды. Халықтық майдан бірлігіне сүйеніп, социалистік партияның басшысы Леон Блюм жаңа үкімет құрды. Оған социалистер мен радикалдар кірді.

**Матиньон келісімі.** 1936 жылдың жазында халықтық майдан үкіметі еңбек дауларын жұмысартуға әрекет жасады. Бұл үшін Париждегі премьер-министрдің кенесесі — Матиньон сарайында жалпы еңбек конференциясы мен

жалпы көсіпкерлер одағымен келіссөздер өткізілді. Келіс-сөздердің барысында халықтық майдан бірлігінің бірқатар талаптары жүзеге асырылды. Ереуілдер тоқтатылды.

Сабак жоспарының үшінші тақырыпшасын — халықтық майданның әлеуметтік және саяси негізін түсіндірмелі оқу өдісімен өткізген дұрыс. Үш оқушыға бөліп оқытып, мәтін мазмұнын ұжым болып талдаған тиімді. Сонынан “Дидактикалық материалдар” бойынша әңгіме үйимдастыруды оқушыларға өзіндік жұмыс ретінде беруге болады.

Төртінші тақырыпшаны әуелі мұғалімнің өзі түсіндіргені дұрыс. Ал қалғандарының мазмұнын оқушыларға айтқызыған пайдалы.

Бесінші мәселе бойынша да мұғалім түсінік беріп, сонынан сабакты қорытады.

Пысықтау кезінде тапсырмаларды дәптерге орындағып, сұрақтар қойып, негізгі ұғымдарды жаздырып қойған орынды.

Сабакты пысықтаудағы басты мақсат — бүтін өтілген оқу материалының негізгі мазмұнын сынып оқушыларының бәрінің дерлік түсінуі және оған мұғалімнің көз жеткізуі. Сынып оқушыларының белгілі бөлігі өтілген материалдағы негізгі білім элементтерін нақты білмеген жағдайда онда пысықтау кезінде сол шала менгерілген оқу материалын қайта түсіндіруге, пысықтауға тура келеді.

### ***Үйге тапсырма***

Тақырыпты түсіне оқып, мәтін сонындағы тапсырмалар мен сұрақтарға жауап өзірлеу; дидактикалық материалдар мен жұмыс дәптерінен тапсырма беру; сынныптан тыс окуға үсінілған әңгімелермен танысу (өз еркімен).

## **§ 15. ИТАЛИЯ МЕН ГЕРМАНИЯДАҒЫ ФАШИЗМ**

### ***Сабактың мақсаты***

Оқушыларға Б.Муссолинидің басшылығымен фашистік партияның үкімет билігіне келуі, елдегі фашистік- тоталитарлық режимнің орнауы туралы әңгімелеу, фашизм ұғымын түсіндіру, фашизмнің қозғалыс ретінде пайда болуын баяндау. Германияда және Италияда фашизмнің пайда болуы, оның бағыттарымен таныстыру. “Маттеотти дағдарысы”, фашистік тоталитарлық диктатураның қалып-

тасуы, Италия фашизмінің ерекшеліктері, Муссолини үкіметінің сыртқы саясаты, Веймар Республикасындағы дағдарыс, тоталитарлық диктатураның орнауы, экономикадағы жаңа саясат, Антисемитизм, ең соңында Германия-ның соғысқа дайындығы туралы әңгімелеу.

Оқушылардың білімі мен біліктілігін тексеру. Үй тапсырмасын сұрау. Жаңа материалдарды оқып үйренуге бағытталған басқа да өдіс-тәсілдерді кеңінен пайдалану мүғалімнің талғамына қарай атқарылатын жұмыстар. Әйтсе де оқушылардың оқып-үйренгенін бекітіп отыру маңызды іс болмақ.

### ***Үйымдастыру кезеңі***

Мүғалім сабакты оқушыларды түгендеуден бастайды. Бұл тәсілдің оқушылардың назарын сабак барысына қарай аударып, тәртіп жүйесін қалыптастыруға тигізер өсірі мол. Бұдан кейін үй тапсырмасын тексеруге бірнеше сұрақтар қойылыш, оқушыларға қайталауға 2—3 мин уақыт беруге болады. Сосын қол көтерген, дайындығы бар оқушыларды тақтаға шығарып, сұрақтар қойса да артық емес. Қосымша сұрақтарды оқушылардың өздері қойғаны да дұрыс. Мүғалім олардың қойылған сұраққа дұрыс жауап беруін қадағалайды. Дұрыс жауап берілмесе, өзі дұрыс бағыт-бағдар жасайды. Осыдан кейін мүғалім өтілген тақырыпты қорытындылайды.

Жаңа материалды оқып-үйрену барысында мүғалім бүтінгі өтілетін тақырып туралы әңгімелеп, қажетті деректерді тақтаға жазып қояды.

Кезекті тақырыпқа байланысты мынадай мәселелерді қамтуға болады:

1. Италиядагы фашистік-тоталитарлық режимнің орнауы.
2. “Матеотти дағдарысы”. Фашизмге қарсы оппозициялық қозғалыстар.
3. Муссолини үкіметінің сыртқы саясаты.
4. 1929 жылғы дүниежүзілік экономикалық дағдарыссында Еуропада фашистік партияның көркеюі мен әлеуметтік-экономикалық жағдайдың құлдырауының арасындағы байланыс жөнінде.
5. Германиядагы жағдайға баға беру, сонымен қатар А.Гитлердің өкімет басына келуі.

6. Германиядағы және Италиядағы фашистік режімнің саяси үқастығын қарастыру.

### ***Жаңа сабактың жоспары***

1. Б.Муссолинидің басшылығымен фашистік партияның үкімет билігіне келуі.
2. Фашистік-тоталитарлық диктатураның тубегейлі қалыптасуы.
3. Италия фашизмінің ерекшеліктері.
4. 1929 жылғы Веймар Республикасындағы дағдарысқа байланысты Германияда өлеуметтік-экономикалық және ішкі саяси жағдайдың шиеленісі.
5. Германияда фашистік диктатураның орнауы.
6. Италиядағы фашистік режим.

***Негізгі тұсініктер:*** Диктатура, тоталитаризм, автократия, фашизм, құғын-сүргін, т.б. терминдерінің мағынасын түсінідіру. Оларды оқушылар дәптерлеріне жазып алса да болады.

Алғашқы үш сұрақ бойынша мұғалім тақырыпшалардың мазмұнын терең баяндау-әңгіме түрінде өткізеді.

Ал қалған сұрақтарды тақырып мазмұнына сай түсінідіру үшін оқулықты пайдалану қажет.

Оқулықтағы азат жолдарды оқып, диаграмманы пайдалану. Одан кейін Италиядағы фашистік режим туралы мұғалімнің түсінігіне орай кестедегі Германия және Италиядағы фашизмді салыстыру, оқулықты пайдалана отырып, кестені толтыру.

### ***Маңызды оқиғалар***

**28 қазан, 1922 ж.** — Муссолини фашистік топтарының Римге жорығы;

**30 қантар, 1933 ж.** — А.Гитлердің өкімет басына келуі;

**ақпан 1933 ж.** — Рейхстагты өртеу, төтенше Декреттер қабылдау.

### ***Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар***

1. Фашизмнің қозғалыс ретінде пайда болуы. Оның сипаты, белгілері қандай?
2. Фашизм арқа сүйеген өлеуметтік бұқараның тірегі кімдер?
3. Елде демократияның жойылу себебі неде?
4. Италия мен Германия экономикасында қандай өзгерістер болды?
5. Фашистер халыққа бақылауды не үшін қойды?
6. Германия соғысқа дайындықты қай бағыттарда жүргізді?

### Тоталитарлық режимнің құрылуды

Тоталитарлық қағиданың күшесінде	Италия	Германия
Саяси жүйеде	Сайлаудан бас тарту, парламенттің ақылдасу органына айналуы. Муссолини диктатурасы. Оппозициялық партияны болдырмау	Басқарудың катан тұжырымдамасы, “фюрер” принципі, құғын-сүргіннің күшесінде, мемлекеттік құрылышқа тоталитарлық бақылау орнату, оппозициялық саяси партияларға тыйым салу, акпарат құралдарына бақылау жасау. Бір партиялық жүйе
Экономикада	Корпорациялар арқылы экономикаға бақылау жүргізу, банктік жүйенің монополизациясы	Экономикалық кеңшілікті жөне сыртқы сауданы шектеу, экономикаға бақылау, өнеркәсіптің милитарланауы, ауылшаруашылық өндірісінің шектелуі, автария қағидасы (“өзін-өзі қанағаттандыру”). Кірістің, бағаның, жалақының мөлшерін мемлекеттік реттеу
Идеологияда	Ұлыдержавалық шовинизм	Біртұтас идеология, расизмге, шовинизмге, реваншизмге негізделген “өмірлік кеңістік” теориясы

### ***Үйге тапсырма***

1. Италия фашизмін әңгімелеп беріндер.
2. § 13 материалдарын оқу. Кестені толтыру, сұрақтарға жауап өзірлеу.
3. § 14 материалдарын оқу. Сұрақтарға жауап жазу.

## § 16. ЖАПОНИЯ

### *Сабақтың маңсаты*

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы және соғыстардан кейінгі Жапонияның саяси-экономикалық жағдайы. Жапонияның билеуші топтарының көршілес елдермен қарым-қатынаста империалистік саясатқа көшіп, дүниежүзін қайта бөліске салу үшін қуресте маңызды рөл атқарғандығы туралы әңгімелуе. Осыған орай Жапония мен Ресей АҚШ пен Англияға қарсы бағытталған құпия келісімді бекітті.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Жапония милитаристерінің шабуылы, бейбіт түрғындарды қыргынға ұшыратқаны туралы оқушыларға түсіндіру. КСРО мен Жапонияның арасындағы ұзақ жылдарға созылған өзекті мәселелер жөнінде мұғалім оқулық материалдарына сәйкес әңгімелеп, оқушылардың сынныптан тыс сабакқа дайындалуына бағыт-бағдар бергені дұрыс. Мұғалім пән кабинетін сабакқа сәйкес безендіруді (карта, кесте, диаграмма, тақта) үнемі естен шығармай, қадағалап отырғаны жөн.

### *Әткен сабактың қайталау ұрақтары*

1. Франция мен Испаниядағы 20-жылдарда болған оқигаларға сипаттама беріндер.
2. Халықтық майданның әлеуметтік және саяси негізін анықтап беріндер.
3. Испан республикасының құлау себептеріне түсінік беріндер.

Оқушыларды әңгімеге тартып, олардың қөзқарастары мен пікірін тыңдап, әткен сабакқа қорытынды жасау.

### *Жаңа сабактың жоспары*

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Жапония.
2. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі елдің жағдайы.
3. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Жапония.

Бірінші тақырыппша бойынша әткен сабакқа байланысты кесте толтыру. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі экономиканың даму ерекшеліктері.

Ұрақтары	Германия	Жапония

Кестені сабак барысында толтырып, аяқтап келуді үйге тапсырма ретінде беруге болады. Жаңа сабактың 2—3 сұрақтарына жауап өзірлеу барысында оқулық материалдан деректер келтіріп, оқушылармен бірге талдау, баға беру үйымдастырылады. Мұғалім Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстардың Германия үшін тигізген салдары қандай болғандығы жөнінде, сондай-ақ Жапонияның осы уақыттағы экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктері туралы өңгімелеп, тақырыпты аша түссе құба-құп.

Ел экономикасының дамуындағы елеулі өзгерістер Жапонияның саяси дамуы бағытының іргерілеуінә өсер етті. 1916 жылы Жапония мен Ресей АҚШ пен Англияға қарсы бағытталған құпия келісімді bekітті. Жапон қаржыгерлері Қытай, Корея және басқа елдердің экономикасына өз капиталдарын салды.

1921—1922 жылдары Вашингтон конференциясында Жапония біраз шегініс жасауға мәжбүр болып, Шань-дуннан бас тартты. Оның өскери теңіз флоты шектелді. Елді 1924—1932 жылдары Сэйюкай, Минсэйто, Какусин Курабу сияқты саяси партиялар басқарды. 1945 жылы 6 және 9 тамызда АҚШ алғашқы атом бомбаларын Жапонияның екі қаласы — Хиросима мен Нагасакиге тастанды. Қоғтеген бейбіт елді қан қақсатқан жапон милитаризмінің күлі көкке үшіп, халықтар бостандыққа жетті. Отаршылықта болған Тайвань, Корея, Қытай мемлекеттерінің жері азаттық алды. Қыыр Шығыстағы соғыс ошағы талқандалды.

Соғыстан кейінгі Жапония экономикасының даму барысын түсіндіру кезінде картаны, оқулықтағы көрсеткіштерді талдау арқылы мұғалім оқушыларға сұрақтар қойып, тақырып аясына тартып отырғаны жөн.

Оқулықпен жұмыс, мұғалімнің тақырып мазмұнына байланысты ауызша баяндауы, кестені толтыруды жалғастыру.

#### Тоталитарлық режимнің құрылуды

Тоталитарлық қағиданың күшеоі	Жапония
Саяси жүйеде	Саяси партиялардың әлсіздігі, жалпылама саяси қозғалыстардың жоқтығы, солшыл радикалдық көшбасындағыларға қарсы қуғын-сүргіндер
Экономикада	Экономиканы соғыс қажетіне пайдалану
Идеологияда	Экспансионизм

Үйге тапсырманы оқулық бойынша дайындал келу, жаңа сабакты түсіндіру барысында берілген тапсырмаларды қайталау, сондай-ақ өткен сабактарды естеріне түсіріп, дидактикалық материалдарда берілген тапсырмаларды орындал келу тапсырылады.

### ***Маңызды оқиғалар***

**1937 жылы** — Жапония Қытайды толығымен жауап алуга кірісті.

**1939 жылы көктем, жаз айларында** Жапон әскери күштері Монголияға шабуыл жасады.

**1945 жылы 6 және 9 тамызда** АҚШ алғашқы атом бомбаларын Жапонияның екі қаласы Хиросима мен Нагасакиге таstadtы.

## **§ 17. ҚЫТАЙ. МОНГОЛИЯ**

### ***Сабактың маңсаты***

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытайдың саяси жағдайы, Қытай коммунистік партиясының құрылуы, 1919 жылғы Қытайдағы “4 мамыр” қозғалысы туралы тереңірек әңгімеледеу. 1925—1927 жылдардағы Қытайдағы ұлттық революция және Гоминьдан билгінің орнауы, Чан Кайши үкіметінің (1928—1934) саясаты, 1927—1937 жылдардағы азамат соғысы, 1937—1945 жылдардағы Қытай халықтарының Жапония басқыншылығына қарсы күресі, 1914—1945 жылдардағы Монголияның саяси-экономикалық даму жолдары мен 1924—1940 жылдардағы Монгол Халық Республикасы жөніндегі оқушылардың білімін жетілдіре түсү.

Сабактың бүл кезеңінде 1 немесе 2 оқушыны толығырақ сөйлетіп, қалған уақытты оқушылармен әңгімелесуге арнаған дұрыс.

Оқулықтың (§17) сонында берілген сұрақтар мен тапсырмалардың 1-сұрағының алғашқы білімін мұғалім бастап бергеннен кейін, қалған сұрақтардың бәріне бүкіл сыйнып оқушыларымен әңгімелесу арқылы жауап беруге болады. Сабак сонында өтілген материалды қорытындылап, оқушылардың өтілген оқу материалын игеруіне көмектескен жөн.

### ***Жаңа сабактың жоспары***

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытай.
2. Қытай коммунистік партиясының құрылуы.
3. 1919 жылғы “4 мамыр” антиимпериалистік қозғалысы.
4. 1925—1927 жылдардағы Ұлттық революция.

5. Гоминьдан мен коммунистердің арасындағы қарулы қүрестің басталуы.
6. 1937—1945 жылдардағы Қытай халықтарының Жапония басқыншылығына қарсы қуресі.
7. 1914—1945 жылдардағы Монголияның саяси-экономикалық даму жолдары.
8. 1924—1940 жылдардағы Монгол Халық Республикасы.

Тақтага сабак жоспарын жазып болған соң, жаңа сабакты түсіндіруді бастаймыз.

Алдымен оқушылардан Бірінші дүниежүзілік соғысқа Қытайдың қатынасы туралы сұраймыз. Одан кейін мұғалім оқушыларға біргінде жаңа сабакты түсіндіре бастайды.

Сабакты түсіндіру барысында оқулықты, карталарды пайдалануға болады.

Негізгі түсініктерді, даталарды дәптерге жазып отыруға болады. Бұл тәсіл оқушылардың жаңа материалды еске сақтау мүмкіндігін арттырады.

### *Негізгі тұлғалар*

*Ли Дацжао (1888 — 1927), Сунь Ятсен (1866—1925), Чан Кайши, Чжу Дэ, Мао Цзэдун, Д. Сухэ-Батор (1893—1923) Х. Чойбалсан (1895—1952)* өмірбаяндары туралы айтылады және олардың атқарған қызыметтері туралы қыскаша мәлімет жаздыруға болады.

Жалпы сабакты жоспармен баянdap, оқулықты пайдалана отырып, түсіндіру қажет.

Тақырыптағы көптеген негізгі оқиғалар уақытын қыскаша түсінікті етіп дәптерге жазып отырган дұрыс. Өрбір оқиғаның болған уақыты сәйкестендіріліп жазылады.

Сабак соңында оқушылар мұғалімнің көмегімен және оқулықты пайдалана отырып, өтілген тақырыпты терең талдау арқылы негізі оқиғаларды ашып мына төмендегі кестені толтырады.

Кесте соңынан оқушылар екі мемлекеттің өзара үқсас-тығы мен айырмашылығына баға береді. Кестені сизу мен толтыру барысында оқушылар өз киялын пайдаланып, басқаша түрде, өзгеше толыққанды нұсқасын әзірлеуі үшін үйге тапсырма ретінде беруге де болады. Мұндай тапсырма оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне және ой-өрісін кеңейтуіне, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыруына көмектеседі.

Сабакты қорытындылау және жаңа өтілген материалды бекіту.

Елдер	Бірінші дүниежүзілік соғыстар кейінгі кезең	Саяси-экономикалық даму жолдары
Кытай	Елдің жағдайы бытыранғы болды. 1917 жылы Кытай үкіметі Антанта блогын жақтап, Германия бастаған Төрттік Одаққа соғыс жариялады. “4 мамыр” қозғалысы Кытайдағы ең күшті антиимпериалистік қозғалыс болды	1921 жылы шілдеде Шанхайдада Кытай коммунистік партиясының бірінші съезі шақырылды, партияның Жарғысы қабылданып, басқару органдары сайланды. 1920 — 1922 жылдары саяси күрес күшейді. 1925—1927 жылдары Гоминьдан мен коммунистердің арасындағы қарулы күрес болды. 1937—1945 жылдардағы Кытай халықтарының Жапон басқыншылығына қары күресі
Монголия	1918 жылға дейін Монголия Азияның ең артта қалған елдерінің бірі еді. Халқы көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Жер мен орасан көп мал билеушілер мен діни феодалдар мениншігінде болды. Жай жайылымдық жерлері жоқ шаруалар (араттар) езгіде өмір сүрді. Өнеркәсіп тәмемнігі дәрежеде қалып қойды. Монголия жаппай сауатсыз ел болды	Сухэ Батор 1921 жылы наурызда Монгол халық партиясын үйімдастырды. 1921 жылы 8 шілдеде кеңестік Қызыл Армия Монголияның Урга қаласын азат етті. 1921—1924 жылдарда Монголия шектеулі монархия түріндегі мемлекеттің қатарында болды. 1924 жылы Монгол Халық Республикасы (МХР) құрылды. 1924—1940 жылдардағы экономикалық реформалар елде көптеген өзгерістер енгізді

### ***Өтілген сабакты бекіту үшін мынадай сұрақтар қойылады.***


1. 1919 жылғы “4 мамыр” қозғалысының себептері қандай?
2. Мао Цзэдун қандай әлеуметтік топтың қатарынан шықты? Ол туралы не білесіндер?
3. Сунь Ятсен бағдарламасының мазмұны қандай?
4. Жапонияға қары коммунистер мен Гоминьдандық-ұлттық үкімет неліктен бірігүе мәжбур болды деп ойлайсындар?

## **Үйге тапсырма**

§ 16, § 17 материалдарын оку. Қытай, Монгол мемлекеттеріне қатысты қазіргі жағдай туралы мерзімді баспасөз жаңа алдыңғыштарын қарастыру.

### **§ 18—19. ОҢТҮСТИК-ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІ. ҮНДІСТАН**

#### **Үйымдастыру кезеңі**



#### **Оқып-үйренгенді бекіту**

Үйымдастыру кезеңінде оқушыларды жаңа материалдарды терең менгеруге дайындаймыз.

#### **Жаңа сабакты игеру**

Жоспары	Игеру жолдары мен тәсілі
1	2
1. XX гасырдың 20–30-жылдарындағы Үндіктаіユ爾дікtaі тай елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы	Мұғалімнің баяндамасы Оқулықта берілген мәтінмен, картамен жұмыс
2. Үлт-азаттық күрестің дамуы	Мұғалімнің баяндамасы.
3. XX гасырдың бас кезіндегі Үндістанның жағдайы	Конспекті дайындау
4. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Үндістан	Мұғалімнің баяндамасы, “Иран, Ауғанстан, Үндістан, Пәкстан, Бангладеш, Шри-Ланканың соғыстан кейінгі кезеңдері” картасымен жұмыс жасау
5. “Күш қолданбай қарсыласу” М.К.Гандидің ілімі мен саясаты	
6. Үндістанның 20–30-жылдардағы дамуы	

1	2
<p>7. Екінші дүниежүзілік соғыс алдындағы және соғыс кезіндегі Үндістан</p> <p>8. Мемлекеттің төуелсіздік алуы және болінуі</p> <p>9. Үндістанды жаңғыруға үдерісінің негізі</p> <p>10.Мемлекет ішіндегі саяси жағдайының дамуы</p> <p>11.Соғыс жылдарынан кейінгі Үндістанның сыртқы саясаты</p>	<p>Конспекті жазу. “1960—1990 жылдардағы Үндістанның жаңғыртушылық саясаты” атты кестені талдау</p> <p>1950 жылғы конституция бойынша Үндістанның жоғары өкіметі және “Үндістандағы сепаратизм мәселесі” атты кестелерді пайдалану ұсынылады</p> <p>Оқулықтағы мәтінмен, картамен жұмыс жасау. “Үнді-Пәкстан қақтығысы” кестесін пайдалану ұсынылады</p>

### **Жаңа сабактың жоспары**

1. XX ғасырдың 20—30-жылдарындағы Үндіқытай елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы.
2. Соғыс біткеннен кейінгі Үндістан.
3. ҮҮК партиясының көшбасшылары Дж.Неру мен М.Гандиге баға беру.
4. Үндістанның сыртқы саясатына сипаттама.
5. Үндістанның қазіргі жағдайы және оның болашағы.

Мұғалім сабакты өңгіме түрінде баяндай отырып, XX ғасырдың 20—30-жылдарындағы Оңтүстік-Шығыс Азия елдері мен Үндістан жағдайына сипаттама береді. Үндіқытайдың сыртқы саудасы туралы айтылады.

Үндіқытай халықтарының ұлт-азаттық күресінің дамуы және оған себеп болған жағдайлар, француз отаршылдарының дағдарыс жылдарындағы саясаты Үндіқытай халықтарының ашу-ызасын күштейтіп, азаттық қозғалыстарының басталуына түрткі болғаны жөнінде өңгімелейді. Тек 30-жылдардың басында Вьетнамда 98 ереуіл болып өтті. Азаттық қозғалысының барысында Үндіқытайда Коммунистік партияның құрылудына жағдай жасалды. 1930 жылдың ақпан айында Вьетнамда қалыптасқан үш коммунистік топ Үндіқытай коммунистік партиясы болып бірікті. Оның жетекшісі Хо Ши Мин болды.

Индонезияда коммунистердің сәтсіздікке ұшыраудын кейін антиимпериалистік құрестің басшылығына ұсақ буржуазиялық-демократиялық бағыттағы құштер және оның көрнекті жас өкілі *Aхмед Сукарно (1901–1970)* келді. Буржуазиялық қайраткерлермен қатар коммунист өкілдері

*А. Гани, Эмір Шарифуддин, Н. Айдит* сияқты басшылардың есімдері халыққа мәлім болды.

Үндістандағы екі дүниежүзілік соғыс аралығындағы елдің жағдайы. “Күш қолданбай қарсыласу” қозғалысының басталуы. Оның қайраткерлері, шаруалардың ұлт-азаттық көтерілісі. Көтерілістің болған аймақтары. Көтерілістің Бомбей, Калькутта, Караби қалаларында өрши түсіүі.

ҮҮК мен МЛ үйымдарының 1916 жылғы Лакнау қаласында откен съезі М.К.Гандидің елге оралуына себеп болды. Соғыстан кейінгі кезеңдегі Үндістанның саяси-экономикалық жағдайы. М.К.Ганди бастаған бүкіл-халықтық антиимпериалистік майданның қалыптасуы.

Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс жылдарындағы (1929—1933 ж.ж.) елдің хал ахуалы.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Үндістан.

Соғыс жылдарындағы үнді халқының жағдайы, соғыстың барысына елдің наразылығы. ҮҮК-де екі топ қалыптасты, М.Ганди мен Р.Прасад, т.б. “өзгеріске қарсыластар” тобында болды. 1929 жылы олар Свараджалақ партия (СП) құрып, оның бір жағында Дж.Нерудің әкесі Мотилал Неру, екінші жағында Субхас Чандра Бос болды. 1927 жылы екі жас қайраткер С.Ч.Бос пен Дж.Неру ҮҮК бас хатшылары болып тағайындалған.

### ***Маңызды оқигалар***

**1916 жыл** — ҮҮК пен Мұсылман Лигасының Лакнау қаласындағы съезі.

**1917—1923 жылдар** — революциялық курс.

**1929—1933 жылдар** — Дүниежүзілік дағдарыстың Үндіқытай елдеріне тигізген әсері.

**1930 жыл** — азаматтық бағынбаушылық қимылдары.

**1935 жыл** — Үндістан Конституцияның тарихқа енуі.

**1941 жыл** — Екінші дүниежүзілік соғыс кезені.

### ***Оқып-үйренгенді бекіту***

1. XX ғасырдың 20—30-жылдарындағы Үндіқытай елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы. 1929—1933 жылдардағы дүниежүзілік дағдарыстың Үндіқытай елдеріне әсері.

2. 1914—1945 жылдардағы Үндістан. Соғыстан кейінгі кезеңдегі Үндістан.

### ***Сабакты бекіту сұрақтары***

1. Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың басында болған партия және оның жетекшілері туралы пікірлесіп, олардың атқарған рөлін түсінуге көніл болліндер.

2. М.К.Гандидің қызметіне, онын іліміне қандай баға беруге болады.
3. Үндістанда 20–30-жылдары қандай саяси партиялар болған, олардың алға қойған максаттарын сипаттандар.
4. 30-жылдары елдің ішкі саяси жағдайында қандай оқиғалар орын алды?
5. Мұсылман Лигасы елді неге еki мемлекетке бөлуге бел байлауға тырысты?

### ***Үйге тапсырма***

Тақырыпты үйден оқып келу. М.Гандидің “Менің өмірім” атты кітабымен, оның өмірбаянымен танысу.

## **§ 20. ИРАН. АУГАНСТАН. ТУРКИЯ**

### ***Сабактың мақсаты***

Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңындағы, яғни XX ғасырдың басындағы Иранның, Ауғанстанның, Туркияның жағдайымен таныстыру. Үлт-азаттық қозғалыстың дамуы. Иранның 1921—1945 жылдардағы саяси-экономикалық даму жолдары. 1918—1945 жылдардағы Ауғанстан. 1929 жылды қазан айында Нәдір хан Ауғанстан патшасы болып жарияланды. 1933 жылды 8 қарашада Нәдір дүниеден өткен соң, оның орнына баласы Мохаммед Захир патша тағын иеленгені жөнінде оқушылардың есіне салу.

Оқушылардың үй тапсырмасын тексеруге байланысты мынадай сұрақтар қоюға болады. Ол өткен сабактың бекіту сұрақтарына ұқсас немесе сол текстес болуы да мүмкін.

1. Үндістандағы үлт-азаттық қозғалыстың басында болған партия және оның жетекшілері туралы пікірлесіп, олардың атқарған рөлін түсіндіріңдер.
2. М.К.Гандидің қызметіне, оның іліміне қандай баға беруге болады?
3. Үндістанда 20–30-жылдары қандай саяси партиялар болған, олардың алға қойған максаттарын сипаттандар?
4. 30-жылдары елдің ішкі саяси жағдайында қандай оқиғалар орын алды?
5. Мұсылман Лигасы елді неге еki мемлекетке бөлуге тырысты?

### ***Жаңа сабакты түсіндіру***

Бұгінгі өтілетін тақырыпты, сабактың жоспарын алдын ала тақтаға жазып қоямыз.

### ***Сабактың жоспары***

1. XX ғасырдың басындағы Иран.
2. Үлт-азаттық қозғалыстың дамуы.

3. 1921—1945 жылдардағы Иранның саяси-экономикалық даму жолдары.
4. 1918—1945 жылдардағы Ауганстан.
5. 20—30-жылдардағы Кемал үкіметінің реформалары.
6. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Түркия.

Оқушыларды жоспармен таныстырып, оны дәптерге жаздырып қоямыз. Бұл жаңа тақырыпты оқиғалар өрісіне қарай әңгімелей отырып түсіндіруге болады. Мұғалім өр оқиғага ерекше тоқталып, негізгі болған уақытын оқушылардың дәптерлеріне жазып отырганын талап еткені орынды. Оқулықтағы материалдардың орналасу ретін де оқушылар мұғалімнің түсіндіруіне орай оқулықтан тауып, картамен, т.б. қосымша құралдармен жұмыс жасай отырганы дұрыс.

Жалпы пән бағдарламасында бұдан бұрын да Орталық және Таяу Шығыс елдерінің ішінде Ауганстан, Иран, Түркияға ерекше көніл бөлінген. Сондықтан оларға жеке тоқталмай-ақ, оларды қандай ортақ мәселе біріктіретініне түсінік беру қажет. Бұл тақырыпты әңгімелеу, баяндау арқылы түсіндірғендіктен, жоспар бойынша оқиғаны тольық баяндау қажет. Жоспардың сұрақтарына қысқаша конспект жаздырып отыруға болады. Оның негізгі мақсаты — сабактың дұрыс үйімдестерінде, оқушыларға түсінікті болуына ықпал ету.

1. *Иран мемлекетінің бейтаралтық саясатты жақтағанына қарамастан, оның жері қарама-қарсы екі соғыс одағына кірген мемлекеттердің бақталас ошағына айналды. 1914 жылы Турік өскерлері Иран, Әзіrbайжан аудандарына базып кіріп, Хой, Урмил, Тебриз қалаларын иеленді. 1915 жылды орыс өскерлері қарсы шабуылға шығып түрік өскерлерін Әзіrbайжаннан қызып шықты, 1915 жылы Ағылшын-Ресей құпия шартына сәйкес, Иран екі ықпалды аймаққа бөлінді. Соғыс жылдарында Иран экономикасы өбден құлдырады. Жұқпалы аурулар тараپ, халықты аштық жайлады...*

2. *Ұлт-азаттық қозғалыстың дамуы. Шетел басқыншыларына қарсы халықтың азаттық қозғалысы басталды. 1919 жылдың 9 тамызында Ағылшын-Иран шартына қол қойылып, Иран ағылшындардың “қамқорлығына” шырмалды. Әділетсіз шарт халықтың наразылығын тудырып, Иранда, Әзіrbайжанда, Гилянда, Қорасанда азаттық*

күрестің ошактары пайда болды. 1920 жылы 5 маусымда Гилян Республикасы жарияланды. Оның төрағалық қызметіне *Көшек хан* шақырылды.

Бұдан кейінгі оқиғаларды ауызша баяндап, терминдер мен даталарды оқушылардың дәптерлеріне жазып алуын талап ету қажет. Әрине мұның өзі оқушының білім қорын толықтыра түсірі даусыз.

3. 1921—1945 жылдардагы Иранның саяси-экономикалық даму жолдары. 1918—1922 жылдарда азаттық қозғалысты басқаннан кейін, Иран помещиктері мен буржуазиялық топтары өз саяси үстемдіктерін нығайту үшін 1925 жылы Каджар патша әuletін биліктен тайдырып, саяси билікті жаңа патшага тапсырды. 1933 жылы Иран мен компания арасындағы жаңа концессиялық келісім негізінде, компания Иран қоймаларынан сатылған әрбір топқа жанармай үшін 4 шиллинг пайда кірісін төлейтін болды. Соғыс жағдайында Ирандағы неміс агенттерінің құпия әрекеттері тым асқыныш кетті. 1941 жылы 12 шілде күні Англия мен КСРО елдерінің арасында “Германияға қарсы соғыста бірігіп әрекет істеу” атты шартқа қол қойылды. КСРО басшылары шах үкіметіне нота жолдал, “Иран жеріндегі неміс агенттерінің әрекетіне тыйым салынсын” деген ескертуді екі-үш рет жасады. 1941 жылы 16 қыркүйекте Реза шах тақтан бас тартып, саяси қызметтеген кетуге мәжбур болды. Иран тағына оның 22 жасар ұлы Мохаммед Реза Пехлеви отырды. 1943 жылы 9 қыркүйекте Иран Германияға соғыс жариялады.

4. 1918—1945 жылдардагы Ауганстан. 1919 жылы 29 ақпанда үкімет басына “Жас аугандықтар” үйімінің өкілі жас әмір Амонолла хан келді. Ауганстанның төуелсіздігі жарияланды. 1919 жылы 27 ақпанда Кенес үкіметі Ауганстанның төуелсіздігін мойыннады. 1919—1928 жылдардың аралығында әскери күштер мен буржуазия-помещиктік топтардың қолдауына сүйенген Амонолла хан реформалық әрекеттерге кірісті. 1921 жылы құлдықты жою туралы зан жарияланды. 1923 жылы Жаңа Конституция қабылданды.

5. 1916—1917 жылдарда ұлт-азаттық құрес түріктер бірыңғай қоныстанған аймақ — Анадолы тубегінде басталды. Азаттық қозғалыстың негізгі құші түрік шаруалары болды, оның басшылығында ұлттық буржуазия топтары тұрды. 1918—1923 жылдардағы Түркиядагы ұлт-азаттық құрес Кемалдық революция деп аталды.

**6. Сакария шайқасы.** Азаттық жолындағы күрестің шешуші шайқасы 1921 жылы 23 тамыз — 13 қыркүйек күндері Сакария өзенінің бойында өтті. Түркия халқының ұлы жеңісі халықаралық конференцияда бекітілді.

**7. Кемал реформалары.**

**8. 30-жылдардағы Түркия Республикасының халықаралық беделінің тұрақталуы.**

**9. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Түркия.**

Сабакта оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға болады. Бұл үшін параграф сонындағы сұрақтарды пайдаланып, оған жауап жаздыру. Бұл өзіндік жұмысты жаңа сабактың соңғы тақырыппашасын оқытып-үйреткенде одан әрі жалғастырган дұрыс. Бұл дұрыс ұйымдастырылған жағдайда үш минутта орындалатын жұмыс. Осы тапсырманың да, осыған дейін орындауға берілген тапсырманың да нәтижесі міндетті турде текстерілуі қажет. Жаңа оку материалын оқып-үйренуге оқушылардың өздері тікелей қатысып отыrsa, оны сынып оқушылары сабак үстінде-ақ менгеріп алады. Оқушылардың қай мәселені қалай меңгергенін тәжірибелі мұғалім сабак үстінде-ақ байқайды. Бұгінгі өткен материалды кейбір оқушылардың менгеруі жайлы мұғалімде күмән туза, түсіндірмелі оқу өдісімен текстеріп байқауына болады. Оқушыға бір мәтінді оқытып, онын мазмұнын ез сөзімен, мұдірмей әрі толық айтып бере алса, онда — оқушы санасына білімнің негізі қаланғаны деп ұғамыз. Сабак сонында бірнеше сұрақтар қойып сабакты бекітеміз.

1. 1918—1923 жылдардағы Түркия халқының ұлт-азаттық күресінің себептерін атаңдар.
2. М.Кемалдың әскери қызыметінің есу жолдарын әнгімелендер.
3. Кемалдың революциянын мазмұнын сипаттандар.
4. 20—30-жылдардағы Кемал үкіметінің реформалық әрекеттерін сипаттандар.
5. Экономика саясатының мәнін ашып беріндер.

### ***Үйге тапсырма***

Тақырып материалдарын үйден оқып келу. “Жас ауғандықтар” тақырыбына әнгіме құрастыру.

## § 21—22. ТРОПИКТІК ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК АФРИКА ЕЛДЕРІ. АРАБ ЕЛДЕРІ

### ***Сабақтың маңсаты***

Араб елдерінің әлеуметтік және саяси өміріне сипаттама беру. XX ғасырдың басындағы араб елдері, Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы араб елдері, араб шығысындағы ұлт-азаттық қозғалыстардың өрісалуы, Ирактағы 20—30-жылдардағы жағдай, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы араб елдері туралы оқушыларға терең мағлұмат беру. Африкадағы араб елдеріне сипаттама, олардың әлеуметтік-саяси жағдайына тоқталу. Тропиктік және Оңтүстік Африка елдерінің XX ғасырдың басындағы жағдайы, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Африканың әлеуметтік-экономикалық дамуы, ұлт-азаттық қозғалыстар. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Тропиктік және Оңтүстік Африка халықтарының тұрмысы олардың саяси-қоғамдық өміріне сипаттама, ұлт-азаттық қозғалыстың барысын баяндау.

### ***Жаңа сабақтың түсіндіру***

Бұл сабакты біз семинар сабағы ретінде өткізсек деп отырымсыз. Мұндағы үш тақырыптың да үқсас жақтары көп және оқушылардың өздігінен жұмыс жасауды мүмкіндік мол. Алдымен сынып оқушыларын 3 топқа бөлеміз. Өр топта 8—10 оқушыдан дейік. Солардың арасынан 3 оқушыны — әділ қазылар алқасын сайлаймыз. Бұдан кейін сабаққа карточкалар, суреттер, буклеттер дайындеймымыз.

Өр топ өзіне тиесілі тақырыптар мен тақырыпшаларды өзара бөліп, оқып келуі шарт.

### ***Сабақтың жоспары***

1. Азиядағы араб елдері (1914—1939 жж.). Араб елдері туралы жалпы мәлімет.
2. Араб елдеріндегі ұлт-азаттық күрестің өршүі.
3. Ирактағы жағдай.
4. Азиядағы араб елдерінің 20-жылдардың соны — 30-жылдардың басындағы дамуы. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы араб елдері.
5. Африкадағы араб елдерінде ұлт-азаттық күрестің өрістеуі.
6. Тропиктік және Оңтүстік Африка елдері (1914—1939 жж.)
7. Өлеуметтік-экономикалық жағдай, ұлт-азаттық қозғалыстар.
8. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Тропиктік және Оңтүстік Африка.

Осы мәселелер бойынша оқушылар баяндама жасайды. Олар көрнекі құралды сол өздері баяндайтын мемлекеттер бойынша дайындауы керек.

Айтылған мәселелердің дұрыстығын өділ қазылар алқасы және мұғалім қадағалайды. Оқушыларға түсінкті болу үшін бәрі дерлік сабакта қатысуы керек. Басқа топтағы оқушылардың да сұрақ қоюына болады.

Барлық мәселелер талқыланып болған соң, мұғалім сөз алып, өткен жаңа материалды қорытындылайды.

Осы өткен параграфтарда біз Азиядағы және Африка-дағы араб елдері туралы айттық. Енді оқушылар мына сұрақтарға жауап береді:

1. Азиядағы және Африкадағы араб елдерінің ұқсастығы, айырмашылығы неде?
2. Осы елдердегі өткен үлт-азаттық күрестің барысы, ұқсастығы, айырмашылығы қандай?
3. Осы елдердің 20—30-жылдардағы даму жағдайлары бірдей болды ма? Қандай өзгешіліктері бар?
4. Азиядағы араб елдері мен Тропиктік және Оңтүстік Африка елдері арасында саяси, әлеуметтік-экономикалық жағынан қандай ұқсастық және айырмашылықтары бар?

Осындай ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айтыш, оқушылар арасында пікірталас ұйымдастыруға болады. Ондағы дұрыс жауаптарды өділ қазылар алқасы және мұғалім бағалайды.

Егер өзара келіспеушіліктер болған жағдайда, оқулықты пайдаланып, айтылған ойлар мен деректер дөлелді түрде тексерілуі керек.

Сабак сонында мұғалім оқушыларға алған білімдеріне сүйеніп, кесте құрастыруды тапсырады:

Осылай кесте арқылы немесе сұлба құрастырып, оқушылардың ой-өрісін терендете түсуге болады.

Келтірілген кестені оқушылар оқулықты пайдалана отырып толтырады, біздің ұсынған кесте тек үлті ретінде беріліп отыр.

Мұғалім сабак сонында оқушыларға бүгінгі сабакты бекітүге арналған бірнеше сұрақтар қойып, тапсырма береді.

1. Азиядағы араб елдерінің әлеуметтік және саяси өміріне сипаттама беріндер.
2. Отаршылардың араб елдерін бөлісү әрекеттері қандай карсылық туғызды? Үлт-азаттық қозғалысқа қандай күштер қатысады?
3. Қамқорлық жүйесінің мәні неде?

Елдер	Жалпы мәлімет беру	Саяси жағдайы және ұлт-азаттық қозгалыс	20—30-жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуы	Қорытынды
1. Азиядағы араб елдері	Азиядағы араб елдері Батыс Азияның қамтиды. Оның шығыстағы шеті Парсы бұғазынан басталып, батыс шеті Атлант мұхитына тіреледі	1922 ж.— Сирияда. 1925 ж. — Сирия мен Ливанда көтерілістер болды	Ливия мен Сирияда өндіріс орындары мен ауыл шаруашылығы дами түсті. Сауд Арабиясы мен Иеменде монархиялық тәртіп орнады	Азиядағы араб елдері өздерінің тәуелсіздігі үшін Англиямен куресті жалғастырды
2. Африка дағы араб елдері	Африканың солтүстігіндегі Египет, Марокко, Алжир, Тунис	1924 ж. — Францияға қарсы Марокконың қозгалысы. 1922 жыл, ереулдер 1918 жыл 8 наурыз Заглұл топтары	Араб елдерінің экономикалық жағдайы нашар болды. Тунисте жұмыссыздық, қуандыштылық, ашаршылық жайлады	Елдегі жоғарғы комиссардың орнын елші алмастырды. Женілдіктер жасалғанымен Британия үстемдігі жойылмады
3. Тропиктік және Оңтүстік Африка елдері		1909—1910 жж. Оңт. Африкадағы отарларына Англия өзін-өзі билеу құбыны берді. 1912 ж. Африка үлттық конгресі құрылды	Африка елдерінде шетелдер үстемдігі нығая түсті. Аймақтағы барлық елдердің экономикасы бір жакты болып, дәнді дақылдардың бір гана түрін есіруге икемделді	Африка елдері 20—30-жылдары қауымдастықтар мен қозгалыстар құрды. 1920 жылы Африка Үлттық конгресі құрылды

4. Кандай араб елдері сөз жүзінде тәуелсіз болып есептелді?
5. Елдегі саяси курестің барысын қалай бағалауға болады?
6. Марокко халқының азаттық құресі не себепті женіліске ұшырады?

7. Египеттегі саяси өмірдін дамуын, саяси партиялардың қызметін қалай бағалайсындар?
8. Африка елдерінің саяси-қоғамдық өмірін сипаттап беріндер.
9. Африкадағы ұлт-азаттық қозғалыстың барысы және ерекшеліктері туралы айтындар.
10. Оңтүстік-Африка Одағындағы нәсілшілдік тәртіпті сипаттаңдар. Оның негізі неге байланысты болды?

## **Ш тарау. ЕКІНШІ ДУНИЕЖҮЗІЛК СОҒЫС (1939—1945 жж.)**

**§ 23—24. ӘЛЕМ ЕКІНШІ ДУНИЕЖҮЗІЛК СОҒЫС ҚАРСАҢЫНДА.  
ЕКІНШІ ДУНИЕЖҮЗІЛК СОҒЫСТЫң БАСТАЛУЫ**

### ***Сабақтың мақсаты***

Оқушыларға 20—30-жылдардағы халықаралық қатынастар, Версаль-Вашингтон жүйесінің күйреуі, Ұлттар Лигасының дәрменсіздігі, Батыс елдері мен КСРО-ның арақатынасы, Өскери-саяси топтасу, ағалшын — француз — кенес келіссөздері туралы терең мазмұнды баяндау. Осы соғысқа себепкөр ірі мемлекеттер Германия, Италия, Жапонияның іс-әрекеттерімен таныстыру.

Сондай-ақ Екінші дуниежүзілк соғыстың басталуын сез ете отырып осы соғыстағы ұрыс қымылдарының сипаты, КСРО-ның саясаты, “Оғаш соғыс” кезеңі, Немістердің батыс майдандағы шабуылы, Германия мен Италияның Англияға қарсы соғыс әрекеттері, фашистік “Жаңа тәртіп”, Қарсыласу қозғалысы жөнінде оқушыларға толық түсінік беру.

### ***Үй тапсырмасын тексеру***

Оқушылардан үй тапсырмасын сұраймыз. 1 немесе 2 окушыны тақтаға шығарып толық сөйлеметеміз. Қалған оқушылардан карточка арқылы сұрауға болады. Үйге берілген тапсырманың бірі кесте күрастыру болған. Оны сыйынптың қандай дәрежеде орындағанын толық тексерген дұрыс.

### ***Жаңа сабакты түсіндіру***

1. 20—30 жылдардағы халықаралық қатынастар.
2. Версаль-Вашингтон жүйесінің күйреуі.
3. Ұлттар Лигасының дәрменсіздігі.
4. Батыс елдері мен КСРО-ның арақатынасы.
5. 20 жылдардың соны мен 30 жылдардың бас кезінде дуниежүзілк экономикалық дағдарыс.
6. Қызыр Шығыстағы халықаралық жағдай.

7. Өскери-саяси топтасу.  
8. Ағылшын-француз-көнеш келіссөздері. КСРО-Германия пактісі.

“Паизизм дәүірі”  
“Дауэс жоспары”  
“Юнг жоспары”  
Бриан-Келлог  
Рапалло шарты (1922 ж. 16 сәуір)  
“Оқшаулану”

“Танака жоспары” деген ұғымдар мен тарихи оқигаларға сипаттама беріп, қысқаша түсінік беруге болады.

**Қыыр Шығыстағы халықаралық жағдай туралы** тақырыпша бойынша оқулықпен жұмыс үйімдестірып, төмендегі сұрақтар бойынша әңгіме құрастыруға болады.

Сұрақтары:

1. “Танака жоспары” дегеніміз не?
2. Маньчжоу-го қырышқа мемлекеттің құрылуы туралы әңгімелеп беріндер.
3. Италияның озығырлық саясатына сипаттама беріндер.

Оқушылардың жауаптарын толықтырып, қосымша мәліметтер беруге болады. Бұдан әрі И.Риббентроп-Молотов келісімшарты бойынша талдау жасап, сабакты қорытын-дылауға болады.

#### Екінші дүниежүзілік соғыстың негізгі оқигалары

Соғыс кезеңдері	Жылдар	Негізгі оқигалар	Қорытынды және оқигалар жынтығы
1	2	3	4
I.	1939 ж. күзі — 1941 ж. кектемі	1939, 1—28 қыркүйек— Германияның Польшаны талқандауы, Батыс майдан, “Оғаш соғыс” 1940, 10 мамыр — 22 маусым Германияның Францияны, Бельгияны, Голландияны талқандауы. 1940 ж. маусым-қыркүйек — “Англия үшін күрес”. 1941 ж. сәуір-мамыр — Югославияның, Грекияның женілүі, герман-италиян әскерлерінің Египетке шабуылы	Германияның Батыс Еуропаның барлық аумағын жаулап алуы

1	2	3	4
II.	1941 ж. жазы, 1942 ж. күзі	1941 ж. 22 маусым — Германияның КСРО-га шабуылы. 1941 ж. 5 желтоқсан—1942 ж. сөүір — Мәскеу түбіндегі герман әскерлерінің женілісі. 1941 ж. 7 желтоқсан — 1942 ж. мамыр — Жапонияның АҚШ пен Англияға шабуылы, АҚШ флотының, Пёрл-Харбордың талқандалуы. Жапонияның Филиппинді, Индонезияны, Бирманы, Малайзия, Сингапурды басып алды. 1942 ж. маусым — Жапония флотының Мидуэйде женілуі. 1942 ж. маусым-қараша — Германия әскерлерінің Еділге және Солтүстік Кавказға шығуы, Сталинград шайқасы	Фашистік блоктағы мемлекеттердің дүниежүзін басып алуға тырысы
III.	1 9 4 2 - 1 9 4 3 жыл - дардың кысы	1942 ж. қараша — 1943 ж. ақпан — неміс әскерлерінің Сталинград шайқасындағы женілуі. 1942 ж. қараша — АҚШ әскерлерінің Солтүстік Африкаға, ағылшын әскерлерінің Египетке келуі. 1943 ж. мамыр — неміс әскерлерінің Африкадан кетуі. 1943 ж. маусым — неміс әскерлерінің Орел-Курскідегі женілісі. 1943 ж. шілде — ағылшын-американ әскерлерінің Сицилияға келіп кіруі. 1943 ж. қыркүйек — Италияның тізе бүгүі. 1943 ж. күз — Украинаның солтүстігін азат ету	Соғыстағы түбегейлі озгерістердің болуы

1	2	3	4
IV.	1943— 1944 жыл - дардың қысы	1944 ж. қантар-сөүір — Украинаның Оңтүстігін азат ету. 1944 ж. 6 маусым — екінші майданның ашылуы, Францияға одактастардың кіруі. 1944 ж. жазы — Белоруссияны азат ету. 1944 ж. тамыз — Румынияның тізе бұгуі және оның антигитлерлік коалициясының жағына шығуы. 1944 ж. қыркүйек — Болгарияның тізе бұгуі, оның одактастар жағына шығуы. 1944 ж. қазан — Кенесс одағы мен Югославия әскерлерінің Белградты азат етуі. 1944 ж. желтоқсан — Герман әскерлерінің Арденнах шабуылы. 1945 ж. қантар, наурыз — Қызыл Армияның Берлинді алуы. 1945 ж. тамыз — КСРО-ның Жапониямен соғысы. АҚШ-тың Хиросимага және Нагасакиге атом бомбасын тастауы. 1945 ж. 2 қыркүйек — Жапонияның тізе бұгуі	Фашистік блоктағы мемлекеттердің женіліске ұшырауы

**Фашистік блоктың ұлғауы**

Германияның қолшоқпарлары	Профашистік режимнің қалыптасуы	Германиямен қарым-қатынасы
1	2	3
Румыния	1940 жыл қыркүйек — өкімет басында генерал И. Антонеску. Ол елге фашистік тәртіпті енгізді	Германияға жанармай, мұнай, қару-жарак, азықтұлік берді. Германия өз мүмкіншіліктерін пайдаланып, КСРО-ға шабуыл жасауды қалады. Румыния дивизиялары Германия әскерлері қатарында болды

1	2	3
Финляндия	1939—1940 жылдарда кенес-фин соғысынан кейін коалициялық мемлекетке фашистік партияның жетекшілері кірді	Германияға никель, кобальт, молибден берді. КСРО-ға қарсы құреске қатысты
Венгрия	1920—1944 жылдардағы генерал М.Хортидің фашистік диктатурасы	Гитлердің келісімшарты бойынша Германияның экономикасын қадағалады
Болгария	1930 жылдардың екінші жартысында бірнеше профашистік өкімет ауысты	1941 жылдың наурызында фашистік блокқа кірді. Германияны азық-түлікпен қамтамасыз етті. Соғыс жылдарында Болгария әскери Балқан түбегін басып алу жұмысын атқарды

Мұғалім сабак сонында оқылған материалды қорытындылап, оқушыларға кестені дәптерге жазуға уақыт береді.  
 Сабакты бекіту үшін сұрақтар қояды.  
 Кестемен, картамен жұмыс жасайды.

## § 25. ГЕРМАНИЯНЫҢ КСРО-ҒА ШАБУЫЛЫ ЖӘНЕ ТЫНЫҚ МҰХИТ СОҒЫСЫ

### *Сабактың мақсаты*

Оқушыларға Ұлы Отан соғысының басталуы, 1941—1942 жылдардағы Кеңес әскерлерінің жеңілу себептері. Пёрл-Харбор, Тынық мұхиттағы соғыс қимылдары, Солтүстік Африка дағы соғыс қимылдары жайында түсінік беру.

Бұл соғыста адам тағдырының аяусыз аяққа басылуы. Қазақстанның жеңіске қосқан үлесі жөнінде мағлumat беру. Біздің болашағымыз үшін қан төккен ержүрек жауынгерлермен таныстыру.

### *Жаңа сабакты түсіндіру*

Алдымен, біз оқушылардың есіне өткен тақырыпты түсіріп оның бүгінгі өтілетін тақырыппен байланысы туралы айтамыз. 1940 жылғы 18 желтоқсанда Гитлер “Барбаросса

жоспарына” қол қойды. Жоспар бойынша Германия Қарулы күштері КСРО-ны қысқа мерзімде талқандап, Германияға бағындыру міндетін белгіледі.

Гитлершілдер КСРО-ға қарсы “оғаш соғыс” (блицкриг) ашсак, ол 8—10 апта ішінде қысқа дейін аяқталуға тиісті деп жоспарлады.

1941 жылы 22 маусымда таңға жуық фашистік өскерлер КСРО аумағына соғыс жарияламастан баса-көктеп кірді.

Осы соғыс жайында мұғалім өзі баяндаған, сабак барысында оқушылардан көркем фильмдерден, соғысқа қатысқан ардагерлерден естіген өңгімелері жайында өзара пікір алышын тапсырады.

Сабак барысында ардагер аталаарды, ардақты өжелерді шақырып, болған жағдайды, олардың бастарынан өткен оқиғалар туралы өз ауыздарынан естіртсек, сабактың мазмұны да маңызы да арта түсер еді.

Бұл сабакта, сондай-ақ бейнефильмдер де көрсетуге болады. Оқушыларды еліміздің аты өлемге әйгілі батырларының ескерткіштеріне саяхат жасатуға болады. Қосымша материалдар ретінде 28 панфиловшылар, Отан қорғауға қатысқан мындаған аталаарымыз берілген, өмірі жайында конспект жасатып, олардың Отанын шексіз сүйген, Отан үшін жанын қиған батырлар екенін айтуды көрсетуге болады.

Сабакта “Екінші дүниежүзілік соғыстың негізгі оқиғалары” кестесін де пайдалануға болады.

Екінші дүниежүзілік соғыс адам тағдырын танымастың езгертуі. Бұл соғыс салдарынан бүкіл дүниежүзінің халықтары адам айтқысыз зардап шекті.

Оның ішінде, Кенес Одағы, Еуропаның бұрынғы бірнеше мемлекеттері — Польша, Чехословакия аумағы адам айтқысыз концлагерьлерге айналды. Осы мемлекеттердің экономикасы 50—60 жылға артта қалды. Оның зардабы осы күнгі дамып келе жатқан мемлекеттерге де тиюде.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін шаруашылықты еркендетуге Кенес Одағында тұратын 270 миллион халықтың 20 миллионы жұмылдырылды.

Екінші дүниежүзілік соғысқа қазақстандық жауынгерлердің қосқан үлесі де орасан зор. Атап айтқанда, 28 панфиловшылар, Бауыржан Момышұлы, екі рет Батыр атағын алған Талғат Бигелдинов, Рейхстагқа ту тіккен

Рақымжан Кошқарбаев, қазақтың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк, Ленинград халқына күш-куат берген, Отанын, халқын сүюге дем берген Жамбыл Жабаев (“Ленинградтың өренім”), қатардағы жауынгерлер — Польшадағы соғысқа қатысқан — Дәуқабақов Фалым, Дәуқабақов Қасым, Сталинград майданындағы қатардағы жауынгерлер — Мырзабаев Бидәulet, Мырзабаев Иманбек, т.б. болды.


Қазақстан халқы, сондай-ақ басқа да Одақтас республикаларға жан аяマイ көмек беріп, дамуына, өркендеуіне өзінің үлесін қосқан.

Оқушыларды Жапонияның Тынық мұхиттағы және Шығыс Азиядағы шабуылымен таныстыру, үшін төмендегі сұлбаны пайдалануға болады.

Мұғалім сабакты қорытындылап, §25-тың соңындағы осы тақырыпқа байланысты сұрақтарды бекіту сұрағы ретінде беруіне болады.

Соңында үй тапсырмасына Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбына арналған §23, 24-тардың материалдарын оқып келу тапсырылады.

#### Тынық мұхиттағы Жапонияның басқыншылығы



## § 26. АНТИФАШИСТКИК КОАЛИЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ. ГЕРМАНИЯ МЕН ЖАПОНИЯНЫҢ ТІЗЕ БҮГУІ

### ***Сабактың мағсаты***

Оқушыларға антифашисттік коалиция қандай құжат не-гізінде құрылғанын жөне АҚШ пен Англияның жақын-дасуы туралы, АҚШ ұстаған “шеттеу” саясатының мәнін ашып көрсету керек.

Рузвельт пен Черчилль 1941 жылы тамыз айында жариялаған “Атлантика хартиясы”, Америка Құрама Штаттарының соғысқа кіруі, одақтас елдердің қарым-қатынастары, Тегеран конференциясы, Каирдағы кездесулер, Германия мен Жапонияның тізе бүгүі, Халық-аралық аренадағы күштердің арасалмағындағы өзгерістер туралы терең мазмұнды өңгімелуе.

### ***Жаңа сабактың түсіндіру***

#### ***Сабактың жоспары***

1. Антифашисттік коалицияның құрылуды.
2. АҚШ-тың соғысқа тікелей қатысуы.
3. Соғыс кезіндегі халықаралық конференциялар.
4. Германияның тізе бүгүі.
5. Жапонияның тізе бүгүі.
6. Халықаралық аренадағы күштер арақатынасының өзгеруі.

***Негізгі түсінікттер:*** антигитлерлік коалиция, Атлантика-лық хартия.

### ***Маңызды оқиғалар***

**наурыз, 1941 ж.** — АҚШ конгресі Ленд-лиз туралы заң қабылдады;

**22 маусым, 1941 ж.** — Германияның КСРО-ға шабуылы;

**12 шілде, 1941 ж.** — Ағылшын-кенес Мәлімдемесі;

**тамыз, 1941 ж.** — КСРО мен Ұлыбританияның Иранға өскер кіргізу операциясы;

**тамыз, 1941 ж.** — АҚШ пен Ұлыбританияның Атлантикалық хартияға қол қоюы;

**желтоқсан, 1941 ж.** — ақпан 1942 ж. — Мәскеу түбіндегі Қызыл Армияның шайқасы;

**7 желтоқсан, 1941 ж.** — Жапонияның АҚШ-тың Тынық мұхиттағы Пёрл-Харбор өскери базасына шабуыл жасауы;

**1 қантар, 1942 ж.** — 26 мемлекет Фашисттік блокқа қарсы қарес Мәлімдемесіне қол қойды.

Бұл параграфты түсіндіргенде “Ұлыбритания, КСРО және АҚШ басшыларының халықаралық конференциялары”, “Тегеран конференциясы” (28 қараша — 1 желтоқсан, 1945 ж.), “Ялта (Қырым) конференциясы” (4—11 ақпан, 1945 ж.), “Потсдам конференциясы” (17 шілде — 20 тамыз, 1945 ж.) және “Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы” кестелерін пайдалануға болады.

Тегеран конференциясы (28 қараша — 1 желтоқсан 1943 ж.). Оқушыларға кесте толтыру ұсынылады. Қатысқандар: У.Черчилль, И.Сталин, Ф.Рузвельт.

Екінші майдан мәселесі	Польша мәселесі	Германия мәселесі	Жапония мәселесі
1. 1942 ж. 1 қантар Біріккен Ұлттар Ұйымының бірлескен Мәлімдемесіне қол қойылды. 1942 ж. 11 маусым кенес-американ келісімі. 1942 ж. 24 шілде екінші майданды ашуды кейінгө қалдыру. 1944 ж. 1 мамыр “Оверлорд” қимылын іске асыру	Кенес Одағы Польшаның аумағын Германия жерлерін алу арқылы (Одер және Нейса өзендерінің батыс шекарасын) к е н е й т у д і үсынды	Келіспеушілдіктер болды. Ф.Рузвельт Германияны бөлу, У.Черчилль Дунай Федерациясын күру, И.Сталин Германияның тұтастығы туралы айтты	Жапониядағы Күрил аралдары мен Сахалиннің оңтүстігін КСРО-ға қаитарату, Маньчжурия мен Гавайды қаитарып беру, Кореяға тәуелсіздігін беру

**Германияның тізе бүгүі.** 1945 жылы 30 сәуірде Гитлер өзін-өзі өлтірді. Берлин гарнizonы қаруларын тастады. 1945 жылы 7 мамырда одақтас өскерлердің бас қолбасшысы генерал Эйзенхауэр француз қалашығы Реймсте Германияның тізе бүгүнің алдын ала шарттарына қол қойды. 8 мамырда Берлинде маршал Г.Жуковтың төрағалығымен фашистік Германияның сөзсіз тізе бүгү актісіне қол қойылды. Содан соң Дениш үкіметі таратылды. КСРО, АҚШ, Ұлыбритания билігі енгізілетіні мәлімденді.

**Жапонияның тізе бүгүі.** Азияның Оңтүстік Шығыс елдеріне азаттық өкелу жолында, 1944 жылдан бастап, АҚШ пен Англия қарулы күштері Тынық мұхитта және Азияда шабуылдар жүргізді. 1944 жылы қазанда Лейте аралы маңында аса ірі, 4 құнғе созылған теніз шайқасы болды. Мұнда екі жақтан 300-ге жуық соғыс кемелері қатысты. Американдықтардың флоты мен авиациясы Жапония флотының күлтталқанын шығарды.

Бұл тақырыппада “Екінші дүниежүзілік соғыстың негізгі оқиғалары” кестесін пайдалануға болады.

**Халықаралық аренадағы құштер арақатынасының өзгеруі.** Екінші дүниежүзілік соғыс аса ірі тарихи оқиғалар қатарында қалды. Ол 6 жылға созылып, барлық континенттер мен мұхиттарды қамтиды. Соғысқа 61 мемлекет қатысты. Ол XX ғасырдың екінші жартысындағы дүниенің кейпін өзгертті.

Германия, Италия, Жапония уақытша ұлы державалар қатарынан шығып қалды. Отаршылдық жүйе тарай бастады, ондаған тәуелсіз мемлекеттер құрылды.

Демократиялық құштер қүшейді. Франция мен Ұлыбританияның қауқары бірқатар төмендеді. Ал АҚШ соғыстан кейін қарқынды дамыды. Экономика саласында барлық мемлекеттерді басып озып, аса ірі “ұлы державаға” айналды.

Екінші “ұлы мемлекет” — Кенес Одағы болды. Соғыстың ауыр шығынына қарамастан, КСРО-ның басшылығымен бүтіндей жаңа қоғамдық-саяси жүйе құрылды. Социалистік бағыт-бағдарды ұстанған бірқатар мемлекеттер пайда болды. АҚШ пен КСРО — екі ірі державаның қарама-қарсы тұруы, бүкіл ХХ ғасырдың екінші жартысына терен із қалдырды.

### ***Жаңа сабакты бекіту***

1. Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері мен сипаттарын айтып беріндер.
2. АҚШ пен Англияның жақындасуы неге байланысты болды? АҚШ ұстаган “шеттеу” саясатының мәнін ашып беріндер.
3. Фашизмге қарсыласуда қандай құжат негізгі орын алады.
4. Соғыс жылдарында өткен халықаралық кездесулерді реттеп, олар қарастырган мәселелерді, шешімдерді белгілеп беріндер.
5. КСРО ұстаган саясатқа қандай баға беруге болады. Оның қайшы келетін жақтары бар ма?

Мәтін соңындағы сұрақтарды пайдаланып, сабакты пысықтау.

Бұл сұрақтарды мұғалім карточкаларға жазып, оқушыларға жеке тапсырып, сабак соңында 10 минут ішінде қысқаша сұрап шықса, оқушылардың жаңа сабакты қандай дәреҗеде менгергені анықталады.

Сабак соңында мұғалім оқушыларға бүгінгі өткен тақырыпта пайдаланған кестелерді дәптерлеріне сыздырады.

Сонымен қатар пысықтау кезінде оқушыларға өздік жұмыс жасаткан тиімді.

Сонда ғана бүтінгі кездесken терминдер, атаулар, оқиғалар ерекшеліктері оқушылар санасында берік қалыптаса туседі. Ол үшін тағы да “Дидактикалық материалдарды” пайдалану керек.

Пысықтауды үйымдастырудың екінші жолы — тақырып-шаның негізгі оқиғалары мен мәселелері бойынша оқушылармен өңгімелесу. Ол үшін бастапқыда айтқандай оқушыларға сұрақтар беріп, карточкалар таратып сұрауга болады.

Пысықтау қандай нұсқамен өтілсе де, бүтінгі тақырып-шаны қорытқан дұрыс. Егер де пысықтау өңгімелесу тәсілімен өткізілсе, онда мұғалім қорытындыны өзі жасағаны орынды, ал оқушылардың өздік жұмысын үйымдастыру арқылы өткізе, онда сабакты өңгімелесу арқылы қорытқан тиімді.

### ***Үйге тапсырма***

“Антифашистік коалицияның құрылуы”, “Германия мен Жапонияның тізе бүгүі” тақырыппашаларын оқып келу.

### **§ 27. ЕКІНШІ ДУНИЕЖҰЗЛІК СОҒЫСТЫҢ АЯҚТАЛУЫ. ҚЫРЫМ-ПОТСДАМ ЖҮЙЕСІ. БІРІККЕН ҰЛТТАР ҮЙІМЫН ҚҰРУ**

#### ***Сабактың маңсаты***

Бұл сабакты өткен кезде мұғалім мына мәселелерге көніл белуі қажет.

1. Оқушыларды Ұлыбритания, КСРО және АҚШ елдері басшыларының Тегеранда, Ялтада, Потсдамда өткен халықаралық конференциялардың күн тәртібімен таныстыру.

2. Соғыстан кейінгі дуниежүзінің өзекті жағдайларының мәселелеріне, одактастар арасындағы қарама-қайшылықтарға оқушылардың назарын аудару.

3. Ұлыбритания, АҚШ және КСРО-ның Германияның болашағы туралы айқындаларға талдау жасау және қабылданған шешімдерге баға беру.

4. Германиядағы фашистік режимнің көшбасшылары мен Жапон басқыншылығының үйымдастырушыларға халықаралық трибуналда жаза беру туралы өңгімелеу.

5. БҮҮ құрудың негізгі себептері және бұл үйимның халықаралық-құқық нормаларын және басқыншылықты жоюдағы орны туралы оқушыларға түсіндіру.

## **Өтілген тақырыпты қайталау**

1. Антигитлерлік коалицияның құрылуы және соғыс кезіндегі халықаралық қатынастар.
2. АҚШ пен Англияның жақындасты неге байланысты болды?
3. АҚШ ұстаган “шеттеу” саясатының мәнін түсіндіре аласындар ма?
4. КСРО ұстаган саясатқа қандай баға беруге болады, оның қайшы келетін жақтары бар ма?

## **Жаңа тақырыпты оқып-үйрену**

**Негізгі түсініктер:** демилитаризация, декартелизация, декацификация, халықаралық-құқықтың нормалары, халықаралық әскери трибунал, Біріккен Үлттар Ұйымы, Қауіпсіздік Кенесі, бірауыздылық қағидасы, “вето” құқығы.

Жоспары	Игеру жолдары және тәсілі
1. Тегерандағы, Ялтадағы және Потсдамдағы конференция, дүниежүзінің соғыстан кейінгі жағдайы	Мұғалімнің баяндамасы, “Ұлыбритания, АҚШ және КСРО елдері басшыларының халықаралық конференциялары”, “Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы” кестелерін пайдаланып түсініру
2. Әскери қылмыскерлердің халықаралық трибуналда жазалау	Оқулықтағы мәтінмен жұмыс
3. БҮҮ-ның құрылуы	Мұғалімнің баяндамасы. “БҮҮ-ның Жарғысы” құжатынан үзінділер көлтіру

## **Маңызды оқиғалар**

28 қараша — 1 желтоқсан 1943 ж. — Тегеран конференциясы; 4—11 ақпан, 1945 ж. — Ялта (Кырым) конференциясы; 17 шілде — 2 тамыз, 1945 ж. — Потсдам конференциясы; сәуір—маусым, 1945 ж. — Сан-Францискодагы конференция, БҮҮ-ның құрылуы;

қараша, 1945 ж. — қазан, 1946 ж. — Нюрнбергтегі Халықаралық әскери трибунал; мамыр, 1946 ж., қараша, 1948 ж. — Токиодағы халықаралық әскери трибунал.

**Негізгі тұрғалар:** У.Черчилль, Ф.Рузвелт, И.Сталин, К.Эттли, Г.Трумэн.

Ұлыбритания, КСРО және АҚШ басшыларының халықаралық конференцияға қатысуы туралы әңгімелеу.

**Ялта (Қырым) конференциясы**  
 (4–11 акпан, 1945 ж.)

*Қатысқандар: У. Черчилль, И. Сталин, Ф. Рузвельт*

Германия мәселесі	Польша мәселесі	Жапония мәселесі
1	2	3
<p>1. Ұлыбритания, АҚШ, Франция, КСРО әскерлері арқылы Германияның болашак басып алу аймақтары анықталды. Берлин негізгі басып алу ауданы болды, онда 4 державаның әскері болуы керек еді</p> <p>2. Германияны басқару одақтарастар және басып алушы әскердің басшылығымен жүзеге асты</p> <p>3. Германиямен репарациялау құны анықталды, оның мөлшері 20 млрд доллар</p> <p>4. Герман әскерінің қанішерлік істері әшке-реленді</p>	<p>1. Польшаның батыс шекарасын Нейс және Одер өзендері арқылы белгіледі. Батыс Украина мен Батыс Белоруссия КСРО-құрамында қалады</p> <p>2. Қенес Одағы Польшадағы уақытша өкіметті өзіне алды, ол аз уақытта еркін сайлау жүргізу керек болды</p>	<p>КСРО Германияның жеңгеннен кейін үш айдың ішінде Жапонияға соғыс ашатын болды. Ондағы шеті Курил аралдары, оңтүстік Сахалин, Порт-Артурды жалға алу және Маньчжурия теміржолдарын Қытаймен бірге пайдалану</p>

**Потсдам конференциясы**  
 (17 шілде–20 тамыз, 1945 ж.)

*Қатысқандар: И. Сталин, Г. Трумэн, У. Черчилль, К. Эттли*

Германия мәселесі	Польша мәселесі	Жапония мәселесі
<p>1. Жалпы саяси шешімдер</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– демилитаризация</li> <li>– декартелизация</li> <li>– денацификация</li> <li>– демократизация</li> </ul> <p>2. Қенес Одағына Пруссияның Кенигсберг қаласы аумағымен берілді</p>	<p>Польша шекарасы Ялта конференциясының келісімімен бекітілді</p>	<p>Жапонияға қарсы КСРО-ның соғыс ашқандығы рассталды</p>

### Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы

Мемлекеттер	Аумақтық шешімдер	Әскери-саяси шешімдер
Германия	1930—1940 жылдарда жауалап алған аумагынан айырылды	Басқыншылық аймақтарына бөлінді, денацификация, демилитаризация, демократизация, декартелизация жүргізілді. Әскери қылмыскерлер жазаланды. Соғыс шығындарын қайтару нәтижесінде сауда және өнеркәсіп заттары тартып алынды
Жапония	Мемлекеттің аумағы 4 аралмен шектелді. Отарлары мен төуелді аумақтарынан айырылды. Курил және Оңтүстік Сахалиннен бастартты	АҚШ әскерлерімен басып алынды. Демократизация, аграрлық реформа жүргізілді. Әскери қылмыскерлер жазаланды
Италия	Отарларынан айырылды, Югославия, Грекия және Францияның пайдасы үшін аумақ жағынан ұтылды	Әскери жасактары өзінің қауіпсіздігіне жететін мөлшерде болды. Төңіз-әскери күштері мен өуе-әскери күштерін шектеді
Румыния	Оңтүстік Добруджа Болгарияға берілді. Солтүстік Буковина және Бессабрия КСРО құрамында қалды	Австриядагы кеңес әскерімен байланыс үшін Румыния аумағында КСРО әскері қалдырылды
Венгрия	Мемлекет шекарасы Чехословакия пайдасы үшін берілді	
Финляндия	КСРО-ға Пожалю (Печенги) қайтарылды	Порскала — Удд 50 жыл КСРО базасы болды
Австрия	Болашақта Германиямен “аншлюс” жасауга тыым салынды	1955 жылға дейін одактар әскерімен басып алынды

## **§ 28. XX ГАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ**

### ***Сабактың мақсаты***

XX ғасыр басындағы қоғамдық санадағы бетбұрыс, ғылым мен техника, КСРО-дағы ғылым мен техниканың дамуы, өнер саласындағы өзгерістер, әдебиеттегі модернизм, XX ғасырдағы өнер мен әдебиеттегі жаңа құбылыстар, театр өнері, музика мәдениеті, радио мен теледидар жүйесі жөніндегі әңгіме оқушылардың жыл бойындағы оқыған-тоқыған білімін қорытындылай түсері даусыз. Ал оны терең мазмұнды етіп оқушы санасына жеткізу тәжірибелі мұғалімнің ғана қолынан келер іс.

### ***Сабактың барысы***

#### ***Үй тапсырмасын тексеру***

Үйге берілген тапсырманы тексеру және бағалау мақсатында төмендегідей сұрақтарды беруге болады:

1. Қандай жағдайларда және қандай мақсатпен Ялта-Потсдам конференциялары шақырылды, оған кімдер қатысты?
2. Декретке сүйеніп, қатысқан елдердің қойған талаптарын түсінуге тырысындар. Олардың қайсысы, қандай шешімдер тапқан?
3. Ялта-Потсдам жүйесінің негізі неде, оны қалай сипаттауға болады?
4. Ялта-Потсдам жүйесі қай кезенге дейін шыдады?
5. БҮҮ-ның мақсаты, органдары туралы не білесіндер? Қазақстан бұл үйімға қай жылы енген, қандай қимылдар жасағаны туралы айтып беріңдер.

### ***Жаңа сабактың түсіндіру***

Тарих сабағында, көптеген тақырыптар мәдениет пен өнердің дамуына тікелей байланысты болады. Бұл сабактар мұғалімнің мүқият дайындалуымен қатар оқушылардан да тыңғышты, жүйелі дайындықты талап етеді. Сондықтан мұндай тақырыптарды оқып-үйренгенде, оқушылар алдын ала XX ғасырдың мәдениет қайраткерлерінің өмірімен, шығармашылығымен танысусы керек.

Бұл тақырыпты дайындау барысында оқушылардың мәдениет тақырыбына жазған рефераттарын пайдалануға болады.

XX ғасырдың мәдениеті тақырыбын өткен кезде де көптеген көрнекі құралдарды қолдануға болады: фото, киноқұжаттар, тақырыптық стенд дайындау, газет шығару, көрме жасау. Сонымен қатар сыйыптан тыс сабак өткізген

де тиімді. Мысалы: мұражайға, көрмеге, көркем галереяға бару, мәдениет пен өнер туралы пікірталас үйімдастыру.

Тағы бір ескеретін жағдай — мәдениет, білім, жаратылыстану, әдебиет, т.б. туралы сабак өту.

### *Мынадай ңұқсалар ұсынылады:*

— курстың арнайы бөлімдері таңдал алынып, өздігінен жұмыс жасауға беріледі, соңынан міндетті турде тексеріледі;

— жалпы шолу сабактары өтіледі, онда XX ғасырдың қоғамдық-саяси, гуманитарлық, мәдени өміріндегі қол жеткізген жетістіктері қарастырылады;

— оқушылардың көмегімен өткізу, баяндама, хабарлама жасату.

### *Мұғалім осы тақырыпты өткенде ескеретін жағдайлар:*

— пәнаралық байланысты пайдалану, оқушылардың жаратылыстану, әдебиет, дүниежүзі мәдениеті тарихы курстарынан алған білімдерін пайдалану;

— белгілі бір суретшінің, ақынның, жазушының, сәулетшінің шығармашылығын көрсете білу;

— XX ғасырдағы қоғамдық-саяси сананың даму бағыттарын білу;

— XX ғасырдағы мәдениеттің өртүрлі бағытта, стильде даму себептерін түсіндіру, модерн, экспрессионизм, қарапайымдылық, кубизм, абстрактылық, футуризм, конструктивизм, сюрреализм стильдеріне мінездеме беру;

— “жалпы мәдениет” түсінігіне түсінік беру, оның қазіргі қоғамдағы орнын анықтау, қоғам дамуындағы көзқарастарды анықтау;

— ақпарат хабарларының қазіргі біздің өмірімізде алатын рөлі жөнінде айтуды.

### *Жаңа сабактың жоспары*

1. XX ғасырдағы қоғамдық-саяси сананың даму бағыттары.

Бұл сұрақты XX ғасырдың бірнеше белгілі ойшылдарының теориясына сүйеніп қарастыруға болады. “XX ғасырдың гуманитарлық, қоғамдық-саяси, экономикалық саладағы қол жеткізген жетістіктері” кестесін пайдалану ұсынылады.

2. Оқулықтағы мәтінмен жұмыс, “XX ғасырдағы өнердегі бағыттар мен стильдер” кестесін пайдалану. Оқушылардың хабарлауы.

3. Жалпы мәдениет. Мұғалімнің түсіндіру “Жалпы мәдениет және оның қоғамдық өмірдегі рөлі” кестесін пайдалану. Ақпарат хабарлары материалын пайдалану.

**XX ғасырдың гуманитарлық, қоғамдық-саиси, экономикалық саладағы қол жеткізген жетістіктері**

Білім саласы	Белгілі ғалымдар	Білімге қосқан улесі жөнінде қысқаша дерек
Қоғамдық даму теориясы	Дж.Гэлбрайт У.Ростоу Д.Белл О.Гроффлер	Өркениеттің сатылы даму идеясы, олардың алмасу себептері. Формация теориясының аныкталуы және дамуы
Экономикалық білім	Д.Кейнс Дж.Гэлбрайт И.Шумкетер М.Фридман	Нарық экономикасын реттеу теориясы. Мемлекеттегі экономиканы реттеудің шегі
Саясаттану, әлеуметтік даму	Р.Даль М.Дюверже Д.Истои Т.Парсоис Р.Арон Г.Алмоид Г.Моска Р.Парсто	Демократия теориясы  Саяси жүйенің даму теориясы  Басқару элитасының теориясы
Философия, психология	З.Фрейд К.Юнг	“Психоталдаушылық” теориясы”

**Жалпы мәдениет және оның қоғамдық өмірдегі рөлі**

Даму кезеңдері	Жалпы мәдениет түрлері	Қоғамдық санаға əсері
XX ғасырдың басы	Комикстер, арзан мақтау кино	Бос уақыт өткізу, насиҳат, ойын-сауық
1920—1930	Радионың пайда болуы, теледидар, кино өнері	Насиҳат және ақпарат құралы, бос уақыт өткізу

## XX ғасырдағы өнердегі бағыттар мен стильдер

Стильдің атаяуы	Негізгі идеялар
Модерн (поэзиядағы символъум) (символизм)	Табиғаттағы, символдағы мистикалық, персонализациялық бейнелерге қарау. Ренесанс және Ағарту дәстүрлерін жокқа шыгару, негізгі ұлттық мәдениетке көніл бөлу
Дадаизм	Қоғамның жат қылыштарын жокқа шыгару, антиэстетикалық өмірдің жаман жақтарын жою
Экспрессионизм	Әмоционализмнің, дыбыстың, түстің көтерілуін күнделікті өмір салтын жою
Футуризм Абстракционизм	Динамика, қозғалыс, өзгерістер. Суретшінің ішкі дүниесін түсіндіруі
Сюрреализм	Шындықтан жоғары өз дүниесін күру, ол иррационалды, символды, фантастикалық
Конструктивизм	Мәдениеттің инженерлік шығармашылыққа жақындауы, кеңістікті тиімді үйымдастыру
Поп-арт	Құнделікті тұрмыста қолданатын заттарға көркемдік қасиет беру
Постмодернизм	Бұрынғы және болашақ стильдерді, Шығыс пен Батыс стильдерін біріктіру, фольклор, поп-арт
Монументализм	Ұлттық дәстүрлерді, тарихи этикалық суреттерді революциялық көтерілістермен байланыстыру

## ВИКТОРИНА

Бұл викторина сыныптан тыс, жоғары сынып оқушыларының ой өрісін кеңейтуге және оқуға деген ынтасын арттыруға арналған.

Бұл викторинаны тарих курсынан мектеп кештерінде, семинарларда, сыныптан тыс жұмыстарда, мектептегі әдістемелік апталықтарда қолдануға болады. Ойынға 3 команда қатысады, оның мүшелері өз еркімен таңдалады.

Көрермендер ретінде сынып оқушылары олардың ата-аналары, достары және таныстары қатысады. Ойынға алдын ала, бір апта бұрын дайындалады, мұғалім ойынға қатысуышыларды ойын шарттарымен таныстырады және түсінік беріледі. Өздігінен дайындалуға әдебиеттер тізімі ұсынылады. Викторинаға ең жақсы оқитын тоғыз оқушы қатысады, бұлардан 3 команда құрылады. Екі сынып оқушылары алдын ала таңдалып алған оқушылар болса да болады.

### *Ойын шарттары:*

Ақтық сынға шығу үшін ойыншы екі сұраққа дұрыс жауап беруі керек.

“**Қызыл жол**” — бұл жолда тұрған оқушыға екі сұрақ қойылады, егер ол кате жауап берсе, ойыннан шығады. Өйткені, бұл ең қысқа жол болып есептеледі.

“**Сары жол**” — бұл жолда тұрған оқушыға үш сұрақ қойылады, бұл жолда оқушы бір сұраққа дұрыс жауап бермей-ақ келесі кезенге өте алады.

“**Жасыл жол**” — бұл жолда тұрған оқушыға төрт сұрақ қойылады. Онда оқушы екі сұраққа дұрыс жауап бермей келесі кезенге өте алады.

**Жолды таңдау:** оқушылар өзара жолды таңдалап алыш, ойынды бастайды. Дұрыс жауап берген оқушылар “**Жасыл жолға**”, “**Сары жолға**” тұрады. Дұрыс жауап бере алмаған оқушы “**Қызыл жолға**” тұрады.

Соңында кімде-кім бірінші болып ақтық сынға жетсе, сол жеңімпаз болып есептеледі. Ойыншылар дұрыс жауап бермен-ген сұрақтарға көрермендердің де жауап беруіне болады. Сейтіп көрермендер арасында да жарыс жүргізіледі. Өр дұрыс жауапқа бір үпай беріледі, соңынан жеңіске жеткен көрерменге сыйлық беріледі.

Әр үш команданың жеңімпаздары ақтық сында кездеседі. Викторинаның сұлбасы:

<i>Старт</i>		
Жасыл жол	Сары жол	Қызыл жол
1-сұрақ	1-сұрақ	1-сұрақ
2-сұрақ	2-сұрақ	2-сұрақ
3-сұрақ	3-сұрақ	
4-сұрақ		

<i>Мәре</i>		
1-мәре жеңімпазы	2-мәре жеңімпазы	3-мәре жеңімпазы
Женімпаз	Женімпаз	Женімпаз
Финал		

### Викторинаға қойылатын тест сұрақтары

- Бірінші дүниежүзілік соғыс қай жылдары болды?
  - 1914 —1917жж;
  - 1915 —1918 жж;
  - 1914 —1918 жж;
  - 1912 —1916 жж;
  - 1939 —1945 жж.
- Бірінші дүниежүзілік соғыста “шексіз суасты” соғысын қай ел жариялады?
  - АҚШ;
  - Англия;
  - Франция;
  - Италия;
  - Германия.
- Үлттар Лигасының басты міндеті қандай?
  - Германияның Еуропадағы ықпалын қүштейтуге көмектесу;
  - АҚШ-тың дүниежүзінде үстемдігін орнатуына көмектесу;
  - Бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға көмектесу;
  - Кеңеске қарсы насиҳат жүргізу;
  - Англияның Еуропадағы ықпалын қүштейтуге көмектесуі.

**4. Италияда 1920 жылғы тамыз айында қандай оқиға болды?**

- А. Өндіріс құрал-жабдықтарын мемлекет менишігіне айналдыру;
- Ә. Жұмысшылардың кәсіпорындарды басып алуды;
- Б. Мемлекеттік менишікті бөлісу;
- В. Өндіріс-құрал жабдықтарын жекешелендіру;
- Г. Қарулы қотеріліс.

**5. КСРО-ның Қызыр Шығыстағы ұрыс қимылдарында жалпы басшылықты кім атқарды?**

- А. Г.К.Жуков;
- Ә. И.С.Конев;
- Б. К.А.Мерецков;
- В. Р.Я.Малиновский;
- Г. А.М.Василевский.

**6. Кеңестік Ресей мен Германия арасындағы Брест бітімі қашан жасалды?**

- А. 3 қаңтар, 1918 ж;
- Ә. 3 наурыз, 1918 ж;
- Б. 5 сәуір, 1918 ж;
- В. 18 желтоқсан, 1917 ж;
- Г. 11 қараша, 1918 ж.

**7. Ресейдің 1914 жылғы 1 тамызда Германияға соғысты жариялауына қандай жағдай себеп болды?**

- А. Ресей үкіметінің әскерді мобилизациялаудан бас тартуы;
- Ә. Ресей ақпарат құралдарындағы Германияға қарсы насиҳат науқаны;
- Б. Ресей әскерлерінің Сербияға апарылуы;
- В. Ресей порттарында Германия кемелерін тұтқындау;
- Г. Ресейдің Австро-Венгриямен соғыс жариялауы.

**8. 1919 жылғы сәуірде Кеңес Республикасы қай жерде жарияланды?**

- А. Пруссияда;
- Ә. Тюргигте;
- Б. Баденде;
- В. Саксонияда;
- Г. Баварияда.

**9. Италияда фашистер өкімет басына қашан келді?**

- А. қазан, 1922 ж;
- Ә. қазан, 1923 ж;
- Б. шілде, 1922 ж;
- В. шілде, 1923 ж;
- Г. тамыз, 1923 ж.

**10. Қай жылы Кеңестер Одағы Үлттар Лигасынан шығылды?**

- А. 1938 ж;
- Ә. 1939 ж;

- Б. 1935 ж;
- В. 1936 ж;
- Г. 1937 ж.

**11. БҮҮ-н құруға алғашында қанша мемлекет қатысты?**

- А. 156 мемлекет;
- Ә. 112 мемлекет;
- Б. 100 мемлекет;
- В. 140 мемлекет;
- Г. 51 мемлекет.

**12. Еуропалық экономикалық қауымдастық қай қалада құрылды?**

- А. Париж;
- Ә. Бош;
- Б. Рим;
- В. Лондон;
- Г. Женева.

Осы сияқты өтілген тақырыптардан тест сұрақтарын дайындалап алған дұрыс.

## АУКЦИОН-САБАҚ

### ДҮНИЕЖҰЗІНІЦ МАҢЫЗДЫ ТАРИХИ ОҚИҒАЛАРЫ

#### *Сабақтың тақырыбы*

Хронологиясын жақсы менгеру үшін перфокартаны, хронологиялық тест ойындарын және аукцион-сабакты өткізуге болады.

#### *Сабақтың мақсаты*

Өтілген тарихи деректерді хронологиялық түрде есте сактау, хронологиялық деректі оқып-үйренудің рөлін ашу, тарихи деректермен, тарихи карталармен жұмыс істей білуді үйрету.

Дайындық жұмыстар сабақты өтуден бір апта бұрын басталады.

**Көрнекі құралдар:** карточкалар, оқиға жылдары, ескерткіш суреттер, хронологиялық ойындар салынған плакаттар, иллюстрациялар, т.б.

#### *Сабақтың барысы*

Аукцион-сабақ 4 кезеңнен тұрады, әр кезеңде белгілі бір мөлшерде оқиға жылдары ойнатылады (ұтып алынады).

Оқушылардың міндеті — көрсетілген оқиға жылдары оқиғасын айтып беру. Әр жауапты сарапшылар есептеп отырады.

Оқиға жылдары және сол жылдарға байланысты оқиғаны, деректерді айтқан команда ұтып алады.

#### **Бірінші кезен:**

Мұғалім жыл-дерек жазылған карточкины көтереді. Бұл жолы 1904-1905 жылдардан орыс-жапон соғысы болған жылдар мәліметі ойналады.

Оқушылар көрсетілген мәліметтерге байланысты, бұл жылдары қандай оқиға болды, соған байланысты деректерді, жауаптарды айтады. Жауаптар таусылған кезде, сараптық комиссия орнынан тұрып: “Сатылады” — дейді де қай командаға сатылғаны туралы айтып карточка-жыл-деректі сол командаға тапсырады (береді).

Осылай бірнеше карточка жыл-дерек дайындеймиз, мысалы:  
1910 жылы Жапония Кореяны өз отарына айналдырып алды.

1911—1912 жж. — Синхай революциясы. 1644 жылдан бері билеп келген Цин әулетті құлап, Қытай Республикасы жарияланды.

1912—1913 жж. I және II Балқан соғыстары.

Түркия жерлері Грекия мен Болгарияға өтіп кетті.

1914—1918 жж. — Бірінші дүниежүзілік соғыс.

1916 ж.— Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының ұлт-азаттық көтерілістері.

1917 ж. ақпан — Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық революция. Патша үкіметінің құлауы

1918—1923 жж. — Түркиядағы Кемал революциясы.

1919 ж. — Қытайдағы “4 мамыр” қозғалысы.

1925—1927 жж. — Қытайдағы ұлттық революция.

1929—1933 жж. — Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс.

### Екінші кезең:

Екінші кезенде жыл-деректер ойналады.

1931 ж. — Жапон әскерлері Маньчжурияға енгізілді.

1935 ж. — Коммунистік Интернационалдың VII конгресі.

1937 ж. — Жапонияның Қытайдағы “Ұлкен соғысы”.

1939 ж. 23 тамыз — КСРО — Германия шартының құпия хаттамасы.

1940—1941 жж. қазан — КСРО-ның Финляндияға қарсы соғыс жүргізуі.

1939—1945 жж. — Екінші дүниежүзілік соғыс.

1941 ж., сөуір — КСРО — Жапония шарты.

1941 ж., 22 маусым — Германияның КСРО-ға шабуылы.

1941 ж., 7 желтоқсан — Жапония АҚШ-қа соғыс бастады.

1941 ж., желтоқсан — АҚШ, Ұлыбританияның Атлантика хартиясын жариялауы.

1942 ж., көктем — Харьков тубегіндегі шайқас. Қызыл Армияның женілуі.

1942 ж., қыс — Сталинград шайқасы.

1943 ж., жаз — Курск шайқасы.

1943 ж., маусым — Коммунистік Интернационалды тарату.

1943 ж., қараша-желтоқсан — Тегеран конференциясы.

1945 ж., — Қырым конференциясы.

1945 ж., мамыр — Германияның тізе бүгүі.

1945 ж., шілде-тамыз — Потсдам конференциясы.

1945 ж., 6 — 9 тамыз — алғашқы атом қаруымен Жапон қалаларын бомбалау.

1945 ж., 8 тамыз — КСРО-ның Жапонияға қарсы соғыс ашуы.

1945 ж., қыркүйек — Жапонияның тізе бүгүі.

Екінші кезең аяқталған соң оқушыларды сурет көрмесіне шақырамыз, мұнда олар өздерінің хронологиялық жинақтарын толықтыра туследі. Олар суреттерге қарап отырып, ондағы салынған оқиғаны жыл-деректерді атая арқылы ұтып алады.

Үшінші кезенде біз оларды бейне залға шақырамыз. Мұнда

олар мәдени ескерткіштерді көріп, ондағы тарихи оқиғалар туралы айтып, білімдерін толықтыра туседі.

Сонында оқушыларды жәрменкеге апарамыз. Онда алдын ала дайындалған сөзжұмбақ, жаңылтпаш, викторина ойындары болады. Олар өздеріне жаңа карточка жыл-деректерді үтып алу мүмкіндіктеріне ие болады.

Келесі **төртінші кезенде жыл-дерек тану** — жылдарды анықтау ойыны ойналады. Бұл кезенде оқушылар өлең шумақтарымен тарихи оқиғаны анықтауды керек және дәлме-дәл мәліметтерді айтуды қажет.

Одан кейін **Жыл-деректерді таңдау** ойыны ойналады.

Бұл ойында командаларға әртүрлі жыл-деректер және мемлекет қайраткерлерінің портреттері, тарихи картадан үзінділер, курсес сұлбалары, тарихи деректерден үзінділер беріледі. Оқушы 1-2 минутта суреттерге, сұлбаларға, тарихи құжаттарға жыл-деректерді сәйкестендіріп, тандап алуды керек.

Ойын аяқталған соң мұғалім және сараптық комиссия командалардың үтып алған ұтыстарын жинақтап, санайды.

Қай команда көп үпай жинаса, сол команда мүшелері әсептелеуден болыш есептеледі.

Мұғалім сабакқа белсенді қатысқан оқушыларға, женіске жеткен команда мүшелерінің катысу белсенділігіне қарай бағалайды.

Сабакты қорытындылап, сабак сонында оқушылар дәптерлеріне хронологиялық жыл-деректерді жазып алудына болады.

## БАҚЫЛАУ-ҚАЙТАЛАУ САБАҒЫ

### ***Бақылау-қайталау сабакының жоспары***

1. 1914—1918 жылдардағы Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептері.
2. Шығыс майданың Бірінші дүниежүзілік соғыстағы рөлі.
3. 1917 жылғы Ресейдегі революциялық қозғалыстар және оның Батыс Еуропа мемлекеттеріне әсері.
4. Версаль-Вашингтон жүйесі.
5. 1914—1918 жылдардағы Германияның Бірінші дүниежүзілік соғыстағы женелігі.
6. Бірінші дүниежүзілік соғыстағы Ресейдің рөлі.
7. Бірінші дүниежүзілік соғыстағы Еуропа мемлекеттеріндегі революциялық қозғалыстар.

### **Тест сұрақтары:**

**1. Бірінші дүниежүзілік соғыста қай ел екі бірдей майданда соғысты?**

- A. Италия;
- Ә. Ресей;
- Б. Англия;
- В. Германия;
- Г. Франция.

**2. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Германия империясының басында кім болды?**

- A. Отто фон Бисмарк;
- Ә. II Вильгельм;
- Б. I Вильгельм;
- В. Лео Канриви;
- Г. Фридрих IV.

**3. 1919 жылғы сәуірде Кеңес республикасы қай жерде жарияланды?**

- A. Саксонияда;
- Ә. Баварияда;
- Б. Пруссияда;
- В. Баденде;
- Г. Тюритте.

**4. 1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғыс өртін қай елдің билеуші топтары тұтандырыды?**

- A. АҚШ пен Жапония;
- Ә. Германия мен Австро-Венгрия;
- Б. Италия мен Германия;
- В. Франция мен Түркия;
- Г. Ресей мен Англия.

**5. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына не себеп болды?**

- А. Австро-Сербия қақтығысы;
- Ә. Францияның әскери бағдарламаны қабылдауы;
- Б. Түркияның бірінші Балқан соғысындағы қақтығысы;
- В. Қара теңіз бұғаздары үшін Еуропалық державалардың қақтығысы.

**6. Версаль бейбіт келісіміне қашан қол қойылғанын көрсетіңіз?**

- А. 10 мамыр, 1918 ж;
- Ә. 5 қантар, 1924 ж;
- Б. 28 маусым, 1919 ж;
- В. 16 тамыз, 1920 ж;
- Г. 7 қазан, 1922 ж.

**7. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталған және аяқталған жылдары:**

- А. 1 қыркүйек, 1914 ж. — 2 қыркүйек, 1918 ж;
- Ә. 1 маусым, 1914 ж. — 2 қыркүйек, 1918 ж;
- Б. 1 қыркүйек, 1914 ж. — 9 мамыр, 1918 ж;
- В. 1 қыркүйек, 1914 ж. — 11 қараша, 1918 ж;
- Г. 1 тамыз, 1914 ж. — 11 қараша, 1918 ж.

**8. 1918—1919 жж. Германиядағы революция сипаты жынан қандай болды?**

- А. Буржуазиялық революция;
- Ә. Демократиялық революция;
- Б. Үлт-азаттық революция;
- В. Социалистік революция;
- Г. Буржуазиялық-демократиялық революция.

**9. Төменде аталған елдердің қай тобы 1919 жылғы Герман отарларын бөлісуге қатысты?**

- А. Англия, Жапония, Чехославакия;
- Ә. АҚШ, Венгрия, Польша;
- Б. Франция, Англия, Жапония;
- В. Грекия, Италия, Дания;
- Г. Франция, Англия, Турция.

**10. Қай ел Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде бірінші рет химиялық қаруды қолданды?**

- А. Франция;
- Ә. Италия;
- Б. АҚШ;
- В. Германия;
- Г. Англия.

**11. Версаль-Вашингтон жүйесі дегеніміз не?**

- А. Метрополияның бұрынғы отар елдермен келісім жүйесі;
- Ә. Германиямен және оның бұрынғы одақтарымен келісім жүйесі;
- Б. Өскери қақтығыстарды реттеу механизмі;
- В. Еуропа елдері арасындағы саудада мейлінше қолайлыш төртіп орнату;
- Г. Консервативті ұйымдардың қызметін үйлестіру.

**12. Екінші дүниежүзілік соғыста қай ел екі бірдей майданда соғысты?**

- А. Италия;
- Ә. Франция;
- Б. Англия;
- В. Германия;
- Г. Ресей.

**13. Жапонияның бірінші дүниежүзілік соғыстағы мақсаты?**

- А. Армияны техникалық жағынан жаңарту;
- Ә. Демократиялық қозғалысты түншілдіктерге;
- Б. Еуропада рынокты кеңейту;
- В. Ресейге қарсы позициясын нығайту;
- Г. Отарларды жаулап алу.

**14. Кеңестік Ресей мен Германия арасындағы Брест бітімі қашан жасалды?**

- А. 18 желтоқсан, 1917 ж;
- Ә. 3 қаңтар, 1918 ж;
- Б. 5 сәуір, 1918 ж;
- В. 3 наурыз, 1918 ж;
- Г. 11 қараша, 1918 ж.

**15. 1914 жылға қарай қай империя өз иелігінің белгілі бөлігінен айырылды?**

- А. Ресей;
- Ә. Ұлыбритания;
- Б. Австро-Венгрия;
- В. Осман;
- Г. АҚШ.

**16. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін неміс экономикасын қалпына келтіру бағдарламасы қалай аталды?**

- А. Шлимман жоспары;
- Ә. Верман-келлог пакті;
- Б. Дауэс жоспары;
- В. Трумэн доктринасы;
- Г. Маршалл жоспары.

**17. Бірінші дүниежүзілік соғыста “шексіз суасты” соғысын қай ел жариялады?**

- А. АҚШ;
- Ә. Англия;
- Б. Италия;
- В. Германия;
- Г. Франция.

**18. Германияда 1918–1919 жылдардағы қараша революциясының басталуына қандай себеп болды?**

- А. Германия мен оның қарсыластарының арасындағы келісушшілік;
- Ә. Императордың бас тартуы;
- Б. Кил қаласындағы әскери тенізшілердің ереуілі;
- В. Берлин жұмысшыларының жалпы ереуілі;
- Г. Мюнхендегі демонстрацияны басу.

**19. Берлин-Рим-Токио басқыншылық одағы қашан құрылды?**

- А. 1936 ж;
- Ә. 1935 ж;
- Б. 1937 ж;
- В. 1941 ж;
- Г. 1939 ж.

**20. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қанша ел қатысты?**

- А. 25 ел;
- Ә. 38 ел;
- Б. 5 ел;
- В. 10 ел;
- Г. 70 ел.

**Дұрыс жауаптар:**

Тест	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жауап	В	Ә	Ә	Ә	А	Б	Г	Б	Б	В
Тест	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Жауап	Ә	В	Г	В	В	Б	В	Б	А	Ә

## **БАҚЫЛАУ-ҚАЙТАЛАУ САБАҒЫ**

### ***Бақылау-қайталау сабагының жоспары***

1. Екінші дүниежүзілік соғыстың болу себептері.
2. Екінші дүниежүзілік соғыстың бірінші (екінші, үшінші, соңғы) кезеңдеріне сипаттама беру.
3. Антифашистік коалицияның құрылуы және екінші майданың ашылу мәселеі.
4. Еуропадағы Гитлердің “Жаңа тәртібі” және Қарсыласу қозғалыстары.
5. Тегерандағы, Ялтадағы, Потсдамдағы конференциялар және оның шешімдері.
6. Кеңестік-германдық флоттың Екінші дүниежүзілік соғыстағы рөлі.
7. Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы.
8. БҮҮ-ның құрылуы және негізгі қорытындылары.
9. КСРО-ның Екінші дүниежүзілік соғыстағы рөлі.

### **Тест сұрақтары:**

**1. КСРО-ның Қыыр Шығыстағы ұрыс құмылдарына жалпы басшылықты кім атқарды?**

- А. Г.К.Жуков;
- Ә. И.С.Конев;
- Б. К.А.Мерецков;
- В. Р.Я.Малиновский;
- Г. А.М.Василевский.

**2. Италияда фашистер өкімет басына қашан келді?**

- А. қазан, 1922 ж;
- Ә. қазан, 1923 ж;
- Б. шілде, 1922 ж;
- В. шілде, 1923 ж;
- Г. тамыз, 1923 ж.

**3. Қай жылы Кеңестер Одағы Үлттар Лигасынан шығарылды?**

- А. 1938 ж;
- Ә. 1939 ж;
- Б. 1935 ж;
- В. 1936 ж;
- Г. 1937 ж.

**4. Немістердің жаулап алуына қарсы күресу үшін Францияда қандай үйім құрылды?**

- А. “Патриоттар” одағы;
- Ә. “Коммунистер” одағы;
- Б. Халық қекшілдер косыны;
- В. “Қарсыласу қозғалысы”;
- Г. “Азат Франция” үйімы.

**5. БҮҮ-ын құруға алғашында қанша мемлекет қатысты?**

- А. 156 мемлекет;
- Ә. 112 мемлекет;
- Б. 100 мемлекет;
- В. 140 мемлекет;
- Г. 51 мемлекет.

**6. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Жапонияның Тынықмұхит бассейніндегі негізгі қарсыласы қай ел болды?**

- А. Канада;
- Ә. Англия;
- Б. Қытай;
- В. АҚШ;
- Г. Франция.

**7. БҮҮ қай жылы құрылды?**

- А. 1942 ж;
- Ә. 1944 ж;
- Б. 1945 ж;
- В. 1946 ж;
- Г. 1943 ж.

**8. Тегеран конференциясына саяси басшылардың қай тобы қатысты?**

- А. И.Чемберлен, И.Сталин, У.Черчилль;
- Ә. И.Сталин, У.Черчилль, Ф.Рузвельт;
- Б. И.Сталин, Г.Трумэн, И.Чемберлен;
- В. И.Сталин, Г.Трумэн, К.Эттли.
- Г. И.Сталин, Г.Трумэн, У.Черчилль.

**9. АҚШ-қа қарсы соғыс қимылдарын Жапония нeden бастады?**

- А. Филиппинді басып алудан;
- Ә. Пёрл-Хорбор әскери базасына соккы беруден;
- Б. АҚШ-тың шығыс жағалауына әскер түсіруден;
- В. Жапония портындағы американ кемелерін тұтқындаудан;
- Г. АҚШ-тың батыс жағалауларына шабуылдан.

**10. Америкада орналасқан социалистік елді атаңдар:**

- А. Никарагуа;
- Ә. Куба;
- Б. Чили;
- В. Аргентина;
- Г. Боливия.

**11. Италияда қай жылы республика жарияланды?**

- А. 1954 ж;
- Ә. 1955 ж;
- Б. 1943 ж;
- В. 1945 ж;
- Г. 1946 ж.

**12. Американың Жапониядағы оккупациялық әскерінің бас қолбасшысы:**

- А. Дж. Маршалл;
- Ә. Аденгаузер;
- Б. Монтгомерт;
- В. Д.Манкартур;
- Г. Д.Эйзенхаузер.

**13. Берлин қаласы қай күні құлады?**

- А. 1945 жылы 2 мамырда;
- Ә. 1945 жылы 5 мамырда;
- Б. 1945 жылы 9 мамырда;
- В. 1945 жылы 7 мамырда;
- Г. 1945 жылы 30 мамырда.

**14. КСРО 1940 жылы қай елмен соғысты?**

- А. Польшамен;
- Ә. Жапониямен;
- Б. Финляндиямен;
- В. Турциямен;
- Г. Германиямен.

**15. КСРО Халық Комиссарларының Кеңесі қай жылы Министрлер Кеңесі болып қайта құрылды?**

- А. 1941 ж;
- Ә. 1931 ж;
- Б. 1946 ж;
- В. 1929 ж;
- Г. 1945 ж.

**16. Антифашистік коалицияның қалыптасуын қандай оқига тездетті?**

- А. Қызыл Армияның Мәскеу түбегіндегі женісі;
- Ә. АҚШ-тың Гавай аралдарындағы теңіз базасының тал-қандалуы;
- Б. Египеттегі Одақтастар әскерлерінің женісі;

В. Жапонияның Қытайды жаулап алуы;  
Г. Еуропада қарсыласу қозғалысының жандануы.

**17. 1942–1943 жылдары қыста қандай маңызды шайқас болды?**

- А. Сталинград шайқасы;
- Ә. Ленинград блокадасының алынуы;
- Б. Курск шайқасы;
- В. Қырым үшін шайқас;
- Г. Мәскеу түбіндегі шайқас.

**18. Екінші майдан қашан және қай жерде ашылды?**

- А. 7 желтоқсан, 1941 ж., Пёрл-Харбор;
- Ә. 6 маусым, 1944 ж., Солтүстік Франция;
- Б. 8 қараша, 1942 ж., Сотүстік Африка;
- В. 23 тамыз, 1944 ж., Румыния;
- Г. 6 қыркүйек, 1943 ж., Оңтүстік Италия.

**19. 1943 жылдың жазында Кеңес-Герман майданында қандай шайқас болды?**

- А. Днепрге өту;
- Ә. Қырымдағы шайқас;
- Б. Ленинград құрсауын бұзы үшін шайқас;
- В. Сталинград шайқасы;
- Г. Курск ініндері шайқас.

#### **Дұрыс жауаптар:**

Тест	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жауап	Г	А	Ә	Г	Г	В	Б	Ә	Ә	Ә
Тест	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Жауап	Г	В	А	Б	Б	Ә	Б	А	Ә	Г

## ҚАЙТАЛАУ САБАФЫ

### БІРІНШІ ДУНИЕЖУЗІЛК СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ РЕСЕЙ

1914—1918 жылдардағы Ресейде болған тарихи оқиғалардың негізін оқыттып, оны өлеуметтік, рухани, адамгершілік тұрғысынан қарастыру.

Тарихи деректер мен оқиғаларды қарастыру барысында олардың тарихи ерекшелігін ашып көрсетумен бірге, оның тарих ағымына қатысын өзінің ой тұрғысынан қарастыра білуін, яғни тек оқулық авторының немесе мұғалімнің көзқарасымен келісіп қана қоймай қарсы пікір айта білу қабілеттерін дамыту.

Тарих тәжірибесі негізінде оқушылар бойында гуманизм идеясын, адам құқығын құрметтеу, демократия құндылығын бағалау және ұлтаралық қатынас пен мәдени мұраны сақтай отырып, кез келген тарихи оқигаға баға бере алатындаид қасиеттерді тәрбиелеу.

Белгілі бір тарауды өткеннен кейін, біз мұғалімдер, сабакты тест түрінде не бақылау жұмысы ретінде өткіземіз. Қалыпты сабактан ғөрі кей кезде танымдық ойын сабактарын өткізсек, сабак қызықтырақ болады.

1. Ойын сыныптағы оқушыларды толық қамтиды.
2. Оқушылар қозғалыс үстінде болады.
3. Сабакты нашар оқитындар басқа да қасиеттері арқылы оқушылар арасында өз рейтинглерін көтере алады.
4. Оқушылар арасында жұлдеге қойған бағаны женіп алу мүмкіншілігі оның қунделікті сабакта отырғандығын үміттірып жүйке жүйесін тынықтырады.
5. Пәнаралық қатынасты кеңінен қолдануға мүмкіндік тудырады.

## БИНГО ОЙНЫ

Бірінші дүниежүзілік соғыстың шығу себептері	Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себепші болған оқиға	Берінді таңғалдыратын бір тарихи оқиға айтып бере аламын	Соғыс қалай және қашан басталды?	ХХ ғасырдың басындағы Еуропаның жағдайы
Осы сыйныптағы балалардың ең жақсы қасиеттерін атап, оларға арналған бір өн айтып беремін	Ақпан революциясының маңыздылығы	Ақпан революциясының нәтижесі	1917 ж. өске-ри кимылдар	Берінді күлдіре аламын
Қос өкімет саясаты және оның мәні	Ленин тура-лы не білесіндер?	Адамгершілік туралы үш макал айттып беремін	Қазақстанға Ақпан революциясы қандай жаңа құқықтар алып келді?	Қазан төңкепісі
Соғыс, төңкеріс барысында адам құқығы бұзылды ма және бұзылса қандай құқықтар бұзылды?	Қазан төңкепісінің маңыздылығы	Меньшевик, большевик сөздерінің шығу тарихы	Қызыл Армияның құрылуы	Буржуазия, самодержавие, ак гвардия, халық комиссары— осы сөздермен өңгіме күрастырындар
Брест бітімі	Жер туралы Декрет	Өз өнерімді көрсете ала-мын	Менін ойымша, революция қажет еді	Менің ойымша, революция қажет емес еді

Ойын жоғарыда көрсетілген сабакқа байланысты жасалған. Кейіннен балалар өздері-ақ осындай ойын түрлерін құрастырып, өздері ізденетін дәрежеге жетеді. Мұның өзі окушыны ізденімпаздыққа, құрастырылған көп ойнаның ішінен негүрлым сапалысын таңдал алатын талғампаздыққа және жолдастарының кемшілігін намысына тимей түзетуге үйретеді. Сұрақтар барлық оқушылардың дәптерлеріне

немесе алдын ала дайындалған параптарға жазылып, таралытуы қажет. Сұрақ саны оқушылар санына негізделіп, жасалғаны дұрыс. Төменде 25 оқушысы бар сыныпқа арналған кесте. Егер сыныпта 24 оқушы болса, онда 25-болып мұғалімнің өзі ойнауына болады. Ал егер одан да аз болса, онда кестені 20 сұрақтың етіп жасауға да болады.

### ***Енді ойынның тәртібі:***

Оқушыларға кестені алдын ала сыйзызып қойып, сабак басталысымен ішіне мұғалім дайындаған келген сұрақтарды жазғызуға немесе дайын компьютерден өткізілген кестелерді таратуға болады. Оқушылар сұрақтармен танысқаннан кейін міндетті түрде: “Сұрақтың бәрі түсінікті ме?” — деп сұрау керек. Өйткені ойын барысында түсініксіз жағдайлар тууы мүмкін. Сұрақтың бәрі түсінікті болған жағдайда, ойын басталады. Яғни оқушылар бір-бірінің дәптеріне өзі қай сұрақ-қа жауап берे алады, сол сұрақтың астына өздерінің есімдерін жазады. Әрбір оқушы әр дәптерге бір-ақ рет жазуға құқы бар. Яғни әрбір оқушы қалған 24 дәптерге өзі жауап бере алған сұрақтың астына өз есімін жазып шығады. Ол мысалы қасындағы Маржанның дәптеріне өзі жақсы білетін 2-сұрақтың астына есімін жазса, Ержанның дәптерінде ол сұрақтың астына басқа біреу атын жазып үлгерсе, ол амалсыз басқа сұрақтың астына атын жазуға мәжбүр болады. Сондықтан оқушы берілген сұрақтың бәріне үйден дайындалуға мәжбүр. Ол үшін егер сұрақтар қын болса, алдын ала осы сұрақтар маңында тапсырма беріледі. Осылай олар зыр жүгіріп, 25 сұрақтың астына 25 адамның атын тездетіп жазғызуға тырысады. Өйткені кім бұрын кестені оқушылардың толық атымен толтырса, сол — ойынның жүргізуші болады.

Оқушының атын сол оқушының өзінен басқа ешкімнің жазуына болмайды. Сонда оқушы ойын шартын сақтауға қоса үйренеді. Кесте оқушылар атымен толық толтырылғаннан кейін бірінші болып толтырған оқушы жүргізуші болып алға шығады. Қалғандарына тағы да 1—2 минут беруге болады. Ал толтырып үлгермегендегі орындарына отырады.

***Енді ойынның екінші кезеңі басталады. Жүргізуші өзінің қолындағы кесте бойынша сұрақты оқып, оның астына жазылған оқушының атын атайды. Аты аталған оқушы тұрып сұраққа жауап береді. Ал қалғандары оның жауабын тыңдалаудаң барынша сұрақтың астын сыйзады. Мысалы, бірінші сұрақтың астында Айжан тұрса, барлығы Айжанды сыйзады.***

Мысалы, жүргізушінің дәптерінде оқушылардың аты мына ретпен болуы мүмкін.

### 1-оқушының дәптерінде

Бірінші дүниежүзілік соғыстың шығу себептері	Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себепші болған оқиға	Бәрінді таңғалдыратын бір тарихи оқиға айтып бере аламын	Соғыс қашан және қалай басталды?	ХХ ғасырдың басындағы Еуропаның жағдайы
Айжан	Марат	Әсег	Сәуле	Ержан

### 2-оқушының дәптерінде басқа ретпен жазылуы мүмкін

Бірінші дүниежүзілік соғыстың шығу себептері	Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себепші болған оқиға	Бәрінді таңғалдыратын бір тарихи оқиға айтып бере аламын	Соғыс қашан және қалай басталды?	ХХ ғасырдың басындағы Еуропаның жағдайы
Марат	Сәуле	Ержан	Айжан	Әсег

Осылайша сыныптағы балалардың аты жүргізушінің аузынан шығу ретімен сыйыла береді. Төменде түсінікті болу үшін сыйылу ретін нөмірлеп қойдық.

### 3-оқушының дәптерінде тіпті басқаша болуы мүмкін

Бірінші дүниежүзілік соғыстың шығу себептері	Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себепші болған оқиға	Бәрінді таңғалдыратын бір тарихи оқиға айтып бере аламын	Соғыс қашан және қалай басталды?	ХХ ғасырдың басындағы Еуропаның жағдайы
Еділ	Марат 2	Әсег 3	Дәурен	Тұрар
Осы салынтағы балалардың ең жақсы қасиеттерін атап, соларға арналған бір өн айттып беремін	Ақпан революциясының мақсаты	Ақпан революциясының нәтижесі	1917 ж. өсекери кимылдар	Бәрінді құлдіре аламын
Ержан 5	Жазира	Дарига	Айжан 1	Сәуле 4

Аты аталған оқушы кестедегі сұраққа жауап беруі немесе кестедегі тапсырманы орындаپ, баға алуы қажет. Жауап нақты және қысқаша болуы керек. Ал орындаған жағдайда, яғни кестеге өз атын ешқандай жауапкершіліксіз жаза салған жағдайда ол оқушы өзінің тиісті бағасын алады. Бұл баға оны жауапкершілікке үйретеді.

Кестедегі тапсырма түгел бағаланады.

Қалған оқушылар дәптеріндегі оқушылар атының сыйзылуы соңғы кестедегідей не қолдененең, не тік, не ұзыннан бір сызықтың бойынан шығуы мүмкін.

Ойын соңына жеткенге дейін бірнеше рет БИНГО болуы мүмкін. Оны жоғарыда айтылғандай ұтыстармен үйымдастыруыңызға болады.

Сабактың соңында ойын барысына баға беруге және үй тапсырмасына 4–5 минут уақыт қалдырамыз. Тағы да бір айта кететін жағдай, егер оқушының жауабына сіз немесе оқушылар риза болмай, толықтыру қажет болса, оны ойын барысында толықтырып кетуге болады. Толықтырған оқушылар қосымша бағаланады. Танымдық ойын сабағын дайындығы әлсіз сынып оқушыларымен ойын өте көп уақытты алып, аяғына дейін ойнап үлгермеуіміз мүмкін. Сондықтан алғашқы кезде оңай сұрақтар арқылы оқушылардың ойнау қабілетін қалыптастырып алу қажет. Кейіннен әртүрлі сабактың түріне дағдыланған оқушылар, сабактың түрін түрлендіруге келгенде, мұғалімге үлкен көмекші бола алатын жағдайға келеді. Мұндай ойындар мектеп бағдарламасының орындалуымен бірге, оқушы бойындағы көптеген таланттарды ашуға және өз ойын қиналмай айта алатын, қазіргі заманға сай азаматтарды тәрбиелеуге көмектеседі. Қазіргі заман әрқайсысымызды білімді, күшті, рухани мәдениетті және өмірдің ағымына жылдам бейімделетін азamat болуымызды талап етеді. Бұға оқушы — Қазақстанның ертеңгі болашағы.

## 1918—1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ ШЕТЕЛДЕР

### *I нұсқа:*

1. 1918—1919 жылдардағы Еуропа картасындағы құнды өзгерістерді суреттендер. Қандай оқигалар, үдерістер осы өзгерістерге альп келді?

2. Жетіспей тұрған мәліметтерді толықтырындар.

а) Кеңес республикалары ... жылы Баварияда, ..., Словакияда орнады.

- ә) Версаль келісімінің мөтініне ... Жарғысы енгізілді (халықаралық үйімнен аты);
3. Мына белгілі тұлғалардың кімдер екеніні ажыратып беріңдер.
- а) Ф.Гейдеман.
  - ә) Дж.Неру.
  - б) М.Хорти.
  - в) Б.Кун.
  - г) В.Вильсон.
  - д) М.Кемал—Ататүрік.

### *II нұсқа:*

1. 1917 жылғы Ресейдегі революция мен 1918—1919 жылдардағы Германиядағы революцияларды салыстырыңдар. Оларға ортақ қандай себептер болды?
2. Төмендегі жылдар қай елдегі, қандай оқиғаға байланысты?
- а) 1918 ж., 3 қараша;
  - ә) 1919 ж., 28 маусым;
  - б) 1922 ж., 30 қазан.
3. Атаулар мен жылдарды сәйкестендіріндер.
- а) “Спартак” тобының құрылуы;
  - ә) “Римге саяхат”;
  - б) Азаматтың бағынбау компаниясы;
  - в) Тәуелсіз Поляк мемлекетінің құрылуы;
  - г) Монголиядағы революция.
- 1) Ю.Пилсудский;
  - 2) Б.Муссолини;
  - 3) Ф.Эберт;
  - 4) М.К.Ганди;
  - 5) А.Грамши;
  - 6) И.Пу;
  - 7) Сухэ-Батор;
  - 8) К.Либкнехт.

### *III нұсқа:*

1. 1918—1919 жылдардағы Герман революциясындағы социал-демократтар арасындағы негізгі ағымдар мен олардың көшбасшыларын атаңдар. Олардың революциядағы үстаган бағыттары немен ерекшеленді?
2. Төмендегі терминдер нені білдіреді және қай елдердің тарихымен байланысты?
- а) Веймар Республикасы;
  - ә) дуче;

- б) Азаматтық бағынбау компаниясы;  
в) репарациялар.
3. Версаль-Вашингтон жүйесінің негізін қалаған саясаткерлердің астын сызындар.
- а) П. Гинденбург;
  - ә) Ж. Клемансо;
  - б) В. Вильсон;
  - в) Г. Чичерин;
  - г) Р. Макдональд;
  - д) Д.Лойд Джордж.
  - с) У. Черчилль.

## Тақырыпқа байланысты жауаптар

### *I нұсқа:*

1. Ресей және Австро-Венгрия империяларының бөлінуі. Жаңа төуелсіз мемлекеттердің пайда болуы (Финляндия, Польша, Эстония, Латвия, Чехословакия, Югославия, т.б.). Кейбір аумақтардың қайтарылып берілуі (Элзас пен Лотарингия — Францияға, Жогарғы Силезия мен Поморьеңің бір бөлігі — Польшага). Саар облысы мен Гданьск халықаралық бақылауда. Бірінші дүниежүзілік соғыс. Ресей, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы 1917—1919 жылдардағы революциялар мен ұлт-азаттық қозғалыстардың нәтижесі.
2. а) 1919 ж. Венгрия;  
ә) Үлттар Лигасы.
3. а) Социал-демократтар оң қанатының өкілі;  
ә) Үндістан Үлттық Конгресі партиясының басшыларының бірі;  
б) Венгриядың авторитарлық режимінің басшысы, адмирал;  
в) Венгр коммунисті, Венгр Кеңес Республикасының басшыларының бірі;  
г) АҚШ президенті;  
д) Түрік революциясының көшбасшысы, Түрік Республикасының президенті.

### *II нұсқа:*

1. Жалпы себептері:
- а) елдің дамуына қажеттіліктер және оған көлденең турған әлеуметтік-экономикалық, саяси қарым-қатынастар (жартылай абсолюттік монархия, саяси құқықтар мен еркіндіктің шектелуі, полициялық режим, помешиктік жер иелену, т.б.).
  - ә) Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында халық жағдайының төмендеуі, үкіметке қарсы көніл-күйдің күшеюі;
  - б) әлеуметтік-саяси қозғалыс, саяси партиялар мен үйымдардың жұмысының жандануы;

в) билеуші режімнің дағдарысқа ұшырауы.

Ресейде революциялық жағдайда тууына империя құрамына енетін халықтардың үлт-азаттық қозғалысы да әсер етті.

2. а) Германияда революцияның басталуы;

ә) Версаль келісіміне қол қойылуы;

б) Римге саяхат. Италияда билікке фашистердің келуі.

3. а) -8; ә) -2; б) -4; в) -1; г) -7.

### ***III нұсқа:***

1. Оңшыл социал-демократтар (Ф.Эберт, Ф.Шейдеман және т.б.) және центристер (К.Каутский және т.б.) Веймар республикасының арнаап Конституция қабылданғаннан кейін революцияның аяқталуын жақтады; билікке келгеннен кейін революциялық көңіл күйдегі жұмысшылдардың қарсылығын басты; реформалық жолды тандады.

Солшыл социал-демократтар (Карл Либкнехт, Р.Люксембург және т.б.) революцияны социалистік революцияға ұштастыру арқылы, радикалды әлеуметтік-экономикалық жана құрууларға отуғе шақырып, Германия коммунистік партиясының негізін қалауды.

2. а) Германиядағы 1919 жылғы Конституцияға сәйкес құрылған республика (Веймар);

ә) италиялық фашистердің басшысы Б.Муссолини;

б) британ отаршылдарына қарсы Үндістан халқының күресінің түрі;

в) басқыншылықтан материалдық шығынды талап ету, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін репарация Германиядан және басқа женеңліген мемлекеттерден, олармен соғысқан елдердің пайдасына өндірілді.

3. ә) ; б) ; д).

## **1924—1939 ЖЫЛДАРДАҒЫ ШЕТЕЛДЕР**

### ***I нұсқа:***

1. Тұсініріндер: ХХ ғасырдың 20—30-жылдарында Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінде авторитарлық, тоталитарлық режимдердің орнауына не себеп болды? Германиядағы фашистік режим мен шығысөуропалық авторитарлық режимнің арасында қандай айырмашылықтар бар?

2. Төмендегі тұсініктер нені білдіреді және қай елдердің тарихымен байланысты:

а) изоляционизм;

ә) “жай табу” (умиротворения) саясаты;

б) “аншилюс”;

в) “бесінші колонна”;

г) “жаңа бағыт”.

- 3. Оқиғаларға байланысты саяси қайраткерлерді атандар.**
- а) Үндістандағы күш көрсетпей қарсылығы;
  - ә) Қытайдың “кенес” аудандары деп аталатын аудандарында 1931 жылы республиканың құрылуды;
  - б) Түрік Республикасының құрылуды;
  - в) Үндістан Үлттық Конгресі партиясының солшыл қанатының құрылуды.

**4. Хронологиялық қалыпқа келтіріндер.**

- а) Гитлердің рейхсканцлер болып сайлануы;
- ә) П.Гинденбургтің Германияның президенті болып сайлануы;
- б) Лейпциг үдерісі;
- в) Рейхстагтың өртенеуі.

***II нұсқа:***

- 1. 30-жылдары соғыс қаупінің негізгі көздері қандай болды? Жеке елдердің, көшбасшыларының соғысқа көзқарастарын ашып көрсетіндер.**
- 2. Жетіспей тұрған мәліметтерді толықтырындар.**
- а) 1938 жылы 29-30 қыркүйекте;
  - ә) ... жылы — Жапония Қытайга бас салды;
  - б) 1933 жылы 30 қантарда;
  - в) ... шабуыл жасаспау туралы кенес-герман келісіміне қол қойылды;
  - г) 1936—1939 жылдарда.
- 3. Төмендегі терминдер нені білдіреді және қай елдердің тарихымен байланысты:**
- а) тоталитаризм;
  - ә) Халық майданы;
  - б) “түлдену”;
  - в) “Нью-Йорк биржасының күйреуі”.
- 4. Астын сызындар.**
- а) Англиядағы бірінші лейбористік үкіметтің басшысы (Н.Чемберлен, Г.Поллит, Р.Макдоналд, У.Черчиль);
  - ә) Франциядағы бірінші Халық майданы үкіметінің басшысы (Ә.Даладье, Л.Блюм, М.Торез);
  - б) Польшадағы “санация” режимінің басшысы (И.Дашиньский, Г.Нарутович, Ю.Пилсудский).

***III нұсқа:***

- 1. Ф.Рузвелттің “Жана бағытының” мәні мен маңызы неде?**
- 2. Төмендегі есімдер мен жылдарды не байланыстырады:**
- а) 1922 қазан, 1933 қантар, 1939 наурыз;
  - ә) М.Хорти, Ю.Пилсудский, Ф.Франко;

б) 1939 жыл 23 тамыз, 1939 жыл 17 қыркүйек, 1939 жыл 28 қыркүйек;

в) Ч.Линдберг, В.Чкалов, Г.Байдуков, А.Беляков;

г) Э.Хемингуэй, Э.М.Ремарк, Р.Олдингтон.

3. Төмөндегі терминдер, атаулар қай елдің тарихымен байланысты:

а) ұлы депрессия;

ә) интербригадалар;

б) біріккен антижапониялық майдан;

в) судет мәселесі.

4. а) Г.Форд;

ә) Г.Гувер;

б) Ч.С.Чаплин;

в) Б.Ванцетти;

г) Дж.Гершвин.

#### *IV нұсқа:*

1. 1918 жылдан 1920 жылдардың басы және 1924—1939 жылдардағы Еуропа елдері тарихының негізгі мазмұны мен айырмашылықтарын атаңдар.

2. Төмөндегі сөздер қандай тарихи есімдерге байланысты айтылған:

а) дуче, фюрер;

ә) “Ататүрік”, “Махатма”.

Бұл сөздердің мағынасы қандай? Екі топтың айырмашылықтары неде?

3. Жылдардың сонына оқиғаларды жазындар:

а) 1929—1933 жж. —

ә) 1925—1927 жж. —

б) 1939 ж., 1 қыркүйек —

в) 1926 ж., мамыр, Польшада —

### **Тақырыпқа байланысты жауаптар**

#### *I нұсқа:*

1. Бұл елдердегі авторитарлық және тоталитарлық режімнің орнауына себеп болғандар:

а) бұл елдердің тарихындағы “күшті” абсолюттік өкімет дәстүрі мен демократиялық, азаматтық қоғамның дамымауы немесе мұлде жоқ болуы;

ә) буржуазияның икемділігінің төмөндігі, саяси пісіп же-тілмеуі, әлеуметтік реформаларға дайын болмауы, тіректі диктатура жасауы;

б) 1918—1919 жылдардағы революциялар, 1929—1933 жылдардағы дағдарыс, т.б. жағдайлар саяси орнықсыздықты туғызып, күшті өкіметті талап етті;

Германиядағы режім мен Шығыс Еуропа елдеріндегі режимнің айырмашылықтары:

Германияда — фашистік қозғалыс, бейбіт түрде өкімет билігіне келу, бұрынғы саяси жүйенің толық күйреуі, тоталитарлық қоғамның орнығу.

Шығыс Еуропа елдерінде әлеуметтік-саяси базаның болмауы, өкіметті билік басындағы тоңкеріс нәтижесінде тартып алу, режимнің дәстүрлі басқару институттарымен (монархия) қызметтес болуы, бұрынғы саяси жүйе элементтерінің сақталуы.

2. а) Америка континентінен тыс халықаралық қатынастарға араласпау туралы АҚШ-тың сыртқы саяси бағыты;

ә) Ұлыбритания мен Францияның 30-жылдардағы фашистік мемлекеттердің басқыншылығына қатысты саясаты;

б) Австрияның Германияға қосылуы;

в) Испаниядағы азамат соғысы кезінде Мадридтегі республикалық режимнің қарсыластары Мадридті франкистерден коргау кезінде, термин ішкі жасырын жаулар үшін қолданылған;

г) АҚШ президенті Ф.Рузвелттің жүргізген реформалар бағыты.

3. Үндістан, Қытай, т.б. мемлекеттердің жүргізген реформалары.

а) М.К.Ганди;

ә) Мао Цзэдун;

б) М.Кемал — Ататурк;

в) Дж.Неру.

## *II нұсқа:*

1. Соғыс қаупі:

а) Бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы нәтижесінде тұған қайшылықтар (женгендер мен женілгендер, ұлы және кіші мемлекеттер, аумақтық, отарлық келіспеушіліктер);

ә) 30-жылдардағы фашистік мемлекеттердің Азиядағы, Африкадағы басқыншылық реванштық саясаты;

б) Батыс державалары мен Кеңес мемлекеті арасындағы саяси қарсы тұрушылық, Батыстың КСРО-ны әлсіретуге тырысуы, КСРО-ның керісінше өзінің әскери-саяси жағдайын бекітуге тырысуы.

2. а) Мюнхен конференциясы, Чехословакияның тағдыры туралы төртжақты келісімге қол қойылуы,

ә) 1931 жыл;

б) Гитлердің Германияның рейхканцлері болып сайлануы;

в) 23 тамыз, 1939 жыл;

г) Испаниядағы азамат соғысы.

3. а) 20—30-жылдары кейбір Еуропа елдерінде орнаған антидемократиялық мемлекеттік жүйе — Италияда, Германияда:

ә) антифашистік күштердің 30-жылдарда Еуропада, Латын Америкасында бірігуі;

б) 20-жылдардың екінші жартысындағы АҚШ-тағы экономиканың бірқалыпта келуі;

в) 1929 жыл — дүниежүзілік саяси дағдарыстың басталуы.

4. а) Р.Макдональд;  
    в) Л.Блюм;  
    б) Ю.Пилсудский.

### ***III нұсқа:***

1. Ф.Рузвельт “жаңа бағыты” реформалардың көмегімен 1929—1933 жылдардағы дағдарыстың қызыншылықтарын жойып, революциялық жарылысты болғызбау. Сыркәт қоғамды құтқару үшін Рузвельт ірі экономикалық, әлеуметтік және саяси эксперимент жүргізді. Монополистердің қатысуымен индустрияның барлық салаларында “адал бөсеке кодекстері” жасалды. Олар өндіріс көлемін, өнім бағасын, жалақы мөлшерін белгілеп, тауар өткізетінрынокты реттеді.

Жаңа бағыттың маңызы — мемлекет тараапынан кең көлемде экономиканы реттеу, дағдарыстан әлеуметтік ымыра негізінде шығу, АҚШ-та демократиялық жүйені сақтап қалу.

2. а) Италияда, Германияда, Испанияда фашистік күштердің билікке келу жылдары;
- в) 20—30-жылдары Еуропада диктаторлық режимді баскарған әскерилер;
  - б) кенес-герман дипломатиялық және әскери-саяси қатынастарының негізгі жыл-деректері;
  - в) 1930 жылдары алысқа үшудан рекорд жасаған үшқыштар;
  - г) өздерінің еңбектерін Бірінші дүниежүзілік соғыс оқиғаларына арнаған “жоғалған үрпак” жазушылары.
3. а) 1929—1933 жылдардағы АҚШ-тағы дағдарыс;
- в) Испаниядағы азамат соғысы кезіндегі респубикалық үкімет жағында соғысқан көпүлтті (интернационалдық) бөлімдер;
  - б) 30-жылдарда Қытайда партиялар мен қозғалыстардың бірігі;
  - в) Чехословакияның судеттік немістері туралы мәселе, мұны Гитлер осы ел аумағының бір бөлігін жаулап алу үшін пайдаланды.
4. а) АҚШ-тағы автокөлік құрылышының негізін қалаушы;
- в) АҚШ президенті;
  - б) ұлы киноактер және режиссер;
  - в) жалған айыппен өлім жазасынан кесілген жұмысшы;
  - г) атақты композитор.

### ***IV нұсқа:***

1. 1918—1920 жылдардың басында Еуропаны қамтыған революция толқыны. Негізгі оқиғалар мен процестер: Ресей, Австро-Венгрия, Германия империяларының күйреуі; жаңа төуелсіз мемлекеттердің пайда болуы; ұлт-азаттық және әлеуметтік мазмұндары аралас революциялар. 1918—1919 жылдардағы революциялардың үдеуі, социалистік республикалардың орнауы (Бавария, Венгрия, Словакия). 1919 жылдың аяғы 20-жылдың басы — революцияның бәсендеуі, реакциялық күштердің өсуі, фашизмнің пайда болуы (Италия 1924—1939 жылдар).

а) 1924—1928 жылдар экономиканың бір қалыпқа келуі, өндірістің жаңа салаларының дамуы, “жаппай өндіріс” және “жаппай қоғам”;

ә) 1929—1933 жылдар — дүниежүзілік экономикалық дағдарыс; тарихи таңдау.

б) реформалар, әлеуметтік ымыра немесе күшті өкімет.

Бірінші таңдаудың мысалы — Ф.Рузвелттің “Жаңа бағыты”, екінші таңдаудың мысалы — Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы авторитарлық және тотаритарлық режимдердің орнауы. Фашистік мемлекеттердің басқыншылық, реваншистік саясатының етек алуы; әскери қауіптің өсуі.

2. Б.Муссолини, А.Гитлер, М.Кемал, М.К.Ганди;

а) Бірінші топ өкілдері “көсем” титулын иемденушілер, олардың қозғалыстар мен режимдерінің өктемдік мінезін көрсетеді.

ә) Екінші топ өкілдері тарихи тұлғалардың рухани бастауларын, олардың адам жаңының көшбасшылары болғандығын “туріктер өкесі”, “ұлы жанды” деген атаулардан көргө болады.

3. а) дүниежүзілік экономикалық дағдарыс;

ә) Қытайдағы революция;

б) Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы;

в) Польшада “санациялық” режимнің орнауы.

## МАЗМУНЫ

АЛҒЫ СӨЗ .....	3
<b>I тарау. ХХ ғасырдың басындағы дүние жүзі</b>	
§ 1. Еуропа елдері .....	6
§ 2. Еуропадан тыскары дүниежүзі. Азия елдері. ....	9
§ 3. ХХ ғасырдың басындағы халықаралық қатынастардың шиеленісі .....	12
§ 4. Бірінші дүниежүзілік соғыс .....	17
§ 5. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы саяси-әлеуметтік дағдарыстар .....	20
<b>II тарау. Соғыстан кейінгі дүниежүзі (1918—1939 ж.)</b>	
§ 6. Версаль-Вашингтон жүйесі .....	25
§ 7. Демократиялық толқындардың жетістіктері мен бәсендешеуде .....	29
§ 8. Жаңа мемлекеттердің құрылуы .....	32
§ 9. КСРО-да тоталитарлық жүйенің қалыптасуы .....	35
§ 10. 1929—1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарысы .....	39
§ 11. АҚШ: “Жаңа бағыт” саясаты .....	42
§ 12. 1918—1939 жылдардағы Латын Америкасы елдері .....	46
§ 13. Ұлыбритания мен Канада соғысаралық кезенде .....	48
§ 14. Франция және Испания. Халықтық майдан .....	50
§ 15. Италия мен Германиядағы фашизм .....	53
§ 16. Жапония .....	57
§ 17. Қытай. Монголия .....	59
§ 18—19. Оңтүстік-Шығыс Азия елдері. Үндістан .....	62
§ 20. Иран. Ауғанстан. Түркия .....	65
§ 21—22. Тропиктік және Оңтүстік Африка елдері. ...	69
<b>III тарау. Екінші дүниежүзілік соғыс (1939—1945 ж.)</b>	
§ 23—24. Өлем Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында. Екінші дүние жүзілік соғыстың басталуы .....	73
§ 25. Германияның КСРО-ға шабуылы және Тынық мұхит соғысы .	77
§ 26. Антифашисттік коалицияның құрылуы. Германия мен Жапонияның тізе бүгү .....	80
§ 27. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы. Қырым-Потсдам жүйесі. Біріккен Үлттар Ұйымын құру.....	83
§ 28. ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы белім мен мәдениеттің дамуы .....	87
Викторина .....	91
Аукцион-сабак .....	95
Бақылау-қайталау сабабы .....	98
Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Ресей (қайталау сабабы) .....	106
1918—1923 жылдардағы шетелдер .....	110
1924—1939 жылдардағы шетелдер .....	113

*Учебно-методическое издание*

**Ашимова Бейбитгуль  
Досболатова Улбосын  
Аманкулова Шолпан**

## **ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ**

### **Методическое руководство**

Пособие для учителей 10 классов общественно-гуманитарного  
направления общеобразовательных школ  
(на казахском языке)

Второе издание, переработанное

Редакторы *Е. Жақыпов*  
Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатаев*  
Техникалық редакторы *А. Садуакасова*  
Корректоры *Ж. Баймагамбетова*  
Компьютерде теріп, беттеген *А. Ахметханқызы*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім жөне ғылым  
министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы  
2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 2564

Басуга 02.07.10 қол қойылды. Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>. Қағазы  
офсеттік. Карп түрі “Школьная”. Офсеттік басылым. Шартты баспа  
табагы 6,30. Шартты бояулұ беттанбасы 6,41. Есептік баспа  
табагы 6,19. Таралымы 3 000дана. Тапсырыс № .

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй  
Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.  
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.  
E-mail: [mektep@mail.ru](mailto:mektep@mail.ru)  
Web-site: [www.mektep.kz](http://www.mektep.kz)